

**Н.Т. Жайнақбаев
С.Ф. Беркінбаев**

**ДӘРІГЕРДІҢ
ДИАГНОСТИКАЛЫҚ
АНЫҚТАМАСЫ**

**жылжымалы медициналық
кешен дәрігеріне арналған**

Алматы 2013ж.

УДК 614 (035)
ББК 51.1 (5 каз)
Ж 40

Пікір жазғандар:

медицинағы ғылымдарының докторы, профессор С.Ф Беркінбаев.
медицинағы ғылымдарының докторы, профессор Г.В Шокарева.

Н.Т. Жайнақбаев

Жылжымалы медициналық кешен дәрігеріне арналған,
дәрігердін диагностикалық анықтамасы:

Н.Т. Жайнақбаев – Алматы: Қазақстан-Ресей медициналық
университеті, 2013ж.

ISBN 9965-762-22-8

Кітапта жылжымалы медициналық кешен, олардың құрылымы, жабдықталуы, статистикалық есебінің құрылу реті, КР денсаулық сактау Министрлігімен бекітілген штаттық нормативтер қызметтінің ұйымдастырылуы бойынша негізгі сұраптар айқын көрсетілген. Эртүрлі жас кезеңдеріне қарай тұрғындардың максатты тобына профилактикалық және скринингтік медициналық бакылауды өткізу ережелері көрсетілген.

Медицина саласындағы, заманауи ғылыми жетістіктерге сәйкес, жылжымалы медицина кешен дәрігерінің тәжірибесінде кездескен негізгі ауруларға диагностикасы бойынша ұсыныс берілген.

Төтенше жағдайлар кезіндегі жұмыс материалдары (табиги, техногенді, эпидемиологиялық апаттар) бөлімінде жаракаттарды,

көрсетілген. Кітаптың орталық тема - молдметтерлердің Қазақстандағы

Молдметтерлердің қарастырылған көзделердің аурулар, сүйек-буын жиесі - ауруларның көмек - реңтеваналығының имптоматикасы болып көрсетілген.

Кітап жылжымалы кешен дәрігерлерін, ғалпы тәжірибе арналған жағдайлардағы молдметтерлердің медициналық оку орнының морындағы жағдайлардың анықтамасын міндеттес анықтайды.

№

19991

УДК 614 (035)
ББК 51.1 (5 каз)я2

....., 2013

ҚР Денсаулық сактау министрлігінің 2011 жылдың «11» наурызының № 128 бүйріғымен бекітілген

Жылжымалы медициналық кешеннің іс-әрекетін ұйымдастыру нұсқауы

1. Жалпы ережелер

1. Бұл Нұсқау Қазақстан Республикасының тұрғындарына, әсіресе шалғайдағы елді мекен тұрғындарына медициналық көмек көрсететін жылжымалы медициналық кешеннің бірыңғай талаптарын, сонымен қатар кешеннің маマンдар құрамына, қызметтік міндеттерін және материалдық - техникалық жабдықталуы талаптарын көрсетеді.

2. Жылжымалы медициналық кешен – арнайы автокөлікте орналастырылған мобиЛЬДІ медицина тобынан (бригадасынан) құрылған амбулаториялық емханалық кешен. Ол төмендегідей жұмыстарды жүргізеді:

1)Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің 2009 жылдың 10 караашасындағы №685 «Тұрғындардың мақсатты топтарын профилактикалық медициналық тексеруден өткізу Ережесін бекіту туралы» (нормативті құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу Реестрінде №5918 номерімен тіркелген) (әрі қарай - №685 бұйрық) бұйрығына сәйкес профилактикалық медициналық тексеру (скрининг) жүргізу;

2)созылмалы ауру түрімен ауырыратын науқас адамдарды ауруханаға жатқызу үшін диспансерлік тексеруден өткізу;

3)салалық мамандардың жоспарлы кеңестік - диагностикалық медициналық көмек көрсетуін қамтамасыз етеді;

4)диагностикалық және зертханалық тексеру;

5)төтенше жағдайлар кезінде (табиғи және техногенді сипаттағы апаттар) ауруханага дейінгі жедел медициналық көмек көрсету;

6)ауыл тұрғындарын дәрі - дәрмектермен қамтамасыз ету және амбулаториялық емдеу деңгейінде бекітілген тізім бойынша науқастарға дәрі-

дәрмектерді ақысыз және жеңілдіктермен беру;

7) салауатты өмір салтын насихаттау және қалыптастыру;

8) аумақтық деңгейдегі ЖМК-нің іс-әрекетін үйлестіретін (іс - әрекетін қамтамасыз ету, жабдықтау, мамандарман қамтамасыз ету және т.б.), денсаулық сақтау ұйымдарын (әрі қарай-үйлестіруші орталық) мемлекеттік денсаулық сақтау басқармасының жергілікті органдары айқындайды.

2. Жылжымалы медициналық кешендердің іс - әрекетін ұйымдастыру талаптары

ЖМК-нің құрылымы (кабинеттер):

1) жалпы қабылдау және қызметтік диагностика кабинеті;

2) гинеколог кабинеті;

3) хирург, офтальмолог және отоларинголог кабинеті;

4) зертханалық диагностика кабинеті;

5) рентген кабинеті;

6) стоматолог кабинеті;

7) дәріханалық бекет

5. Жалпы қабылдау және ауру түрін анықтау (диагностика) кабинеті мыналарга арналған:

1)қан айналымы, эндокринді ауруларды алдын ала анықтау мен олардың асқынуының, жүрек - қан тамырлары ауруларының алдын алу;

2)тыныс алу, ас қорыту, зэр шығару және эндокринді жүйелердің, қан және қан қан өндіретін ағзалар мен басқа да ағзалар мен жүйелердің ауруларын анықтау;

3)ем тағайындау және оны түзету;

4)қажет болған жағдайда салалық мамандар кеңесін өткізу және диагностикалық зерттеу нәтижелерін түсіндіру үшін аудандық, облыстық деңгейдегі медициналық орталықпен өзара байланысты қамтамасыз ету;

5)төтенше жағдайлар кезінде медициналық сұрыптау мен көшіруді үйымдастыру;

6)салауатты өмір салтын қалыптастыру және насихаттау.

6.Гинеколог кабинеті мыналарға арналған:

жатыр мойнының, сүт безінің ісікалды және ісік ауруларын алдын ала анықтау скринингін жүргізу;

әйелдердің бала босануға байланысты ауруларын анықтау, кеңестік-диагностикалық медициналық көмек көрсету,ем тағайындау;

қажет болған жағдайда жедел акушерлік гинекологиялық көрсетеу;

ұрпақ өрбіту сұраптары бойынша салауатты өмір салтын қалыптастыру және насиҳаттау.

7.Хирургтің кабинеті (оториноларинголог, офтальмолог) мыналарға арналған:

ісіктің орналасқан жерін (қуықасты безінің обыры, тік ішек обыры) алдын ала анықтау;

көру, есту ағзалары мен жоғарғы тыныс алу жолдары ауруларының диагностикасы мен профилактикасы;

амбулаториялық хирургиялық операциялар жасау;

төтенше жағдайлар кезінде жедел травматологиялық және хирургиялық көмек көрсетеу;

салауатты өмір салтын қалыптастыру және насиҳаттау.

8.Зертханалық диагностика кабинеті мыналарға арналған:

қант диабетін (қандағы глюкоза деңгейін анықтау), қан айналымы ауруларын (қандағы холестерин, триглецирид деңгейін анықтау), колоректальды обыр

(үлкен дәреттегі жасырын қанға тест) ауруларын алдын ала анықтау скринингін жасау;

жұқпалы гепатитті анықтау скринингін жасау (биохимиялық зерттеулер) және ЖМК мамандарының тағайындауымен басқа да клиникалық және биохимиялық зерттеулер жүргізу.

9.Рентген кабинеті мыналарға арналған:

сүт безінің ісікалды және ісік ауруларын алдын ала анықтау скринингін жасау;

туберкулез, өкпе обыры және басқа да созылмалы өкпе ауруларының диагностикасы;

жедел медициналық көмек көрсету жағдайында түрлі жарақаттардың диагностикасын жасау;

10.Стоматологтың кабинеті ақысыз медициналық көмектің кепілді көлемінде балалар мен ересектерге стоматологиялық көмек көрсетуге арналған (сауықтыру, диагностика, емдеу).

11.Дәріханалық дәрі - дәрмектер қолжетімділігін қамтамасыз етуге арналған, ол сонымен қатар кепілді

ақысыз медициналық көмек көлемінде жеңілдікпен амбулаториялық емдеуді дәрі - дәрмектермен қамтамасыз етеді.

12.ЖМКбасшысы(ЖМКбасшысының қызметтік міндеттерін орындау терапевт дәрігерге немесе жалпы тәжірибедегі дәрігерге жүктелуі мүмкін):

1) Скринингтің барлық қатысушылары – мемлекеттік денсаулық сақтау басқармасының жергілікті ұйымдарының (әрі қарай – Басқарма), Үйлестіруші орталық, ауданның орталық ауруханасы, жергілікті атқарушы билік органдары, бастапқы медициналық-санитарлық көмек көрсету ұйымдары (әрі қарай – БМСК) мен тұрғындардың мақсатты топтарын үйлестіріп, олардың арасындағы өзара жалғастықты қамтамасыз етеді;

2) Үйлестіруші орталық пен аудандық аурухана басшылықтарымен келісе отырып, ЖМК - нің жұмыс жоспарын құрады, оның орындалуына мониторинг жүргізеді;

3) ЖМК ауқымындағы аймақтарда скринингтің орындалуына мониторг жүргізін, аудандық емхана мен үйлестіруші орталыққа ай сайын есеп беріп отырады;

4)ЖМК - нің мамандармен және материалдық - техникалық жағынан қамтамасыз етілуіне бақылау жүргізіп отырады;

5)ЖМК-нің жұмысын жергілікті орташа және кіші медициналық мамандарды тарта отырып ұйымдастырады;

6)ауылдық жерлер мен шалғайдағы елді мекендерде көшпелі скрининг жасауда кездесетін ұйымдастыру және басқа да проблемаларды шешеді;

7)көрсетілген медициналық қызмет, оның ішінде жасалынған скрининг-ке қатысты медициналық есептік құжаттарды қалыптастырады;

8)төтенше жағдайлар кезінде емдік, зардал шеккендерді іріктеуді ұйымдастырады.

13.ЖМК-нің терапевт дәрігері (жалпы тәжірибе дәрігері):

1)кан айналымы жүйесінің ауруларын (артериалды гипертония және жүректің ишемиялық ауруы), қант диабетін және оның асқыну қаупін алдын ала анықтау скринингін жүргізеді, сонымен қатар тұрғындардың мақсатты тобына скрининг жүргізуде арнайы нормативті актілерге сай жүргізеді;

2)электрокардиография (әрі қарай - ЭКГ) жасайды және оны талдайды;

3)ішперде қуысы ағзаларының (баяуыр, өт, үйқы безі, бүйрек) қалқанша безіне ультрадыбыстық (әрі қарай - УДЗ) зерттеу жүргізеді;

4)ЖМК-нің зертханалық - диагностикалық ресурстарын пайдалана отырып, созылмалы науқастарды диспансеризациялауды реттейтін нормативті актілеріне сай диспансер тобындағы адамдарға кеңестік - диагностикалық көмек көрсетеді;

5)қажет болған жағдайда ем тағайындейдьы, оны түзетеді, сонымен қатар аудандық, облыстық емханаларда телемедицина мүмкіндіктерін пайдалана отырып, толық тексеруден өтуге және емдеу әдісін анықтауға жібереді;

6)скринингтің орындалуына байланысты проблемаларды анықтайды;

7)анықталған науқастарды емдеу әдістерін анықтауға тікелей қатысады;

8)төтенше жағдайлар кезінде және басқа да жағдайларда жедел медициналық көмек көрсетеді;

9)жепілді ақысыз медициналық көмек көлемінде амбулаториялық денгейде

акысыз және жеңілдетілген түрде дәрі-дәрмектерге рецепт жазып береді;

10) көрсетілген медициналық қызметтерге, оның ішінде жүргізілген скринингке сай бекітілген есептік медициналық құжаттарды толтырады.

14.ЖМК - нің акушер - гинеколог дәрігері:

1)ЖМК-нің аумағында жатыр мойнының ісікалды және ісік аурауларын алдын ала анықтау скринингін жүргізеді;

2)тұрғындардың мақсатты тобындағы әйелдерді бастапқы тексеруден өткізу – гинекологиялық тексеруден өткізіп, Папаниколау – Pap - тест бойынша цитологиялық зерттеуге материал жи-найды;

3)өздеріне жіберілген әйелдердің бала туу мүмкіндігін тексереді;

4)кіші жамбас (жатыр, қуық) ағзаларының, сүт безінің кольпоскопия және УДЗ көрсеткіштері бойынша маммо-граммалық оқиды және оларды BI-RADS класификациясы бойынша түсіндіреді;

5)сүт бездеріндегі ісік дергтерін анықтау үшін тексереді;

6)жедел акушерлік - гинекологиялық көмек көрсетеді;

7)аяғы ауыр әйелдердің, босану және

босанғаннан кейінгі диспансердегі топтарына тексерулер жүргізеді;

8) қажет болған жағдайда ем тағайындаиды, сонымен қатар аудандық, облыстық емханаларда телемедицина мүмкіндіктерін пайдалана отырып, толық тексеруден өтуге және емдеу әдісін анықтауға жібереді;

9) үйлестіруші орталықтың басшысына және облыстың бас акушер - гинекологына скринингті орындауға байланысты туындаған проблемалар туралы мәлімет беріп отырады;

10) ұрпақ өрбіту мәселесі бойынша ауруларды анықтау тәсілін енгізуге тікелей қатысады;

11) көрсетілген медициналық қызметтерге, оның ішінде жасалынған скринингке байланысты бекітілген есептік медициналық құжаттарды толтырады.

15. ЖМК - нің хирург дәрігері:

1) еркекбезі және тік ішектің онкологиялық ауруларын алдын ала анықтау скринингін үйлестіреді;

2) скрининг жүргізуді реттейтін нормативті құқықты актілеріне сай өзіне жіберілген тұрғындардың мақсатты тобын бастапқы тексеруден өткізеді;

3) тексеруге жіберілген науқастарға

арнайы кеңестік - диагностика койылып, медициналық көмек көрсетеді;

4)қажет болған жағдайда ем тағайындауды, сонымен қатар аудандық, облыстық емханаларда телемедицина мүмкіндіктерін пайдалана отырып, толық тексеруден өтуғе және емдеу әдісін анықтауға жібереді;

5)амбулаториялық хирургиялық операциялар жасайды;

6)хирургиялық дерті бар науқастар емдеу әдісін анықтауға тікелей қатысады;

7)ем тағайындауды және оған түзетулер жасайды;

8)асқынған хирургиялық дерті бар науқастардың ішкі ағзаларына УДЗ жасайды;

9)хирургиялық және травматологиялық жедел көмек көрсетеді;

10)көрсетілген медициналық қызметтерге, оның ішінде жасалынған скринингке байланысты бекітілген есептік медициналық құжаттар толтырады.

16. ЖМК - нің отоларинголог дәрігері:

1)келген науқастарға кеңестік-диагностикалық медициналық көмек көрсетеді;

2)қажет болған жағдайда ЖМК-нің

зертханалық - диагностикалық ресурстарын пайдалана отырып, науқастарды толық тексеруден өткізеді немесе оларды аудандық, облыстық емханаларға телемедицина мүмкіндіктерін пайдаланып, тексеруге жібереді;

3)амбулаториялық отоларингориялық операциялар жасайды;

4)отоларингориялық дерті бар науқастарды емдеу әдісін анықтайды;

5)көрсетілген медициналық қызметтерге, оның ішінде жасалынған скринингке байланысты бекітілген есептік медициналық құжаттарды толтырады.

17. ЖМК - нің офтальмолог дәрігері:

1)ЖМК аумағындағы тұрғындардың мақсатты тобындағы адамдарға глаукома ауруын алдын ала анықтау скринингін жүргізеді;

2) келген науқастарды тексереді және кеңестік - диагностикалық медициналық көмек көрсетеді;

3)ем тағайындаиды және оған түзетулер енгізеді;

4)қажет болған жағдайда ЖМК-нің зертханалық-диагностикалық ресурстарын пайдалана отырып, науқастарды толық-тексеруден өткізеді немесе оларды аудандық, облыстық емханаларға

телемедицина мүмкіндіктерін пайдаланып, тексеруге жібереді;

5)көрү ағзаларында дерті бар науқастарды емдеу әдісін анықтауға тікелей қатысады;

6)көрсетілген медициналық қызметтерге, оның ішінде жасалынған скринингке байланысты бекітілген есептік медициналық құжаттарды толтырады.

18. ЖМК - нің лаборант дәрігері / лаборанты:

1)скрининг кезінде зертханалық тексеруден өтүге шақырылған және одан өткен адамдарды тіркейді;

2)қан айналымы ауруларын (қандағы холестерин, триглінерид денгейін анықтау), қант диабетін (қандағы глюкоза денгейін анықтау), колоректальды обыр (үлкен дәреттегі жасырын қанға тест) ауруларын алдын ала анықтау скринингі аумағында зертханалық зерттеулер жүргізеді;

3)жұқпалы гепатитті анықтау скринингін жасау (биохимиялық зерттеулер) және ЖМК мамандарының тағайындауымен басқа да клиникалық және биохимиялық зерттеулер жүргізеді;

4)көрсетілген зертханалық зерттеулер бойынша бекітілген есептік медициналық құжаттарды толтырады.

19.ЖМК - нің рентгенологы / рентген - лаборанты:

1)сүт безінің (маммографиылық скринингін), өкпенің ісікалды және ісік ауруларын алдын ала анықтау скринингін жүргізеді;

2)тұрғындардың мақсатты тобындағы әйелдерді бастапқы тексеруден өткізеді екі сүт безіне екі жақты (тіке және жана-ма) маммографиялық зерттеу жүргізеді;

3)уақытша рентгенологиялық архив жасалып, рентгенограммалардың сакталуын қамтамасыз етеді;

4)корсеткіштер мен дәрігер ұсыныста-ры бойынша қосымща рентгенологиялық зерттеулер жүргізеді;

5)қажет болған жағдайда науқастарды толық тексеруден өткізеді немесе оларды аудандық, облыстық емханаларға телемедицина мүмкіндіктерін пайдаланып, тексеруге жібереді;

6)рентген түсірілімдерін тез табу үшін және Үйдеңірүшті орталық архивіне жіберу үшін анықтамалық журнал жүргізеді.

7)көрсетілген медициналық қызметтерге, оның ішіндегі жасалынған скри-

нингке байланысты бекітілген есептік медициналық құжаттарды толтырады.

20. ЖМК - нің стоматолог дәрігері:

1) кепілді ақысыз медициналық көмек көрсету көлемінде ересектер мен балаларға стоматологиялық көмек (сауықтыру, диагностика, емдеу) көрсетеді:

алдына келген науқастарға бастапқы диагностика;

балалар мен жасөспірімдерді гигиенаға үйрету, тәрбиелеу, кариестің және оның асқынуының алдын алу;

тіс - жақ жүйесі аномалиясының алдын алу үшін профилактикалық және түсіндіретін жұмыстар жүргізу.

2) көрсетілген медициналық қызметтерге, оның ішінде жасалынған скринингке байланысты бекітілген есептік медициналық құжаттарды толтырады.

21. ЖМК - нің дәріханасының провизор / фармацевті:

1) кепілді ақысыз медициналық көмек көлемінде аурулардың бекітілген тізімі бойынша ақысыз және женілдікпен амбулаториялық емдеуді дәрі - дәрмектермен қамтамасыз етеді;

2)ақысыз және жеңілдікпен берілетін дәрі - дәрмектерге есептік құжаттаманы толтырады;

3)ақысыз, жеңілдікпен берілетін және сатуға жіберілетін дәрі - дәрмектердің есептік құжаттамасын жүргізеді.

22.ЖМК - нің орта медицина қызметкері (ЖМК қызмет көрсететін аймақтағы елді мекеннің МЖКТ ұйымынан тартылған):

1)қызмет көрсететін территория аумағында тіркелген тұрғындардың ішінен скринингтен өтетін адамдардың тізімін жасайды;

2)тіркелген тұрғындардың ішінен скринингтен өтуге тиіс топтың адамдарының мекенжайына хабарламалар жібереді;

3)ЖМК-нің нақты елді мекендегі жұмыс кестесіне сай скринингтен өтуі тиіс адамдар салалық мамандардың тексеру уақыты мен кестесін анықтайды;

4)ЖМК келгенше ауруларды (қан айналымы жүйелері, жатыр мойнының және сүт безінің обыры) алдын ала анықтау скринингінің бастапқы кезеңін жүргізеді және олардың мәліметтерін

скрининг жүргізу туралы денсаулық сақтау саласының өкілетті үйымы бекіткен нұсқауына сай 025-08/у формасына енгізеді;

5) скринингке шакырылған және одан өткен адамдарды және ЖМК - де кеңестік - диагностикалық қызметін алған адамдарды тіркейді;

6) ЖМК мамандарына диагностикалық және зертханалық зерттеулер жүргізуде көмек көрсетеді;

7) өткізілген скрининг нәтижелері бойынша ауру қаупі бар топ тұрғындарына мониторинг жүргізіп, қалыптастырады;

8) салауатты өмірсалтын қалыптастыру мамандарымен бірігіп, ауру қаупі бар адамдарды және науқастарды профилактика, салауатты өмір салтын қалыптастыру әдісімен оқытады;

9) қажет болған жағдайда сала бойынша денсаулық мектептеріне жібереді;

10) көрсетілген медициналық қызметтерге, оның ішінде жасалынған скринингке байланысты бекітілген есептік медициналық құжаттарды толтырады.

3.Статистикалық есеп беруді қалыптастыру тәртібі

23.Белгілі елді мекендердегі ЖМК-нің жұмысы аяқталғаннан кейін МЖКТ ұйымының орташа медициналық қызметкері көрсетілген медициналық қызметтерге және өткізілген скрининг-ке сай дәрігерлік амбулаторияның жалпы тәжірибе дәрігеріне, ол болмаған жағдайда аудандық емханаға (025-08) есептік формаларын толтырып жібереді.

24.Жалпы тәжірибе дәрігері көрсетілген медициналық қызметтердің нәтижелерінің деректерін аудандық емханаға жібереді, сонымен қатар амбулаториялық науқастың профилактикалық медициналық тексеруінің (025-08) статистикалық картасын толтырып, электронды деректер базасына енгізеді және ол деректер ай сайын аудандық емханада жинақталады.

25.Аудандық емхананың қызметі:

ЖМК көрсеткен медициналық қызмет, оның ішінде өткізілген скрининг нәтижелері туралы деректер жиынтығы; скрининг деректері жинақталған электронды база ай сайын аумақтық медициналық ақпараттық - аналитикалық

орталыққа есептік кезеңнен кейінгі айдың 1-не дейін жіберіледі;

аудандық салауатты өмір салтын қалыптастыру орталығымен, аудандық штаттан тыс салалық мамандармен біріге отырып, өткізілген скринингтердің барлық деректері қамтылған ай сайынғы анализі Басқармаға жіберіледі;

өткізілетін скринингтің сапасы мен ұйымдастырылуын, сонымен қатар басқа да кеңестік - диагностикалық және емдік қызметтерді жақсарту бойынша шешімдер қабылдайды.

26. Аумақтық медицина ақпараттық-талдау орталығы тоқсан сайын скрининг бойынша деректер жиынтығын облыстық салауатты өмір салтын қалыптастыру орталығына және Басқармаға беріп отырады.

27. Салауатты өмір салтын қалыптастыру қызметі (аудандық, облыстық салауатты өмір салты орталықтары) штаттан тыс салалық мамандармен бірігіп, өткізілген барлық скринингтердің мониторингі мен талдауын жасайды және оның деректерін Басқармаға және аудандық емханаға тапсырады.

28. Үйлестіруші орталық толық үйлестіру жұмыстарын жүргізеді, көрсетілген медициналық қызметтер (қызмет көрсетілген науқастардың, кеңес, диагностикалық және зертханалық қызметтер, өткізілген телекенестер саны) жиынтығын жасайды және ол деректерді Басқармаға тапсырады.

29. ЖМК-нің кабинеттерін материалды - техникалық жабдықтау осы Нұсқаудың 1 Қосымшасына сай жүргізіледі.

30. Жылжымалы медициналық кешенің штатты нормативтері осы Нұсқаудың 2 Қосымшасына сай анықталады.

Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің «11» наурыз 2011 ж № 128 бұйрығымен бекітілген жылжымалы медициналық кешендердің іс-әрекетін үйімдастыру туралы Нұсқауға №1 Қосымша

№	Атауы
Жалпы қабылдау және функциональды диагностика кабинеті	
1	Бейнелі принтермен 4 тетікті шағын портативті УДЗ сканері
2	Электрокардиограф
3	Фонедоскоп
4	Тонометр (көздің ішкі кысымын өлшейтін аспап)
5	Бойды өлшейтін аспап
6	Сантиметрлік лента
7	Электронды таразы

8	Жеке компьютер мен принтер
9	Үстел, орындық
10	Медициналық тақтай төсек
11	Медициналық құжаттар сақтайтын стеллаж

Гинеколог кабинеті

1	Гинекологиялық кресло
2	Бейнетаспалы кольпоскоп
3	Бойды өлшейтін аспап, санитиметрлік лента
4	Электронды таразы
5	Жеке компьютер мен принтер
6	Үстел, орындық
7	Медициналық тақтай төсек
8	Микропрепараттар мұрағаты

Хирург кабинеті (офтальмолог, отоларинголог)

1	Тура көрсететін офтальмоскоп
2	Контактысыз компьютерленген, телевизиялық мониторымен көз тонометрі

3	Хирургиялық жиынтық (кіші)
4	Ректальды айна
5	Ректороманоскоп
6	Тану үстелі
7	Иммобилизацияға арналған көлік дәңгелектері
8	Отоларинголог дәрігерінің жиынтығы
9	Мандай рефлекторы
10	Офтальмолог жиынтығы
11	Көру жітілігі мен гүс айыру кестесі
12	Жеке компьютер мен принтер
13	Үстел мен орындықтар
14	Медициналық тақтай төсек

Зертханалық диагностика кабинеті

1	Автоматты гематологиялық анализатор
2	Қан көрсеткіштерін тексеретін биохимиялық экспресс-анализатор
3	Дәрет анализаторы
4	Жеке компьютер мен принтер

5	Үстел мен орындықтар
6	Медициналық тактай төсек

Рентген кабинеті

1	Сандық рентген аппараты (маммограф)
2	Үстел мен орындықтар
3	Жеке компьютер мен принтер

Стоматолог кабинеті

1	Стоматологиялық кресло
2	Стоматологиялық қондырғы

Дәріханалық бекет

1	Дәріханалық жабдық
2	Дәрі-дәрмектер сактайтын мұздатқыш

Жылжымалы медициналық кешендердің іс - әрекетін ұйымдастыру бойынша 2 Нұсқауда қарастырылған жағдайларға қайши келмеген жағдайда мемлекеттік денсаулық сактау басқармасының жергілікті органдарының шешімі бойынша бұл тізім кеңейтілуі мүмкін.

Қазақстан Республикасы Денсаулық сактау министрлігінің бүйрүғымен бекітілген жылжымалы медициналық кешендердің іс-әрекетін үйымдастыру туралы Нұсқауға №2 Қосымша «11» наурыз 2011ж.

Жылжымалы медициналық кешенің штаттық нормативтері

№	Қызметтер атауы	Саны
Жылжымалы бригаданың құрамы (бір ЖМК-де кемінде екі адамнан)		
1	ЖМК басшысы	1 орын
2	Терапевт/жалпы тәжірибе дәрігері	1 орын

3	Хирург	1 орын (сұранысқа қарай отоларинголог, офтальмолог дәрігерлермен ауыстырылуы мүмкін)
4	Акушер-гинеколог	1 орын
5	Рентгенолог дәрігер/рентген-лаборант	1 орын
6	Стоматолог дәрігер	1 орын

7	Лаборант дәрігер	1 орын (экспресс диагностика әдістерін менгерген лаборантпен ауыстырылуы мүмкін)
8	Кызметтік диагностика дәрігери (УДЗ)	1 орын, УДЗ – дін тілін білмеген жағдайда терапевтпен/жалпы тәжірибе дәрігерімен, хирургпен, акушер - гинекологпен ауыстырылуы мүмкін
9	Провизор (фармацевт)	1 орын
10	Жұргізуші	2 орын
11	ЖМК инженері	1 орын

Ескерту:

1) орташа медициналық қызметкерлер мен санитарлар ЖМК мамандары тексеру жүргізін жатқан елді мекендердің тұрғындары арасынан тартылады.

2) қажет болған жағдайда жылжымалы бригаданың құрамы аудандық аурухана немесе емхананың (мамандар құрамы мен тұрғындардың ауру құрылымына байланысты) басқа мамандарымен аустырылуы мүмкін;

3) ЖМК жұмыс тәртібін үйлестіруші орталық мемлекеттік денсаулық сақтаудың жергілікті органдарымен келісе отырып, аумақтың, ая - райы жағдайларының және басқа да көрсеткіштерін ескере отырып анықтайды.

Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің қызметін атқарушының №128 бұйрығымен бекітілген 2011 жылдың 11 наурызы

Тұрғындардың мақсатты тобын профилактикалық медициналық тексеруден өткізу ережесі

1. Жалпы ережелер

1. Тұрғындардың мақсатты тобын профилактикалық медицинаның тексеруін өткізудің бұл Ережесі Қазақстан Республикасының 2009 жылдың 18 қыркүйегіндегі «Халықтың денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы» Кодексіне сай жасалған және Қазақстан Республикасы тұрғындарының мақсатты тобын медициналық профилактикалық тексеруден өткізу тәртібі мен мерзімін анықтайды.

2. Тұрғындардың мақсатты топтарын

медициналық профилактикалық тексеруден өткізу тұтас әдіспен өтеді.

3.Тұрғындардың мақсатты тобын медициналық профилактикалық тексерудің негізгі себебі – ауруды ерте бастаң анықтау және аурудың дамуының, ауруды туғызатын қауіптің алдын алу, тұрғындар денсаулығын бекіту және қалыптастыру.

4.Тұрғындардың мақсатты тобын кепілді ақысыз медициналық көмек ретінде профилактикалық тексеруден осындай әрекетке рұқсаты бар денсаулық сақтау субъектілері жүргізеді.

5.Мемлекеттік денсаулық сақтау басқармасының облыстық, республикалық мәртебесі бар қалалар мен астаналардың жергілікті органдары тұрғындардың мақсатты тобын профилактикалық тексеруден өткізудің электронды базасының деректерін қалыптастырады.

2.Тұрғындардың мақсатты тобын профилактикалық тексеруден өткізу тәртібі мен мерзімі

6.Тұрғындардың мақсатты тобын үнемі бақылау мен әрі қарай сауықтыру

мақсатында сақтандыру тексеруін төмендеғілер жүргізеді:

1) кала тұрғындарына – қалалық емханалар, дәрігерлік амбулаториялар, ведомстволық медико - санитарлық бөлімшелер және түрлі меншік формасындағы емханалар;

2) ауыл тұрғындарына арналған медициналық бекеттер, фельдшерлік-акушерлік бекеттер, дәрігерлік емханалар, ауылдық және аудандық емханалар.

7. Бастапқы медико - санитарлық көмек көрсететін (әрі қарай – БМСК) ұйымның медициналық қызметкері бекітілген елді мекенниң есебін жүргізеді, сақтандыру тексеруінен өтуғе тиіс адамдардың мақсатты тобын қалыптастырады, осы тексеруді өткізуге мүдделі денсаулық сақтау ұйымдарымен қарым-қатынас және өзара жалғастық орнатады.

8. БМСК денсаулық сақтау ұйымның медициналық қызметкері мақсатты топ тұрғындарының сақтандыру тексеруінен өткендеріне емханалық науқастың медициналық картасына немесе баланың даму дәптеріне көрсеткіштерін енгізіп, есептік формаларды толтырады.

9. Тұрғындардың мақсатты топ-

тариындағы балалардың түрлі жас кезеңдерінде сақтаандыру тексеруінен (мамандардың тексеруі, зертханалық және жабдықтармен зерттеу) өту мерзімі осы Ереженің №1 Қосымшасына сай жүргізіледі.

10. Үш жасқа дейінгі балаларға БМСК денсаулық сақтау үйымдарында баршалық стандартталған тексеру (скрининг) жүргізіледі, оның мақсаты - Қазақстан Республикасы денсаулық сақтау министрінің 2003жылдың 29 қантарындағы «Ерте жастағы балалардың бойындағы психикалық ауытқуларға скрининг үйымдастыру» Ережесін (бұл Ереже мемлекеттік нормативті құқықтық актілер Реестрінде №2159 ретімен тіркелген) бекіту туралы» №83 бұйрығы бойынша қауіпті топқа кіретін балаларды анықтау.

11. Үш-төрт айлық сәбілерге жамбассан буындарының дисплазиясы және санның туа біткен шығуын ерте анықтау үшін олардың жамбас - сан буындарына ультрадыбысты зерттеу жүргізіледі.

12. Мақсатты балалар тобына сақтаандыру тексеруі кезінде орташа медициналық қызметкер міндегі түрде

баланың антропометриялық өлшемдерін (бойы, дене салмағы, бас және кеуде көлемі), жүйке - психикалық және физикалық дамуын бағалайды, көру және есту жітілігін анықтайды.

13.Мектепке дейінгі балалардың профилактикалық тексеруі БМСК денсаулық сақтау ұйымының тіркелген жерінде өткізіліп, нәтижелері есептік формаға енгізіледі.

14.Сәбилер үйіндегі, балалар үйі, мектеп - интернат, арнайы интернат, жасөспірімдер үйлеріндегі балалардың сактандыру тексеруі осы Ереженің №1 Қосымшасына сай кемінде жылына екі рет өткізіледі.

15.Мектепке дейінгі және мектеп жасындағы балалардың сактандыру тексеруінің нәтижелері есептік формаға енгізіледі.

16.Мектепке дейінгі және мектеп жасындағы балалардың сактандыру тексеруінен өтуіне мектепке дейінгі мекеме мен білім беру ұйымының медициналық қызметкері (дәрігер, фельдшер немесе медбике) жауапты.

17.Жасөспірім балалар (он бестен он сегізге дейін) мен жоғары және арнайы-

кәсіптік оқу мекемелерінің студенттері мен окушыларын сақтандыру тексеруі студенттік емханаларда немесе емхананың жасөспірімдер кабинетінде откізіліп, нәтижелері есептік формаға енгізіледі.

18. Профилактикалық тексеру қорытындылары бойынша жасөспірімдердің бала дәрігерлері, терапевт, жалпы тәжірибе дәрігері немесе фельдшер балалардың денсаулық жағдайына кешенді баға береді.

19. Медициналық қызметкер әр баланың «денсаулық тобында» көрсетілген, оның физикалық және жүйке - психикалық дамуының бағасы берілген, дene шынықтыру тобы (негізгі немесе арнайы топ) ұсынылған эпикриз және қорытынды қағазын толтырады.

20. Профилактикалық тексеру кезінде балалар тәмендегідей «денсаулық топтарына» бөлінеді:

I топ – денсаулығы жақсы балалар;

II топ - денсаулығы жақсы, бірақ кейбір қызметтік және морфологиялық ауытқулары бар, сонымен қатар аурудың жіті, созылмалы түрлеріне қарсылығы әлсіз, ауру қаупі бар балалар;

III топ – ағзаның қызметтік мүмкін-діктері сакталған, компенсация жағдайындағы созылмалы науқас балалар;

IVтоп – ағзаның қызметтік мүмкіндіктері әлсіз, субкомпенсация жағдайындағы созылмалы науқас балалар;

Vтоп – ағзаның қызметтік мүмкін-діктері өте әлсіз, декомпенсация жағдайындағы созылмалы науқас балалар.

21.II, III, IV, V «денсаулық топтарына» қатысты балалар БМСК мамандарының немесе салалық мамандардың үнемі бақылауында және сауықтыруында болады.

22.Бала тұрғындардың мақсатты тобының сақтандыру тексеруі нәтижелерінің жиынтық деректері балаларға медициналық көмек көрсету туралы есеп беру формасына енгізіледі.

23.Ересек тұрғындардың мақсатты тобы сақтандыру тексерулері 18, 25, 30, 35, 40, 45, 50, 55, 60, 65 жастарында, ал әйелдер 52, 54, 56, 58 жастарында өткізіледі және төмендегі ауру түрлерінің сақтандыруына және олардың даму қаупін ерте анықтауға жіберіледі:

1) қан айналымы жүйесінің негізгі аурулары – артериалды гипертония, он сегіз және жиырма бес жастан алпыс бес жасқа дейінгі ерлер мен әйелдердің жүректің ишемиялық ауруы;

2) отыз бес пен алпыс бес жас аралығындағы әйелдердің бес жылда бір рет қайталануы мүмкін жатыр мойнындағы ісікалды, қатерлі ісік аурулары;

3) отыз бес пен алпыс бес жас аралығындағы әйелдердің екі жылда бір рет қайталануы мүмкін жатыр мойнындағы ісікалды, қатерлі ісік аурулары.

24. Ересек тұрғындардың мақсатты тобына жасалатын профилактикалық тексеруге мыналар кіреді: тексеру, анамнестикалық деректер жиынтығы, антропометриялық өлшемдер (бойы, дене салмағы, бел өлшемі), артериалды қан қысымының өлшемі, көру және есту жітілігі, екі жылда бір рет қалқанша безді тексеру және пальпация жасау (эндо-кринолог), қырық жастан кейін жылына бір рет көз ішинің қан қысымын өлшеу, отыз жастан бастап тік ішекті саусақпен

тексеру (хирург), қырық жастан бастап жылына бір рет еркекбезді саусақпен тексеру (хирург), әйелдерді он сегіз жастан бастап сұртінді алып, тазалық деңгейіне гинекологиялық тексеру жасау (акушер-гинеколог), акушер-гинеколог дәрігері болмаған жағдайда, клетка құрамын зерттеу үшін жатыр мойнынын сұртіндісін алу.

25. Ересек тұрғындардың мақсатты тобын профилактикалық тексеру барысында зертханалық және жабдықпен зерттеулер жүргізіледі: қанның жалпы анализі: жылына бір рет эритроциттердің, гемоглобин, лейкоциттердің шөгу жылдамдығын анықтау, жылына бір рет дәреттегі нәруыз құрамын зерттеу, кеуде ағзаларын жылына бір рет флюорографияға түсіру, қырық жастан бастап жылына бір рет қан құрамындағы глюкозаны тексеру, қырық жастан бастап жылына бір рет электрокардиография жасау, қырық жастан бастап жылына бір рет фиброгастродуоденоскопия жасау.

26. Қосымша диагностикалық зерттеулер мен салалық мамандар тексеруі көрсеткіштерге байланысты жасалады.

27. Ересек тұрғындардың мақсатты тобына профилактикалық тексеру жүргізудің мерзімділігі осы Ереженің №2 Қосымшасына сай жүргізілуі.

28. Ересек тұрғындардың мақсатты тобына сақтандыру тексерудің нәтижесінде іемендердегідей топтар анықталады:

1) Дені сау адамдар – ешқандай шағымы жоқ, анамнезінде және тексеру барысында созылмалы аурулар немесе жекелеген ағзалар мен жүйке жүйелердің қызметінде ешқандай ауытқулар байқалмаған адамдар; олардың ішінде жағдайлары «шекаралық» деп аталаип кеткен, бақылауды қажет ететін (қан қысымында және басқа да физиологиялық сипаттамаларында ағзаның қызметіне әсер ете алмайтын аздаған ғана ауытқулар байқалған адамдар), аздаған ғана қаупі бар – I диспансер тобы (әрі қарай - Д-I);

2) Денсаулығы жақсы адамдар – анамнезінде жіті және созылмалы ауру түрлері бар, бірақ соңғы бірнеше жылдар бойында еш мазаламаған адамдар бар – II диспансер тобы (әрі қарай - Д-II);

3)наукастар – емдеуді қажет ететін адамдар – III диспансер тобы (әрі қарай - Д-III);

29.Созылмалы ауруы және оның туу қаупі бар адамдар үнемі бақылауда болып, сауықтырылуы керек.

30.Дені сау (Д-I) және денсаулығы жақсы адамдар (Д-II) тобы бастапқы анықтаудан кейін жылына бір рет тексеріледі.

31.Сақтандыру тексерісі кезінде созылмалы ауруы анықталған немесе жекелеген жіті ауру түрлерімен ауырған адамдар диспансерлік есепке қойылып, олардың денсаулығын қалпына келтіруге бағытталған медициналық, әлеуметтік, шынықтыру - сауықтырудың кешендік шараларын жасауы үнемі бақылауға алынып отырады.

Тұрғындардың
мақсатты топтарын
медициналық профи-
лактикалық тексеру-
ден өткізу ережесінің
№1 қосымшасы

**Бала жасындағы тұрғындардың
мақсатты топтарын жас кезеңдеріне
сай профилактикалық медициналық
тексеруден откізу мерзімділігі**

№КТ	Y жаңындағанда тексеруден откізу мерзімділігі	Калыпташтырылған түрлөдің	Гүлекоидер	Синокриниттер	Офтальмомотор	Стоматология	Хирургия (опорея)	Офтальмо-хирургия	Хемиотерапия, терапия	Педиатр (жаратылғандағы деңгелде, жаса осптималде)
1										
2										
3										
4										
5										
6										
7										
8										
9										
10										
11										
12										

1 жас

+	+	+	+			+		+	+	+
---	---	---	---	--	--	---	--	---	---	---

2жас

+

+

+

+

3жас

+

+

+

+

+

4жас

+

+

+

5жас

+

+

+

бжас (мектепке баар алды)

+

+

+

+

+

+

+

+

7жас (1 сынып)

+

+

+

8жас (2 сынып)

+

+

+

9жас (3 сынып)

+

+

+

+

+

+

+

10жас (4сынып)

+

+

+

+

+

11жас (5сынып)

+

+

+

+

+

+

+

+

12жас (6 сынып)										
+	+	+	+	+	+			+	+	
13жас (7 сынып)										
+	+									
14жас (8 сынып)										
+	+	+	+	+	+			+	+	+
15-17жас (9-11 сыныптар) қыздар										
+					+					
15-17жас (9-11 сыныптар) жасөспірім жігіттер										
+	+	+	+			+		+		+

Ескерту:

Басқа салалық мамандардың балаларға қосымша тексеруі мен диагностикалық зерттеулері (зертханалық және жабдықпен) көрсеткіштер және бастапқы медико - санитарлық үйым маманының ұсынысы бойынша жүргізіледі.

Тұрғындардың
мақсатты топтарын
профилактикалық
медициналық тексеру-
ден өткізу Ережесінің
№2 косымшасы

**Ересек тұрғындардың мақсатты
топтарын жас кезеңдеріне сай
профилактикалық медициналық тек-
серуден өткізу мерзімділігі**

Терапевт ЖТД	Акушер/гинеколог	Маммолог / онколог	Электрокардиограмма	Кандағы холестерин, триглицерид дәнгей	Кандағы кани деңгей	Жатыр мойнына Цитологиялық зерт- теулер (Pap-тест көрсектіштері бояйнша кольпоскопия және биопсия) жасау	Маммография
1	2	3	4	5	6	7	8
18 жас, ерлер мен әйелдер							
+			+	+		-	ZI
25 жас, ерлер мен әйелдер							
+			+	+		-	ZI
30 жас, ерлер мен әйелдер							

35 жас, ерлер мен эйелдер

						+	Z	
--	--	--	--	--	--	---	---	--

40 жас, ерлер мен эйелдер

		+	+	+		+	Z	
--	--	---	---	---	--	---	---	--

45 жас, ерлер мен эйелдер

		+	+	+		+	Z	
--	--	---	---	---	--	---	---	--

50 жас, ерлер мен эйелдер

		+	+	+		+	п	+
--	--	---	---	---	--	---	---	---

52 жас, эйелдер

				+			+	
--	--	--	--	---	--	--	---	--

54 жас, эйелдер

				+			+	
--	--	--	--	---	--	--	---	--

55 жас, ерлер мен эйелдер

	+	+	+	+	+		+	
--	---	---	---	---	---	--	---	--

56 жас, эйелдер

				+			+	
--	--	--	--	---	--	--	---	--

58 жас, эйелдер

				+			+	
--	--	--	--	---	--	--	---	--

60 жас, ерлер мен эйелдер

	+	+	+	+			+	
--	---	---	---	---	--	--	---	--

65 жас, ерлер мен әйелдер

П 1 r[~]i—+—r[~]n 1

тексеру және зерттеу тек әйелдерге жасалады

-жасы 65-тен асқан адамдарға сақтандыру тексеруі көрсеткіштер бойынша (келісімі және қалауымен) жасалады, бектілген көлемде зертханалық және жабдықпен зерттеу жүргізіледі.

Ескерту:

Басқа салалық мамандардың ерекстерге қосымша тексеруі мен диагностикалық зерттеулері (зертханалық және жабдықпен) көрсеткіштер және бастапқы медико - санитарлық ұйым маманының ұсынысы бойынша жүргізіледі.

ЖҰТҚЫНШАҚ АРТЫНДАҒЫ АБСЦЕСС (ірінді ісік)

(жұтқыншақ артындағы кеңістіктің іріндеп, май талшықтары мен лимфа ғүйіндерінің қабынуы).

Жұтқыншақ артындағы абсцесс – жұтқыншақ артындағы кеңістіктің іріндеп, май талшықтары мен лимфа ғүйіндерінің қабынуы.

Негізгі белгілері:

- аурудың бірден басталуы
 - дененің қызыры тез арада 38-40°C жетеді
 - жұтынғанда қатты ауырсынады, ал бұл науқастың тамақтан бас тартуына экеледі
 - демікпе, әсіресе ол тік тұрғанда өршиді
 - ұйықтап жатқанда дем шығарудың ауырлауы
 - әлсіз, маңқа дыбыс
 - төменгі жактың ісінуі мүмкін (көбіне жұтқыншақ арты түгел қабынады)
 - бас артқа қарай шалқаяды.
- Диагностика жасау амалдары:
- тексеру
 - фарингоскопия, жұтқыншакты саусак пен тексеру – жұтқыншактың артқы қа-

бырғасы қызарған, іркілдек, ірің шар тәріздес, жұмсақ, лықсып тұрады.

- құрылым пунктациясы – ірің
- қан анализі – ЭОЖ жеделдетілуі, лейкоцит формуласының солға қарай жылжуы.

Емдеу:

• Ірің болған жағдайда хирургиялық жолмен емделеді. Скальпель ұшында 1-1,5 см ғана бос жер қалдырып, қалған жерін лейкопластирымен орау керек. 2-3 тәуліктен кейін жұтқыншақ қуысын іріңнен түбел тазарту керек.

• Консервативті терапия іріндемей тұрған бастапқы кезеңде ғана мүмкін – бактерияға қарсы дәрмектер, нестероидты асқынуға қарсы дәрмектер, қабынуға қарсы (НАҚД), симптоматикалық терапия.

ӨКПЕ АБСЦЕСІ (өкпе тіндерін өліеттендіруге әкелетін қабыну процесі).

Өкпе абсцесі, іріңді ісігі – өкпе тіндерін өліеттендіруге әкелетін қабыну процесінде, көбіне өкпенің артқы бөліктері қабынады, оның жоғары

бөліктеріне қарағанда, төменгі бөліктері жиі асқынады. Абсцестің жіті және сонылмалы түрлері бар (ауру 1,5-2 айға сонылуы мүмкін).

Жіті өкпе абсцесінің негізгі белгілері:

- дene қызуы жоғары – 40°C-ға дейін
- қабынған өкпе тұсындағы кеуденің ауыруы

•тыныш отырғанда демігу, физикалық жүктеме түскен кезде ол күшіне түседі, тахипноэ

- тахикардия
- ірің аралас жөтел, шіріген қақырық
- кенеттен көп қақырық бөлінеді, бұл абсцестің бронх тамырына тармақтарына откендігін білдіреді;

мұндай кезде науқастың жағдайы азғана уақытқа жақсарады

•қабынған жердің үстіндегі кеуде қуысына перкуссия жасағанда түйік дыбыс байқалады, ал тындау(аускультация) кезінде тыныс алу шуы естілмейді немесе кенеттен әлсізденеді, қуыс үстінде амфориялық тыныс, ылғалды сырыл байқалады

•қан анализі – ЭОЖ жеделдетілуі, лейкоцит формуласының солға қарай жылжуы.

Өкпенің созылмалы абсцесінің негізгі белгілері:

• өкпенің қабынған тұсындағы кеуде қуысында түрлі сипаттағы ауырсынулар

• тыныш отырғанда демігу, физикалық жүктеме түскен кезде күшейе түседі,

• тахипноэ

• тахикардия

• ірінді қақырық аралас жөтел, аздаған қақырық

• созылмалы қабыну процесінің қайта

- қайта ушығуы (жіті абсцестің белгісі)

• қан құсуы мүмкін

• кеуде қуысына перкуссия жасағанда тимпанитті дыбыс шығады, аускультация кезінде амфорикалық тыныс алу білінеді, түрлі ылғалды сырылдар байқалады

• қан анализі – ЭӨЖ жеделдетілуі, лейкоцит формуласының солға қарай жылжуы.

Өкпенің жіті абсцесі қалыптасу кезеңіндегі рентгеннің көрсетуінде өкпенің белгілі бір жерінің қарауы, қатауы, қатайған жердің сәл ағаруы байқалуы мүмкін. Өкпе абсцесі бронх тамырына өткеннен кейін сұйық жиналған қуыс байқалады, онда өкпе тіні жиналады.

Компьютерлі томография (КТ) жасату ұсынылады.

Окпенің созылмалы абсцесінің ренттингендік белгісі (тігінен және қырынан түсіріледі): ішкі қабырғасында контурлары нақты, дөңгеленген тығыз қуыс байқалады, аздаған сұйық болуы мүмкін, қуыс инфильтрация аумағымен коршаған. КТ ұсынылады.

Окпенің жіті абсцесін емдеу:

- бактерияға қарсы ірі терапия – әсер сту аумағы кең антибитотиктер
- ұыттануға қарсы ірі терапия
- трахеобронхоскопия
- абсцестің құрамындағыны соратын трахеобронхоскопия, абсцесті бронхоскоп арқылы антисептик сұйығымен шашо(фурациллин ерітіндісі 1:5000 және 1 б).
- ем толығымен инфильтрацияланады және қуыс жойылғанша жүргізіледі.

Окпенің созылмалы абсцесінің хирургиялық – емі :

- көрсеткіштер – тиімсіз консервативті ісрапия; өкпеге қан құйылу;
- абсцестің эмпиемаға дамып, өкпеқап қуысына өтуі
- абсцесс қуысына кеуде қабырғасы

арқылы қашыртқы салу; өкпекап әмпиемасы кезінде өкпекап қуысына қашыртқы салу

•торакотомия – өкпенің бөлігін алып тастау.

Емді торакальды бөлімде жүргізу керек.

Айыққаннан кейін науқас 1-2 жыл бойы міндетті түрде емханалық бақылауда болуы керек .

КІШІ ЖАМБАСТЫҢ АБСЦЕСІ (ішперде қуысының төменгі жағының ірінді - қабыну ауруы).

Кіші жамбастың абсцесі – ішперде қуысының төменгі жағының ірінді - қабыну ауруы, ол ірінді қуыс түрінде қалыптасады; әйелдерді дуглас кеңістігінде (тік ішек - жатыр кеңістігі) дамиды, ал ер адамдарда – тік ішек-қуық кеңістігінде.

Негізгі белгілері:

•ішперде қуысының төменгі жағының түрлі сипаттағы тұрақты ауырсынулары

•зэр шығарудың жиілігі және ауырсынуы

•жіңі күшениу, нәжістің сұйылуы

•гектикалық дене қызыу

•шілдердеге пальпация жасағанда, оның қабырғасының төменгі жағының ауырсынуы, ішперденің қабыну белгілері байқалмайды.

Диагностика жасау амалдары:

•тік немесе қынап арқылы саусақпен тексергенде оның күмбезінің ұскендігі, қатты ауырсыну, инфильтрат (ортасы аздап жұмсаруы мүмкін) байқалады

•кіші жамбас ағзасына ультразыбыстық зерттеу (УЗИ)

•КТ ұсынылады

•тік ішектің алдыңғы қабырғасына, қынаптың артқы күмбезіне пункция жасағанда ірің алынуы мүмкін

•қан анализі – ЭОЖ жеделдетілуі, лейкоцит формуласының солға қарай жылжуды.

Емдеу:

•кіші жамбас абсцесін емдеу – хирургиялық

•абсцесті тік ішектің алдыңғы қабырғасы немесе қынаптың артқы күмбезі арқылы ашады

•бактерияға қарсы және улануды қайтару терапиясы

•абсцесс көп болған жағдайда қасаға үстіне операция жасалуы мүмкін.

ІШЕКАРАЛЫҚ АБСЦЕСС
(ішек ілмектері, шажырқай, шарбы, ішперде қабырғасы, диафрагма күмбездері арасындағы қуыста пайда болатын ірінді қабыну ауруы).

Ішекаралық абсцесс ішек ілмектері, шажырқай, шарбы, ішперде қабырғасы, диафрагма күмбездері арасындағы қуыста пайда болатын ірінді қабыну.

Негізгі белгілері:

- Гектикалық дене қызуы
- ішперде қуысындағы ауырсынулар (ауырған жер анық, анық емес болуы мүмкін)
- ішперденің алдыңғы қабырғасына пальпация жасағанда, ауырсынудың байқалуы, ал абсцесс ішперденің алдыңғы қабырғасы жақын орналасқан жағдайда қатты ауырсынады, мұндайда қабырғаның айрықша ширығуы байқалады
- үлкен абсцесс болған жағдайда дөңгелек құрылым пайда болғаны байқалады
- қан анализі – ЭОЖ жеделдетілуі, лейкоцит формуласының солға қарай жылжуы.

Диагностика жасау амалдары:

- абсцесс көбіне асқазан, ішек, өт ауру-
арынан кейін жасалатын лапаротомия-
дан кейін пайда болады
 - рентгендік зерттеу – әр жерінде
сұйықтың көбеюі (ылғи емес),
 - ішекті кесу (көмегі аз)
 - УДЗ және КТ жасау қажет.
- Ішекаралық абсцесті емдеу:
- лапаротомия, абсцесті ашу, іріңді
жою, септикке қарсы өндөу жасау,
куысты құрғату
 - бактерияға қарсы, улануға қарсы те-
рапия.

ЖҰМСАҚ ТІНДЕР АБСЦЕСІ
(теріасты - май талшықтары мен
бұлшық ет тіндерінде іріңді қуыс пай-
да болып, іріңді қабыну ауры).

Жұмсақ тіндер абсцесі – теріасты-май
талшықтары мен бұлшық ет тіндерінде
(іріңді қуыс пайда болып) іріңді қабыну
ауры

Негізгі белгілері:

- гектикалық дене қызуы
- пальпация жасағанда абсцесс пайда
болған жердің ауырсынуы
- қолға дөңгелек құрылым білінеді,
оның ортасы көбіне лықсып тұрады

•гиперемия, абсцестің үстіндегі терінің қызыуы көтеріледі (теріге жақын орналасқанда)

•кан анализі – ЭОЖ жеделдетілуі, лейкоцит формуласының солға қарай жылжуы.

Емдеу:

•хирургиялық жолмен – ашу, қуысты құрғату

•бактерияга, улануға қарсы терапия

•ірінді сору үшін қуысқа пункция жасалуы мүмкін, септике қарсы өндеу, екіжақты түтікше арқылы құрғатып, бірнеше рет қайталап шаю.

БАДАМШАБЕЗ ТІНДЕРІНІҢ АБСЦЕСІ

(бадамшабездің қабынуы нәтижесінде ірінді қабыну ауруы).

Бұл бадамшабездің қабынуы нәтижесінде, ірінді қуыс пайда болатын, қабыну ауруы.

Негізгі белгілері:

•дene қызыуының 38-40°C-ға дейін көтерілуі

•аңқа маңының қатты ауырсынуы

•жұтынғанда қатты ауырсыну, шайнау кезінде бұлшық еттерінің түйілуі

•жақасты лимфатүйіндерінің үлкеюі және ауырсынуы

•қан анализі – ЭОЖ жеделдетілуі, лейкоцит формуласының солға қарай жылжуы.

Диагностика жасау амалдары:

•фарингоскопия – таңдай дөгашықтары, жұмсақ таңдай ісінген, қызарған, аңқа тарылған, таңдай тілі ауырмайтын жаққа қарай ауысқан

•пальпация жасағанда, қатты ауырады.

Емдеу:

•пункция

•абсцесті ашу (жұтқыншақ арты аблсцесін қараңыз)

•бактерияға, улануға қарсы терапия.

АДЕНОИДТАР

(тамақ, мұрын бездерінің үлкеюі).

Аденоидтар – жұтыну / мұрын-жұтқыншақ бадамшабезінің ұзаққа созылған қабыну процесінің салдарынан болған тіндердің патологиялық өрбуі. Дөңгелек пішіндес, астыңғы негізі кең, бет қабаты бұдірлі, мұрын-жұтқыншақ күмбезіне орналасқан. Гипертрофия (үлкею) деңгейі: 1 деңгей – бадамшабез кеңсірік желbezегінің жоғары жағының

1/3 бөлігін жабады; 2 деңгейі – бадамшабез кеңсірік желбезегінің жоғары жағының 2/3 бөлігін жабады; 3 деңгейі – бадамшабез кеңсірік желбезегін түгелдей жабады.

Негізгі белгілері:

- тексеру – бет әлпеті – аузы сәл ашық, мұрын қыртыстары жазылған, беті созылынғы; мұрынмен тыныс алудың бұзылуы, мұрыннан ірінді сілекейдің ағуы

- ауыз қуысын тексеру – жоғарғы күрек тістер түрлі бағытта тәртіпсіз өскен, алға қарай шыққан; таңдай көтерілген

- дауыстың сырылдауы, есту қабілетінің төмендеуі

- ұйқы тынышсыз, үзіле береді, корылдайды

- мойынның, желкениң лимфатүйіндері үлкейген

- созылмалы уыттанудың түрлі белгілері.

Диагностика белгілері:

- мұрын жұтқыншагын саусақпен тексеру – бадамшабездің үлкейгендігі байқалады

- мұрын жұтқыншағының фиброско-

пиясы – бадамшабездің үлкейгендігі байқалады.

Емдеу:

- 1 деңгейде – консервативті, қорғау, сақтау жолы.

- 2-3 деңгейде – ота жасау (хирургиялық), арнағы аспаппен бадамшабезді жою.

АС АЛЛЕРГИЯСЫ

(тамақ өнімдеріне деген асқан сезімталдық салдарынан тері мен ішкі ағзаларының зақымдануы).

Ас аллергиясы – қандай да болмасын тамақ өнімдеріне деген асқан сезімталдық, соның салдарынан тері мен ішкі ағзалар зақымданады.

Негізгі белгілері:

- терінің зақымдануы – есекжем ауруы, Квинк ісігі, дерматиттің түрлері

- жүрек-қан жүйесінің зақымдануы – васкулит

- өкпенің зақымдануы – ринит, ларингоспазм, бронхоспазм, өкпенің «ұшқыш» инфильтраты

- асқазан - ішек жолдарының зақымдануы (АІЖ) – лоқсу, құсу, диарея, ішперде қуысының түйілні ауруы

- орталық жүйке жүйесінің зақымдануы – кұрысып ауру, гиперкинез, бастың ауруы

- анафилаксия.

Емдеу:

- анықталған және жорамалдаған тағам түрлерін мәзірден алып тастау

- антигистаминді амалдар (дәрілер, дәрі құю)

- аллергия асқынған кезде – бұлшық етке, қан тамырларына преднизолон салынады

- ауруханаға жатқызылады.

АМЕБИАЗ

(тоқ ішектің зақымдануы салдарынан болатын жүқпалы ауру).

Амебиаз – протозойлық антропоноздық жүқпа; тоқ ішектің зақымдалуы (ойық жаралы колит, амебалық дизентерия), бауырда және басқа да ағзаларда абцестің дамуы.

Негізгі белгілері:

- тоқ ішектің зақымдалуы – қурсақтың сол жағында, көбіне сан бөлігінде түйіліп ауырсынулар; сілемей мен қан аралас сұйық нәжіс

- улану белгілері

•алдыңғы ішперде қабырғасына пальпация жасағанда тоқ ішектің жиырылып ауырғаны байқалады

•бауырдағы амебалық процесс – он қабырға астының ауруы

•амебалық пневмония – пневмонияның белгілері, амебалық абсцеске жалғасуы мүмкін.

Диагностика жасау амалдары:

•анамнез

•рентгендік зерттеу

•фиброколоноскопия

•УДЗ, КТ

•нәжісті, абсцесс құрамын микроскопиядан өткізу.

Емдеу:

•ішек амебиазының белгілері анықталмаған жеңіл түрінде хиниофон немесе метронидазол тағайындалады

•ішек амебиазының орташа курделі және курделі түрінде метронидазолмен, хиниофонмен емделу курстары тағайындалады

•ішектен тыс амебиазда метронидазол немесе эмитин тағайындалады

•бауыр мен басқа да ағзалардың абсцесі хирургиялық жолмен емделуі мүмкін.

Ауруханаға жатып емделу ұсынылады.

АМЕНОРЕЯ

(6 ай және одан да көп уақыт бойы етеккірдің болмауы).

Аменорея – 6 ай және одан да көп уақыт бойы етеккірдің болмауы; amenoreя өзінше бөлек ауру емес, анатомиялық, биохимиялық, генетикалық, физиологиялық, психикалық зақымданудың белгілері.

Мынадай түрлері бар:

•нагыз amenoreя – аналық без берілген эндометриядагы оралымды өзгерістер, етеккір жоғалады.

•жалған amenoreя – аналық бездін дұрыс оралымды кызметінде жатыр күйісінда немесе қынапта қан жиналады

•физиологиялық amenoreя – екікабат, лактация кезінде етеккірдің тоқтауы, менопаузадан кейін

•патологиялық amenoreя.

Негізгі белгілері:

•етеккірдің болмауы.

Емдеу:

•міндетті түрде аурудың туу себебін анықтау керек, емді гинеколог жүргізеді.

БҮЙРЕКТІҚ АМИЛОИДОЗЫ
(бауыр тіндерінде жасушадан тыс амилоидоз жиылұы салдарынан болатын ауру).

Бүйректіқ амилоидозы – бұл ауру бауыр тіндерінде жасушадан тыс амилоидоз жиылұы салдарынан туады.

Негізгі белгілері (бүйрек амилоидозының торт сатысы анықталған):

•1 саты – латентті – клиникалық белгілері жоқ (жалпы әлсіздік)

•2 саты – протеинуриялық – зәрдің құрамында протеин саны біргіндеп аргады, микрогематурия, лейконитурия, СОЭ-нің аздал жеделдетілуі

•3 саты – нефротиялық – протеинурия, гипопротеинемия, гиперхолестеринемия, ісінулер, артериалды гипертензия, ЭОЖ жылдам жеделдетілуі

•4 саты – созылмалы бүйрек жетіспеушілігі – тұрақты ісінулер, артериалды гипертензия, ЭОЖ жеделдетілуі, лейкоцитоз, анемия, гипопротеинемия (гипоальбунемия), гипонатриемия, гипопротромбинемия, зәрдің құрамында нәрүзың санының артуы, эритрониттер, лейкоциттер.

Емдеу:

•емдәм тәртібін қатаң сактану – тұз, нәруызыға шектеу кою, ұзақ уақыт бойы шикі бауыр жеу (тәулігіне 100 гр. дейін)

•бастапқы амилоидозда – дәрі-дәрмек терапиясы (преднизолон, мелфалан, колхицин және т.б.).

•амилоидоз қайталанғанда – негізгі ауруды емдеу

•гемодиализ, перитонеальды диализ, бүйректі ауыстыру.

Емді арнағы нефрология бөлімшелерінде жасау қажет, ал амбулаториялық жағдайда жасалғанда нефрологтың бақылауымен жүргізілуі керек.

АНАФИЛАКСИЯ

(сезімтал аллергенмен қайта қатысқан ағзаның жүйелі жіті серпілісі).

Анафилаксия – сезімтал (сенсибилизацияланған) аллергенмен қайта қатысқан ағзаның жүйелі жіті серпілісі; анафилактикалық соққы.

Анафилаксия, соққы мынадай жағдайларда дамиды:

- түрлі дәрі - дәрмек қабылдағанда
- ара, сона шаққан кезде

•жергілікті анестезия дәрмектерін қабылдағанда

•түрлі тағамдар қабылдағанда (көбіне сұт, кептірілген тағам өнімдері, цитрус жидектері, балық және т.б.).

•қан құйғанда

•қанның орнына жүретін түрлі өртінділерді құю кезінде.

Негізгі белгілері:

•артериалды гипотензия

•жүрек-қан жүйелерінің (ЖҚЖ) жіті жетіспеушілігі

•жіті тыныс алу жетіспеушілігі (көмейдің ісінуі, бронхоспазм, өкпенің ісінуі)

•қозыну, құрысқақ, есінен тану

•құрсақтың жіті ауруының белгілері болуы мүмкін.

Емдеу:

•аллергенмен қатынасты біржола тоқтату керек

•антигистаминді дәрмектерді қабылдау

•гормоналды дәрмектерді қабылдау (преднизолон)

•қарқынды терапия бөлімшесіне жағып емделу (кемінде 2-3 тәулік бақылауда болу)

- ЖҚҚЖ мен тыныс алу қызметтерінің зақымдалуын түю
- ауруханадан шыққан соң 1-2 ай бойы бөлімше дәрігерінің бақылауында болу керек.

АНГИНА (жұтқыншақ сақинасының жұқпалы ауруы).

Ангина – лимфаденоидті жұтқыншақ сақинасының жұқпалы ауруы.

Катаральды ангина – таңдай бадамша бездерінің зақымдануы.

Негізгі белгілері:

- жіті басталуы – тамақтың, әсіресе, жұтынғанда ауруы
- дене қызуы жоғары болуы мүмкін
- жалпы әлсіздік, бастың ауруы, буындардың, бұлшық еттердің ауруы
- жақасты лимфотүйіндері үлкеюі мүмкін.

Фарингоскопия:

- таңдай бадамшабездері аздал үлкейген, ісінген, қызарған, доғашықтары аздал қызарған, аздал ісінген.

Фолликулярлы ангина – бадамша бездердің фолликулярлы аппаратының зақымдалуы.

Негізгі белгілері:

- тамақтың қатты ауруы, жұтыну қатты ауыртады
- дененің қызыуы 39-40°C-ға дейін көтеріледі, қалтырайды
- бұлшық ет, буын, бүкіл дененің ауруы
- диспепсия, олигурия
- қан анализі – ЭОЖ жоғары, лейкоцит формуласының солға қарай жылжуы (нейтрофилез).

Фарингоскопия:

- бадамша бездер әжептәуір үлкейген, ісінген, қызарған; кішкентай сарғыш бүдірлер – ірінді фолликулалар – көрінеді; бадамшабездер ірінді қақпен көмкерілген.

Үңгірлі ангина – үңгір маңындағы бадамша бездердің зақымдалуы.

Негізгі белгілері:

- тамақтың қатты ауруы, жұтыну өте ауыр
- дененің қызыуы 39-40°C-ға дейін жетеді, қалтырайды
- бұлшық ет, буын, жүректің ауруы, бастың ауруы
- аумактық лимфатүйіндердің өсуі, пальпация жасағанда олар қатты ауырады

•қан анализі – ЭОЖ жоғары, лейкоцит формуласының солға қарай жылжуы (нейтрофилез).

Фарингоскопия:

•бадамшабездер күрт үлкейген, ісінген, қызарған; үнгірлер кеңейген, олардан бадамшабездерді көмкеріп тұрған фабринозды - ірің қақ бөлінеді.

Емдеу:

•амбулаториялық ем, күрделі түрінде ауруханаға жатқызылады
•емдәм – «жұмсақ» тағам, көп сұйық ішу

•микробқа қарсы терапия
•НҚҚД
•жергілікті ем – жұтқыншақты септике қарсы ерітінділермен шаю.

АНЕМИЯ

Анемия – қан құрамында эритроциттер, гемоглобиндер санының азауы (гемоглобин 100 г/л, эритроциттер $4,0 \times 10^9/\text{л}$ азайған).

Анемияға диагностика жасау үшін аурухана жағдайларында зерттеулер жүргізуі қажет етеді.

Анемиясы анықталған науқастарды ауруханаға емделуге жіберу керек.

РЕАКТИВТІ АРТРИТТЕР

Реактивті артриттер – зэр шығару-жынысы, ішек және басқа да ағзалардың жүқпалы ауруларының салдарынан болатын буындардың қабыну аурулары. Артриттің урогенитальды және энтероколитті реактивті түрлері жиі кездеседі.

Негізгі белгілері:

•урогенитальды артрит – цистит, вагинит, цервицит, уретрит, баланопостит, простатит ауруларының салдарынан туады

•энтероколитті артрит – тоқ ішектің зақымдалуы салдарынан түйіліп ауруы, диарея

•буындардың зақымдалуы – аяқ-кол буындарының асимметриялық полиартриті; басқа буындар сирек зақымдалады

•буын маңы тіндерінің зақымдануы – тендовагинит, бурсит

•сілемей және тері қабықтарының зақымдалуы – ойықжара стоматиті, баланит, ректит және т.б.; терінің түлеуі, конъюнктивит, перикардит, аортит, протеинурия, лимфоаденопатия тууды мүмкін.

Емдеу:

- бактерияға қарсы терапия
- НҚД
- глюкокортикоидтер – бұын маңы тіндеріне салынады
- иммуносупрессивті терапия (азатио-прин, метотрексат).

АСКАРИДОЗ (бесір ауруы)
(дөңгелек құрт (нематода) салдарынан асқазан - ішек жолдарының, кейде – өкпенің зақымдалуы).

Ауруды дөңгелек құрт (нематода) туғызады; бастапқыда аллергиялық белгілері болуы, дene қызыу көтерілуі мүмкін, кейін – асқазан - ішек жолдарының зақымдалуы, кейде – өкпенің зақымдалуы мүмкін

Негізгі белгілері:

- ішек сатысы: белгілері білінбеуі мүмкін; локсу, эпигастральды ағзада, бүкіл ішперде қуысында сипаттамасы белгісіз ауырсыну, жалпы әлсіздік, сілекейдін ағуы, бастың ауруы, тамақтан тартыну, диарея болуы мүмкін
- өкпе сатысы: дene қызыуының көтерілуі, жетелдің күшеюі, өкпе рентгені ошақтық инфильтратты көрсетуі мүмкін.

Емдеу:

- куртқа қарсы дәрмектер
- оттегі.

БРОНХ АСТМАСЫ
(тыныс алу ағзаларының созылмалы ауруы).

Бронх астмасы – тыныс алу ағзаларының созылмалы ауруы, ауру созылмалы қабыну процесінің үнемі дамуынан, бронх өткізгіштігінің бұзылуынан (бронхтың түйілуі, бронх тамырларында қою сілекейлі - ірінді қақырыктың жиналуы).

Негізгі белгілері:

•тұншығу ұстамасы – экспираторлы демікпе

•сілекейлі - ірінді қақырық аралас жетелу, ауыр жетелінеді

•дем шығарғанда құрғақ шуылды сырылдар

•тахикардия

•денені бірқалышта ұстай мәжүүрлігі – жартылай отыру, отыру қалпында

•цианоз

•аскан мазасыздық.

Емдеу:

- венаға салынатын бронхолитикалық дәрмектер

- қақырық түсіретін ингаляция арқылы қақырықты түсіруді күшайту қажет
- глюококортикоидты дәрмектер – ингаляция жасау, қан тамырларына дәрмектер құю
- оксигенотерапия.

Ауруханаға жатқызу қажет – тыуға келмейтін ұстама.

Амбулаториялық ем терапевт пен аллергологтың бакылауымен жүргізілуі қажет.

АСЦИТ

(жүрек функциясы жеткіліксіздігінде, бауыр, бүйрек тамырларының, төменгі толық қантамырларының, іншерде қуысы ағзаларының қатерлі ісік ауруларында ішперде қуысында сұйықтың жиылуы).

Асцит – жүрек жеткіліксіздігі, бауыр циррозында, нефротикалық синдромда, бүйрек тамырларының окклюзиясы, төменгі толық қантамырларының, перитонит, ішперде қуысы ағзаларының қатерлі ісік ауруларында ішперде қуысында сұйықтың жиналуды.

Негізгі белгілері:

- күрсак көлемінің үлкеюі
- ішперденің алдыңғы қабырғасы қантамырларының кеңеюі
- қол - аяқтардың, сыртқы жыныс ағзаларының ісінуі

- кіндік жарығы
- флюктуация

• ішперде қуысының бүйір бөлігінде өтпейтін дыбыстың болуы

Емдеу:

- негізгі ауруды жою/емдеу
- калийді сақтайдын диуретиктер
- парацентез (қантамырына 5-7 литрге дейін альбумин құю арқылы сұйықты айдау)
- тұзсыз емдәм.

ӨКПЕ АТЕЛЕКТАЗЫ (өкпенің ауасыз тіні).

Өкпе актелектазы – өкпенің ауасыз тіні. Бронхтың бітелуі (қақырық, бөтен тін, ісік) немесе өкпе тінінің сырттан базылуы салдарынан (плевра қуысының ісігі,* пневмоторакс, плевра эмпиемасы, гемоторакс және т.б.). пайда болады.

Негізгі белгілері:

- ателектаздың біліну деңгейі ауасызданған тін көлеміне, оның даму жылдамдығына байланысты
- көлемі шамамен 10-12% болатын ателектаздар білінбей өтуі мүмкін
- үлкен ателектаздарда – демікпе, цианоз, тахикардия, жөтел, мазасыздық
- үлкен ателектаздарда перкуссия жасағанда қасандық байқалады
- аускультация жасағанда – бронх оклюзиясында дем шықпайды, еркін тыныс жолдарында бронхпен тыныс алу
- тахикардия.

Рентгендік зерттеу – диагностика жасаудың негізгі әдісі («Тыныс алу ағзаларының қысқаша рентгендік белгілері» бөлімін қараңыз).

• КТ, фибробронхоскопия (диагностикалық/емдік) ұсынылады.

Емдеу:

• емдеудің негізгі әдісі – фибробронхоскопия – қақырықты, құсықты, бөтен тінді жою; ісік болған жағдайда емдеу әдісі ісікті зақымдалу түріне байланысты анықталады – қатерсіз ісікті эндоскопиялық жолмен жоюға әрекет жасалады, ал қатерлі ісікке өкпе резекциясы тағайындалуы мүмкін

- өкпе тіндерінің сырттан басылу жағдайында аурудың сипатына қарай ем ғағайындалады – пневмотораксте плевра қуысына пункция жасалады, плевра қуысы күрғатылады; плеврит, эмпиемада – пункция, күрғату
- симптоматикалық терапия.

АТЕРОСКЛЕРОЗ

(жүйелі ауру, артерияның ішкі қабығының липидті (холестеринді) түйіндермен зақымдалуы).

Атеросклероз – жүйелі ауру, артерияның ішкі қабығының липидті (холестеринді) түйіндермен зақымдалуы; тамыр біртіндеп түйіндермен немесе оның бөліктерімен, тромбпен әбден бітелгенше тарылады; осының салдарынан тін немесе гангрен некрозы дамиды; көбіне ұйқы артериясының бифуркациясы, коронарлық артериясы, қолқа бифуркациясы зақымдалады.

Негізгі белгілері:

- клиникалық белгілері атеросклеротикалық процестің орналасу және таралу орнына байланысты
- ағзаның даму үстіндегі ишемиясының / тамыр жолдарының толық бітелуінің нақты белгілері

- ұйқы артериясының бифуркациясы зақымдалғанда – бастың ауруы, айналуы, инсульт

- коронарлы тамырлардың зақымдалуы – ЖИА - ның белгілері

- бауыр артериясының зақымдалуы – нефропатия, артериалды гипертензия

- ішперде қолқасының, құрсақ бағанасының зақымдалуы – ішперде күкісінің түрлі сипаттағы аурулары.

Диагностика жасау әдістері:

- артерия тамырларына УДЗ

- контрастты ангиография

- контрастты емес КТ ұсынылады.

Емдеу:

- емдәм – тағам өнімдерінің энергетикалық құндылығындағы майдың құрамын 25% дейін шектеу

- ағзалар мен тіндердің қан айналымын жақсартатын дәрі - дәрмектер, перифериялық вазодилататорлар, спазмолитиктер, гиполипидемиялық амалдар, тромбоциттердің біріктірмейтін амалдар

- белгілері толық анықталған және асқынған жағдайда ауруханаға жатқызу қажет.

АЯҚ - ҚОЛДАРДЫҢ ПЕРИФЕРИЯЛЫҚ АРТЕРИЯЛАРЫНЫҢ АТЕРОСКЛЕРОЗЫ

Бұл аурудың ұзакқа созылу сипаты бар, магистральды артерия жайлап тарылады. Науқастар дәрігерге, көбіне, артериалды тамырлар әбден зақымдалғанда, оте кеш көрінеді.

Негізгі белгілері:

- 1 саты – 1 км-ге дейін асықпай жаяу жүргенде, балтыр бұлышқ еттерінің ауруы
- 2 саты – шамамен 200-300 м-ге жаяу жүргенде ауырады
- 3 саты – қалыпты жағдайда ауру, 20-30 м-ге жаяу жүргенде ауыру
- 4 саты – ойықжаралы - некротикалық өзгерістер болғанда
 - аяқ - қолдардың ауруы негізгі белгілер болып саналады (балтыр бұлышқ еттері)
 - тізеасты артериясында, артқы үлкен жіліншік артериясында, өкшениң сыртқы артериясында пульстің әлсіреуі/жоғалуы.

Науқастың аяқ - қол артериялары мен басқа ағзаларының зақымдалу комбинациясын есте ұсташа қажет.

Емдеу:

- «Атеросклероз» өөлімін қараңыз
- хирургиялық ем – қан жүрудің бұзылуын оперативті түзетудің түрлі жолдары бар – артериялық бағананың тарылған аузын тамыр ішіндегі диллятация, эндартерэктомия, белге симпатэктомия жасаудан бастап, жасанды протездермен немесе аутовенді тамырластыру операцияларының түрлері; операциядан кейін қан жүрісін жақсартатын дәрідәрмек терапиясынан өту керек.

КАРДИЛЫҚ ТЕСІК АХАЛАЗИЯСЫ (өңеш қызметінің туа біте пайда болған патологиялық бұзылуы).

Кардиалық тесік ахалазиясы – өңеш қызметінің туа біте пайда болған патологиялық бұзылуы, тағамдардың өңештің төменгі сфинктері арқылы өту процесінің бұзылуы.

Негізгі белгілері:

- тамақты жүгүрудың қындауы – ас төстің артына жиналып қалғандай сезінеді
- салқын ас ыстық асқа қарағанда тез өтеді

- регургитация – өңеште астың жиналып қалуы кекірікке әкеледі де, ол тыныс жолдарын бітейді

- төстің артының ауруы

- жүдеу.

Диагностика жасау амалдары:

- негізгі амал айырымды заттармен рентгендік зерттеу болып табылады – өңештің кеңеюі, өңештің сақтау бөлігінің тарылуы, өңештің кеңейген бөлігінің бірдей пішіндері

- фиброзофагогастроскопия

өңештің сілемейлі қабығының қызаруы, оның жараға айналуы, ірі қыртыстар.

Емдеу:

- консервативті терапия – нитраттар, антихолинэргиялық дәрмектер, β-адреномиметиктер

- өңештің тарылған бөлігін арнайы зондпен кеңейту

- хирургиялық емдеу – экзомукозды эзофагокардиомиотомияға операция, өңешке ішек пен асказаннан өңеш түтіктерін қалыптастыратын операция жасау.

БЛЕФАРИТ

(қас қабақтары шеттерінің қабынуы).

Блефарит – қас қабақтары шеттерінің қабынуы (себорея, стафилокок жұқпасы).

Негізгі белгілері:

• себорея блефариті – қабақ шеттерінің қызаруы, қабақтың құрғак қабыршықтануы, бастың шаш бөліктерінің, қас, мұрын-ерін үшбұрышының қабыршақтануы

• стафилокок блефариті – қышуы, қабақтың ашуы, суретке түсуден қорку, жас ағуы, қабақтың шеттері қалындал, сарғыш өңеделіп, қызаруы, жараның пайда болуы

• аралас блефарит (себорея және стафилокок).

Емдеу:

• себорея блефаритінде мақта тампонымен қабыршақтарды тазартып, ұйқы алдында қабаққа 0,5% гидрокортизон көз майы жағылады

• стафилокок блефаритінде – тәулігіне 4 рет сульфат цинкінің тамшысы тамызылады.

БЕХТЕРЕВ АУРУЫ

(омыртқа буынының қозғалмайтын соылмалы ауруы).

Омыртқа буынының қозғалмайтын соылмалы ауруы – көршілес тамыр осциллоренің дегенеративті закымдалуы, буын қалталарының фиброзы, байтимдардың ізбестенуі және сүйектенуі. Ауру, әдетте, сегізкөз-санның буында сұышан басталып, біргіндеп омыртқаға, көбіне, бел және мойын бөліктеріне таралыды. Патологиялық процесс аяқ-қол буындарына, ең алдымен, жамбас-сан және иық-жауырын буындарына таралуы мүмкін.

Негізгі белгілері:

- сегізкөз - санның буындаған жерінің пұзыруы
- омыртқаның бел және мойын бөліктерінің ауыру
- мойын және бел лордозы
- төс кифозы
- омыртқаның қозғалуы жайлап шектеле түседі
- аурудың негізгі белгілерінің дамуына қарай анықтала түседі.

Рентгенограммада сегізкөз-санның буындаусының сүйектелуі, омыртқа

буындары шеттерінің склерозы, буын қалтасының фиброзы және байламдардың сүйектенуі, омыртқааралық санылаулар жоғалады

Емдеу:

- ЕДШ (емдік дене шынықтыру)
- НКҚД
- глюокортикоидтар
- румалон, метотрексат, сульфазалин, лидаза сиякты басқа дәрілер қолдану.

ГАСТРОЭЗОФАГЕАЛЬДЫ РЕФЛЮКС АУРУЫ

(асқазан ішіндегілердің өңешке үнемі / жиі тасталуы).

Гастроэзофагеальды рефлюкс – асқазан ішіндегілердің өңешке үнемі / жиі тасталуы.

Негізгі белгілері

- қыжыл өңеште сезіледі
- ауа кекіру
- жеген тамақты кекіру
- эпигастральды жердің және төстің артының ауырсынуы
- денеге салмақ түскенде, ацы тамақ жегеннен кейін белгілер күшейе түседі.

Диагностика амалдары:

- фиброззофагогастроскопия

диагностиканың негізгі амалы – қызару, оңештің сілемей қабығының ісінуі, киікентай жаралар, гастрит, кардияның шылуду / жирылуы.

Емдеу:

- емдәм – ащы тамақ, арақ ішуге, темекі шегуге болмайды, шамадан тыс тамақ жесуге, тамақты салқын және ыстық етіп шегуге, ауыр жұмыс істеуге, үйқыдан 3-4 сағат бұрын тамақ ішуге болмайды
- антацидтер мен алгинаттар
- бактерияға қарсы дәрі-дәрмектер (омез, метронидазол және т.б.).
- хирургиялық ем – асқынулар (тартылыс, қан кету), консервативті емнің тиімді болмауы, Ниссен фундопликациясы операциясын жасау.

ГЕСТАЦИЯЛЫҚ ТРОФОБЛАСТИКАЛЫҚ АУРУ (жүктілікке байланысты жатырдағы ісіктің пролиферациясы негізінде пайда болатын аурұ).

Жүктілікке байланысты туынды трофобласттың (жатырдағы ісік) патологиялық пролиферациясы негізінде пайда болады.

Трофобласт түрлери:

•қын кірмесі –трофобласт пролиферациясы, ол жатыр қуысын жартылай және толық толтырады

•трофобласттың катерлі ісігі – құрылымсызданған қын кірмесі, хорионэпителиома

•бала жолдасы орналасқан жер трофобластының ісігі.

Негізгі белгілері:

•іштің төменгі жағының ауыруы

•жүктілік кезінде немесе босанғаннан кейін түрлі кезеңдері жатырдан қан кетуі, сирттай қан кету немесе ішперде қуысина қан кету

•жатыр көлемінің артуы

•түрлі ағзаларға метастаза беру.

Емдеу:

•химиотерапия (метотрексат, винбластин және т.б).

•хирургиялық ем – гистерэктомия.

ГИРШПРУНГ АУРУЫ

(тоқ ішектің сілекей асты өрімдері мен бұлшық еттерде түйінді жасушалардың туа біте болмауы).

Тоқ ішектің сілекей асты өрімдері мен бұлшық еттерде түйінді жасушалардың

туа біте болмауы, осының салдарынан ішектің осы бөліктерінде перисталика болмайды, осы бөліктерде нәжіс жиналып қалады; тоқ ішектің проксимальды болімі кенейеді.

Негізгі белгілері:

•іштің қатуы, метеоризм, ішперде қуысның ауруы, нәжіс тастарының құрылуы, құсу

•ауру бала кезден байқалады, жана іуган сәбілерде де болуы мүмкін

•тазарту шаюлары да біртіндеп әсер етпейтін болады

•жүдеу, анемия.

Диагностика жасау амалдары :

•анамnez

•тік ішекті саусақпен зерттегендे оның бос кеңістігі анықталады

•ішперде қуысның кең рентгенографиясы – тоқ ішектің ілмектерінің урленуі, ішектің ілмектеріндегі сұйық денгейінің аргы

•ректороманоскопия – тік ішекте нәжістің болмауы, жиырылмалы тік ішектен тоқ ішектің проксимальды кенейген бөлігіне күрт ауысу, онда нәжістің және нәжіс тастарының болуы

•ирригография – тоқ ішектің сол

жағының кеңейген, созылғандығы байқалады

• колоноскопия – жоғарыда айтыған өзгерістер.

Емдеу:

• хирургиялық ем – тоқ ішектің патологиялық өзгерген бөлігінің резекциясы – операцияның түрін хирург - проктолог анықтайды.

ДИВЕРТИКУЛЯРЛЫ (бүйірқалталы) ІШЕК АУРУЫ

Ауру ішек қабырғасында бүйірқалта пайда болуына байланысты туады. Көбіне тоқ ішектің бүйірқалталары оның сол жағында пайда болады. Жіңішке ішектің бүйірқалталары сирек кездеседі. Жіңішке ішектің бөліктерінен ұлтабар бүйірқалталары дамиды. Дивертикулез – көптеген бүйірқалталар. Дивертикулит – бүйірқалаталардың қабынуы. Ди-вертикулярлы ішек ауруы көбіне 60-80 жастағы адамдарда дамиды.

Негізгі белгілері:

• ішперде қуысындағы түрлі сипатты аурулар

• іштің желденуі

• нәжістің әрқалыптылығы – іштің қатуы, диарея, қалыпты нәжіс

- колит
- дисбактериоз
- ауру асқынғанда – ішперде қуысының сол бөлігіндегі бұлшық еттің жиырылуы және ауруы
- дене қызының көтерілу
- анорексия, локсу, құсу
- диарея, іштің қатуы
- бүйірқалтаның ішперде қуысына перфорациясы
- бүйірқалтадан қан кету
- ішектің өткізбеушілігі
- ЭОЖ жеделдетілуі, лейкоцитоз.

Емдеу:

- ауру асқынбай тұрганда амбулаториялық ем
- асқынғанда ауруханаға жатқызылуы керек
 - емдәм – өсімдік талшыктары көп тағам түрлері (жұзім, бұршақты, пияз, күріш, құрма, ананас).
 - спазмолитиктер, қымыл - қозғалысты реттейтін дәрілер
 - ішектің ішкі құрамын реттейтін дәрілер
 - бактерияға қарсы терапия
 - хирургиялық ем (көрсеткіштерді хирург - проктолог анықтайды).

ӨТ-ТАС АУРУЫ

Өт күйсінда, өт жолдарында құмның жиналудынан туатын ауру.

Негізгі белгілері:

- ауру белгі бермей немесе сәл ғана белгілерімен өтуі мүмкін –эпигастральды және оң қабырға астында ауырсынуды сезіну, қыжыл, метеоризм, майлар, ашы және шамадан тыс көп тамақ жегенде белгілері білінеді

- классикалық белгілері – эпигастральды, әсіресе, оң қабырға астының түрлі қарқынмен ауырсынуды, локсу, құсу, дене қызуының көтерілуі: пальпация жасағанда оң қабырға асты ауырады, бұлшық еттер жиырылған, өт күйсінің ұзак уақыт бойы қарқынды қабыну процесінде алдыңғы ішперде қабырғасы ауырады, ауырулар оң иыққа жайылады

- ЭОЖ жеделдетілуі, лейкоцит формуласының солға қарай жылжуы.

Диагностика жасау амалдары:

- анамнез
- пальпация
- УДЗ – өт күйсіндағы құм анықталады.

Емдеу:

- хирургиялық ем – лапаротомия және өт күйсін сұлып тастау

- лапароскопикалық холецистэктомия
- ауру қабынбай тұрғанда оператиті ем тиімді нәтиже береді; өт күйсі қабының тұрған кезде оперативті емдеу операциядан кейін асқынуларға әкелуі мүмкін.

ӨКПЕНИҚ ТАРАЛҒАН ИНТЕРСТИЦИЯ АУРУЫ

Өкпенің таралмалы созылмалы қабынуының бронхиол және альвеол фиброзына ауысуы.

Негізгі белгілері:

- демікпе, тахипноэ
- құрғақ, ылғалды жөтел
- жалпы әлсіздік, тез шаршау
- ЭОЖ жеделдетілуі, лейкоцитоз
- қолдың саусақтары «барабан таяқшалары» сиякты
- аускультация жасағанда құрғақ сырыл анықталады.

Емдеу:

- глюкокортикоидтер – тәулігіне 60 мг 3 айға дейін преднизолон, кейін біртіндеп тәулігіне 20 мг 2 айға дейін азайтылады, ем 20 мг 1 жылға дейін созылады.

- бронходилятаторлар
- оксигенотерапия.

ӨКПЕНИ СОЗЫЛМАЛЫ ОБСТРУКТИВТІ АУРУЫ (ӨСОА)

Ауру созылмалы қабыну процесі салдарынан пайда болған кеңірдек тарамының өткізгіштігінің бұзылуы мен өкпениң эмфиземасының бірігуімен сипатталады.

Негізгі белгілері:

- жетел ылғалды, сілекеймен жөтеледі, қабыну процесі асқынған кезде сілекейлі - ірінді қақырық жиналады

- экспираторлы ентігу, еркін тыныс алғанда құрғак және ылғал (қабыну процесі асқынғанда) сырыйлдау, сырый тыныс алу жиілегенде күшейеді

- лейкоцитоз, қабынғанда ЭОЖ жеделдеуі, еритроцитоз

- спирометрияда – кеңірдек тарамының өткізгіштігі бұзылады

- ЭКГ – оң жақ суреті, аздаған тахикардия; ауыр жағдайларда – өкпе гипертензиясының белгілері.

Емдеу:

- асқынбаған жағдайда – бронхолитиктер, қақырық түсіретін дәрілер, темекі шегу, шан - топыракты және химиялық шанды жерлерде жұмыс істеуге болмайды

- қабынғанда бактерияға қарсы терапия тағайындалады.

ЗӘРТАС АУРУЫ

Зәртас ауруы бүйректе және зәр шығару жолдарында тұздың жиналудың сипатталады.

Негізгі белгілері:

- бел тұсының мерзім сайын жіті ауруы немесе тұрақты қасаң ауруы

- зәр шығару жолдары қабынғанда ірінді зәр шығару

- микро - және макрогематурия

- дизурия (зәр шығарудың бұзылуы) – іш шығаратын каналдың ауруы

- зәр анализінде – лейкоциттер, жана еритроциттер.

Диагностика жасау амалдары:

- контрастты емес және контрастты затпен рентгендік зерттеу

- УДЗ – зерттеудің барынша тиімділікісі.

Емдеу:

- уролитикалық дәрілер міндетті тұрғыде тұздың химиялық құрамына қарай тағайындалады

- қабыну процесінде бактерияға қарсы терапия

- хирургиялық ем – корсеткіш – екіжакты нефролитиаз ануриясында (зәрсіздік), жалғыз бүйрек, жіті ірінді

пиелонефрит, ірі гематурия; операція түрлері – қашықтықтан соқпалытотқынды литотрипсия, трансуретральды эндоскопиялық литотрипсия, пиелолитотомия, нефролитотомия.

АСҚАЗАН МЕН ҰЛТАБАРДЫҢ ОЙЫҚЖАРА АУРУЫ

Асқазан мен ұлтабардың сілекейлі сілекейасты кемістігінің салдарынан туады, тіндердің жергілікті некрозы дамиды, ағзаның бүкіл қабырғасына паталогиялық процесс таралуы мүмкін және қабырғаның толық кемуі – кірікken ойықжарасы дамуы мүмкін.

Асқазанның ойықжарасы, негізгі белгілері:

I түрі – асқазанда жаралар дамиды

II түрі – асқазан мен ұлтабардың ойықжаралары бірдей дамиды

III түрі – пилорустық бөліктің ойықжарасы

IV түрі – өнештің - асқазандық жолың маңындағы асқазанның кіші інінде жаралар дамиды

•эпигастральды жердегі аурулар ең басты белгі болып саналады; кардиалық жердің және асқазанның артқы

қабырғасының ойықжараларында ауру тамактанғаннан кейін бірден білінеді; кіші інінде ойықжарасындағы аурулар тамактан кейін 30-60 минуттан кейін найда болады

•ауаны кекіру, асқазанан кекіру, локсу, қыжыл, іш қату.

Диагностика жасаудың тиімді әдісі

Эзофагогастродуоденоскопия диагностика жасаудың тиімді әдісі болып саналады, патологиялық барлық өзгерістер, олардың орналасқан жері анықталады, биопсия жасалуы мүмкін.

Ұлтабардың ойықжаралары, негізгі белгілері:

•көбіне ойықжара ішектің бастапқы болігінде болады, ішектің артқы және алдыңғы болігінде болуы мүмкін

•барлық науқастардың эпигастральды жері ауырады, «аш ауру» деп аталатын нұуру тамактан кейін 1,5-2,5 сағаттан кейін білінеді

•кеқіру, қыжылдау, іш қату, құсу.

Эзофагогастродуоденоскопия диагностика жасау тиімді әдіс болып саналады.

Емдеу:

•емдәм, темекіден, арақ - шараптан, шың тамактан түгелдей бас тарту

•қышқыл - сілті факторын басатын, қышқылды төмендететін (циметидин, ранитидин, фамотидин және т.б). дәрі-дәрмектер

•антихеликобактериялық дәрмектер (омез)

•антацидтер (ренни)

•хирургиялық ем – операцияның түрін хиург анықтайды.

Хирургиялық емнен кейін бөлімше дәрігерінің бақылауында болуы қажет; мерзімдік (көктем, күз) профилактикалық ем жасалады.

СҮЙЕЛДЕР

Сүйелдер – тері қабығына шығатын қатерсіз құрылымдар, шығу себебі – вирустар. Терінің түрлі бөліктеріне шығып, тарапады.

Негізгі белгілері:

•карапайым сүйелдер – диаметрі 0,5 см болатын шектелген жалғыз/көп сүйелдер, тығыз, сұрғыш түсті, гиперкератоз; орналасуы – қол, тізеде

•екше сүйелдері – сұрғыш түсті қабыршақталған капсула, беті тығыз, шекарасы нақты емес, пальпация жасағанда ауырады; табанның үнемі салмақ түсетін бөліктерінде дамиды

•жайпақ сүйелдер – жайпақ, биіктігі 2 мм., беті тегіс, түсі қызыш немесе сұрғыш-қоңыр, орналасуы – бет, қолдың сыртқы беті

•себорея кератозы – үстіңгі қабатқа шығады, жайпақ, ашық қоңыр/қоңыр түсті; орта/егде жастарда шығады; орналасуы – самай - мандай бөлігі

Әмдеу:

•кератолитиялық майлар (фторурацил, колхалин, интерферон, салицил және т.б).

•сұйық азот, лазермен сәулелендіру қолданылады.

ЖІТІ БРОНХИТ (бронх бұтақтарының қабынуы).

Жіті бронхит – бронх бұтақтарының қабынуы, ұзақтығы 2 - 4 апта.

Негізгі белгілері:

•жөтел, құрғақ, сілекейлі - ірінді қақырық аралас ылғал

•дene қызуы 38°C-ға дейін

•қалтырау

•төс тұсында белгісіз сипатты ауруы

•жалпы әлсіздік

•өзпенің аускультациясы – құрғақ және ылғал сырылдар

• қанның жалпы анализі: ЭОЖ аздап жеделдеуі, лейкоцитоз, лейконитарлы формула сол жаққа қарай жылжуы мүмкін.

Емдеу:

- амбулаториялық ем
- бактерияға қарсы терапия
- қақырық түсіретін дәрмектер
- НҚҚД.

БРОНХОЭКТАЗДАР

(созылмалы ірінді қабынудан кейін бронх қабырғасындағы құрылым өзгерістерінің салдарынан бронхтың біржола кеңеюі).

Бронхоэктаздар – созылмалы ірінді қабынудан кейін бронх қабырғасындағы құрылым өзгерістерінің салдарынан бронхтың біржола кеңеюі; та біткен бронхоэктаздар.

Цилиндр тәрізді және қалтатәрізді бронхоэктаздар.

Альвеолярлы тіндер процесінде ұласпайтын және ұласатын бронхоэктаздар; соңғы жағдайда альвеорлы тін ауасыз, онда қабыну процесі анықталған (ателектатикалық бронхоэктаздар).

Негізгі белгілері:

• тұрақты жөтел, көбіне таңертең үйқыдан тұрганнан кейін қозады және сілекейлі - ірінді / ірінді қақырық аралас, жағымсыз иісі болуы мүмкін

• жылдам тыныс алғанда төс тұсының белгісіз сипатты ауру (ұнемі емес)

• қан құсу

• тырнақтар «сағат шынылары», қолдың саусақтары «барабан таяқшалары» пішіндес

• өкпеге аускультация жасағанда – ұнемі түрлі ылғалды сырылдар,

• улану белгілері.

Диагностика жасау амалдары:

• рентгендік зерттеу

• бронхография – бронхтың түрлі кеңею түрлері байқалады, орналасуы үлкен нақтылықпен анықталады

• КТ ұсынылады

• фибробронхэндоскопия – бронхтың кеңейгені, бронх қабығының сілекейленгендігі байқалады; бронх ішіндегіні сорғызып шығару мен туралап дәрі қюодың емдік мәні бар.

Емдеу:

• консервативті терапия (бактерияға

қарсы, какырықтүсіретін дәрі-дәрмектер, бронхолитиктер) уақытша ғана тиімді

• хирургиялық ем – бронхоэкстаздармен зақымдалған өкпе тініне резекция жасау.

БРУЦЕЛЛЕЗ

(тірек - қымыл аппаратын, жүрек-қан жүйесін, жүйке жүйесін зақымдайтын жіті және созылмалы жүқпалы аурұ).

Зооноздың жіті және созылмалы жүқпалы аурұ, бұл аурұ тірек - қымыл аппаратын, жүрек - қан жүйесін, жүйке жүйесін зақымдайды. Жүқпалы аурудың негізгі тасушылары үй жануарлары, олармен қатысу, олардың сүті, еті арқылы жүгүш мүмкін.

Негізгі белгілері:

• жіті түрі – дене қызыны 39-40°C-ға дейін көтерілуі мүмкін

• генерализацияланған лимфоаденопатия

• бауырдың, көкбауырдың үлкеюі

• қанның жалпы анализі – лейкопения

• бастапқы - және екінші-созылмалы

брүцеллез – тірек - қымыл, жүйке, жыныс жүйелерінің зақымдалуы – полиартриттер (тізе, шынтақ, иық, жамбас - сан буындары)

• сакроилеиттер – тізені бүккенде сегіз - мықын буындарындағы аурұ, аяқтарды алдынғы ішперде қабырғасына жеткізгенде аурұ; белгілерінің диагностикалық мәні бар

• невриттер, радикулиттер

• орхиттер, эпидидимиттер

• жоспарланбаған түсіктер

• ириттер, кератиттер, соқырлықтың дамуы

• созылып өтетін пневмония.

Емдеу:

• бактерияга қарсы дәрмектер

• сезімталдылықты басатын дәрмектер

• глюокортикоидтер (преднизолон)

БУРСИТ

(үнемі қозғалысқа түсетін жерлердегі буынның синовиады қалтасының жіті \ созылмалы ауруы).

Бурсит – үнемі қозғалысқа түсетін жерлердегі буынның синовиады қалтасының жіті \ созылмалы ауруы; әдетте, бурситтер сінірдің қабынуымен бірге дамиды.

Негізгі белгілері:

• жіті бурсит – үнемі аурұ, буын қымылдының шектелуі, терінің қызаруы, пальпация жасағанда ауырсыну

•созылмалы бурсит – буын қымылының шектелуі, пальпация жасағанда ауырсыну, тығыз капсула, бұлшық еттердің істен шығуы мүмкін

•ЭОЖ жеделдетілген, пункция сұйығынан микрофлораны өсіреді

•рентгендік зерттеу – кабырғаларында кальцинаттар анықталады.

Емдеу:

•жіті бурситте – бактерияга қарсы терапия

•құрамындағыны жоятын пункция, пункция көп қайталануы мүмкін, ірінді құрам болмаған жағдайда – қуысқа глюкокортикоидтар қыю.

•НҚД

•созылмалы бурситте – НҚД, емдік гимнастика, физиотерапия

•ізбестелгенде – кальцинаттарды жою, бурсэктомия.

АЯҚ ВЕНАЛАРЫНЫҢ (қантамырларының) ВАРИКОЗДЫ КЕҢЕЮІ

Негізгі белгілері:

•кейбір веналық түйіндердің немесе веналық бағаманың бөлшекті кеңеюінің пайда болуы

•тері қабаттары өзгермеген

•варикозды кеңею жұмсақ, жеңіл жабысады.

Қалпына келу сатысының негізгі белгілері:

•аяқтың тез шаршауы, ауырлықты сезінү

•балтыр бұлшық еттерінің тартылуы, киркындылығы әртүрлі жіті аурулар

•быламық тәрізді, сирақ - табан буындарының, сирақтың ісінүі

•күре тамыр күрт кеңеїген, варикоз түйіндері үлкейген, жиырылған, иена қабырғалары тығыздалып, күре тамырдың теріге жабысып қалуы мүмкін

•табан, сирақ терілерінің бетін қара дактар басады

•әбден асқынып кеткен жағдайда трофикалық ойықжара дамуы мүмкін.

Емдеу:

•ауру біліне басталғанда интравенозды склеротерапия жасауға болады

•хирургиялық ем – операцияның түрін хирург - ангиолог аныктайды.

ВАРИКОЦЕЛЕ

Варикоцеле – енбау бауы, көбіне, сол жақ баудың күре тамырдың варикозды кеңеюі.

Варикоцеленің I деңгейі – аталық бездің тәменгі полюсі күре тамырдың варикозды кеңеюі; II деңгейі – аталық бездің тәменгі полюсінен тәмен веналардың варикозды кеңеюі; III деңгей – аталық бездің тәменгі полюсінен тәмен күре тамырдың варикозды кеңеюі, аталық бездің істен шығуы.

Негізгі белгілері:

•аурудың бастапқы кезеңінде белгілер жок, кейінрек – енқалтаның үлкеюі, ауырлықты сезіну, ауырсыну.

Диагностика жасау амалдары:

- тексеру
- пальпация
- УДЗ

•күре тамырдың енбау бауына қарағанда көбірек зақымдалғаны туралы күмән туған жағдайда, ангиография жасау қажет.

Емдеу:

•хирургиялық емнен кейін 1-2 жыл бойы мерзімді тексеріліп тұру керек.

АИВ - жұқпасы – ЖИТС

АИВ - жұқпасы – антропонозды вирусты жұқпасы, ол иммунитетті тапшылығының асықпай өсуімен шықталады және осыдан туындаитын басқа жұқпалы процестердің дамып, оның соны науқастың ажалына әкеледі.

Жұқпаның таратушы – адам. Вирус қаннан, шәуеттен, қынап сөлі, сүті, сілекейінен бөлініп шығады.

Аурудың төрт сатысы бар:

I саты – инкубациялық кезең

II саты – аурудың алғашқы белгілері

III саты – екінші рет ауру

IV саты – соңғы.

Инкубациялық кезең екі аптадан бірнеше жылдарға дейін созылады; белгілері білінбей өтеді.

Бастапқы сатыда төмендегідей белгілер байқалады: дене қызыу 39°С-та дейін көтеріледі, перифериялық лимфоаденопатия, фарингит, дене мен бетте әрitematозды ала папулезді (түйіншекті) бөртпе шығады, афтозды стоматит, эзофагит, ағзалардың сілемейлі қабығында жаралар пайда болады, бастың ауруы, миалгия, артраптология, лоқсу, құсу, диарея, гепатосplenомегалия, невриттер, ради-

кулиттер, шала салдану, менингит. Жіті кезеңнен кейін (1-ші айға дейін) бірнеше жылға созылатын жасырын кезең басталады. Сосын жайылған лимфоаденопатия дамиды.

Екінші рет ауру сатысында иммунитет тапшылығы өрбиді, түрлі жұқпалы аурулар мен герпес, терінің іріндеуі, ішкі ағзалардың зақымдануы, диарея, пневмония, өкпе туберкулезі, орталық және перифериялық жүйке жүйесінің зақымдалуы, Капош қатерлі ісігі, лимфома қатерлі ісігі сияқты онкологиялық аурулар дамиды.

Соңғы сатысында аталған белгілердің бәрі аскынып, ажалға экеледі.

Диагностика арнағы зертханалық зерттеулерді талап етеді.

АИВ-жұқпасына күмән туған жағдайда науқасты жедел түрде жұқпалы аурулар ауруханасына жатқызу қажет.

ДИСКОИДТЫ ҚЫЗЫЛЖЕГІ (терінің созылмалы ауруы).

Терінің созылмалы ауруы, аурудың бұл түрінде теріде қызарған ошақтар пайда болады, ошақтар қабыршақталып, кейбіреулері жансызданады, қабық-

тары қалындаиды, терінің үстінгі қантамырлары кеңейеді.

Негізгі белгілері:

- бет, тәс, қолдың терілеріндегі жапырақша тәрізді, қызарған ошақтар
- кейін ол жерлерде ақ немесе кізылала тыртықтар қалады және үстіңгі қантамырлары кеңейеді
- бастың шаш бөлігінде тыртықты ало-псісія.

Емде:

- глюокортикоидтарды жергілікті егу
- күннің өтуін, ыстық / суық әсерінен алишак болу, травматизацияция.

ЖҮЙЕЛІ ҚЫЗЫЛЖЕГІ

Тіндер мен ағзалардың қызметі бұзылған жүйелі аутоиммунды қабыну шуруы.

Негізгі белгілері:

- терінің дискоидты зақымдалуы – шеттері қызарған, пішіні тыындаған ошақтар, оргасы жансызданған, пигментсізденген
- бет ұштары мен мұрын қабырғаларының қызаруы
- теріге күн сәулесінің әсері
- бетте, мойында, төсте, аяқ - колда

көпоралымды ошақтар пайда болады, үстіңгі қантамырлары кеңейеді

- алопеция

- есекжем

- сілекейлі қабықтың зақымдануы

хейлит, эрозиялар

- буын, сіңір, байламдарының зақымдануы

- асептикалық некроздар

- бұлшық еттердің зақымдалуы

- өкпенің зақымдалуы, плеврит – демікпе, төс тұсының ауруы, аускультация жасағанда ылғал сырыйлдар

- жүректің зақымдалуы – миокардит, эндокардит, перикардит

- бүйректің зақымдалуы – нефрит

- лимфоаденопатия, спленомегалия

- орталық жүйке жүйесінің зақымдалуы – бас ауруы, қояншық тәрізді құрыққаңтар

- бассүйегі - ми жүйелерінің невропатиясы, невриттер, хорея, көлденең миелит.

Емдеу:

- глюкокортикоидтер

- иммунодепрессанттар

- НҚҚД

- белгілерге қарсы терапия.

Бастапқы ем ауруханада жасалуы жақсет. Амбулаториялық жағдайдағы кейінгі ем қатаң бақылауда жүргізілуі керек.

БАКТЕРИЯЛЫ ВУЛЬВОВАГИНИТ (сарпай - іннектік).

Бактериядан туатын сарпай мен қынаптың қабыныш ауруы.

Негізгі белгілері:

- аздаған су тәрізді шығындылар

- сілекейлі қабығының қызаруы.

Емдеу:

- бактерияға қарсы терапия

- сеписске қарсы ерітінділермен шаю

- құнделікті дәрет алу.

КАНДИДОЗДЫ ВУЛЬВОВАГИНИТ (санырау құлақшының салдарынан болатын сарпай мен қынаптың қызынуы).

Санырау құлақшының салдарынан болатын сарпай мен қынаптың асқынуы.

Негізгі белгілері:

- сарпайдың қышуы

- сарпай мен қынаптың үстіңгі беті қызарған

•ақшыл түсті, қою, жабысқақ, үсті сүзбе тәрізді түйіршіктермен жабылған.

Диагностика жасау амалдары:

•сұртіндінің микроскопиясы.

Емдеу:

•амбулаториялық ем – флукона-
зол (ішке), миқоназол (сарпай суппо-
зитарийі), клотrimазол (сарпайға салы-
натын дәрі).

БУЫННЫҢ ШЫҒУЫ

Сүйектің буын қабатының толық ау-
руы.

Төмендегідей түрлері:

- жаракатты шығу
- жартылай шығу
- толық шығу
- күрделі шығу.

Сонымен қатар жаракатты шығу, туа
біткен шығу, әдеттегі шығу, жабық неме-
се ашық шығу түрлері де бар.

Жаракатты шығудың негізгі белгілері:

- буынның қатты ауруы
- буын пішінінің өзгеруі
- шыққан жердің бағытталу осі
өзгерген (осытерінің сәйкес келмеуі,
осытің бұрышынан ауысуы)
- буынның белсенді қимылды болмауы
- буынды еріксіз қимылданатқанда оның
қатты ауруы

Га біте шығудың неғізгі белгілері:

•субъективті белгілері болмайды
(көбіне жамбас - сан буындарының
шығуы байқалады)

•шіліндерінің өзгеруі, шыққан
буынның толық қимылдамауы.

Гемартроз – шыққан буында қанның
жиналуы, мұндайда, көбіне асқынулар
болады.

Диагностика жасау амалдары:

•әр буынның өзіне тән өзгерістері

•рентгендік зерттеу – екіжақты рент-
генография, буын маңындағы сүйектің
ошпіндік жылжуы, сүйектің сынуы

•әр жағдайда шыққан буынға жақын
жерде пульстің болуы немесе болмауы

•қажет болған жағдайда – гемартроз-
ды анықтау үшін буынға пункция жасау.

Емдеу:

•ауырғанды басатын дәрі салғаннан
кейін шыққан жерде ертерек түзету ке-
рек

•шығуды түзету мүмкін болмаған
жағдайда шина, лангет салып, жарақат
болімшесіне ақырындалап апару керек

•гемартрозда қанды жою үшін буынға
пункция жасау.

ЖАМБАС-САН БУЫНЫНЫң ТУА БІТКЕН ШЫҒУЫ

Шығудың үш деңгейі бар: I деңгей – шығудың алды (ұршықбасты шұңқырының қисауы, кейнірек сан сүйегінің басында сүйектенген ядроның пайда болуы, ядроның басы буында); II деңгей – шыкқаннан кейінгі (сан сүйегінің басы жоғары қарай, ішке қарай қисайған, лимб шегіне, жартылай буында қалады, сүйектің басы ұршықбас шұңқырының ортасына қарай қисайған); III деңгейі – шығу (басы жоғарыға және ішке қарай қисайған, басы ұршықбас шұңқыры буынынан тыс орналасқан).

Негізгі белгілері:

- бөксе және тізе қыртыстарының асиметриясы – тыртыстар сау аяктардың тыртыстарынан жоғары орналасқан
- шыққан аяқ - қолдың қысқаруы
- шыққан аяқ - қолдың сыртқы ротации (бұралуы)
- аяқты тізеден және жамбас - сан буынында бұккенде жамбас - сан буынының сықырларуы және оның ішке қарай қисауы
- санды бұрғанда шектеу (70% тәмен)
- рентгендік зерттеу (міндепті түрде

екі буынды да бірдей) – белгілі сипаттар китары нақты диагноз қоюға мүмкіндік береді

•2-3 жылға дейін консервативті емнің негізгі принципі жамбас-сан және тізе буындарын арнайы бөлеу, емдік қалақ тиң арқылы бұгуде және оларды осындағы жағдайда ұзак уақыт ұстап тұруда

•хирургиялық ем – оперативті емнің түрлері

•бала ортопед - дәрігердің бақылауында болу керек.

ТІК ІШЕКТІҢ АЙНАЛЫП КЕТУІ

Тік ішектің айналып кетуі – тік ішек кабырғасының орнынан жылжуы және оның артқы өткізгіш тесік арқылы айналып кетуі; бұл ішек қабырғалары мен қыскыштарының құрылымдық және қызметтік өзгерістеріне әкеледі.

Негізгі белгілері:

•тік ішектің айналып кетуі – күшенгенде және үлкен дәретке отырғанда

•перианустық терінің қышуы және баздануы

•қан құйылу

•айналып кетудің III – I деңгейі: тік

ішек күшенгенде және үлкен дәрет алғанда ұлгайды, өзі түзеледі және солай сақталып тұрады; II деңгейі: тік ішекті қолдап түзетеді және солай сақталып тұрады; III деңгейі: айналған тік ішек түзетілмейді.

Диагностика жасау амалдары:

- анамнез

- тексеру

- колоноскопия, микрофлораны шаю.

Емдеу:

- балаларға I және II деңгейінде консервативті ем жасалуы мүмкін – емдәм үлкен дәреттің жөнделуі, дәрі-дәрмектер

- хирургиялық ем – оперативті емнің түрлерін хирург - проктолог анықтайды

СОЗЫЛМАЛЫ ГАСТРИТ (асқазанның созылмалы қабыну ауруы).

Бұл – асқазанның созылмалы қабыну ауруы, асқазанның сілекейлі қабығының морфологиялық өзгерістерінің дамуы және оның қызметінің бұзылуы.

Негізгі белгілері:

- тамақтан кейін, әсіреле, абыз, тұзды тамақтан кейін эпигістральды жердің түйіліп, сыздап, көтеріліп, үдей түсетін ауруы

- қыжыл, локсу, кекіру, запыран аралас құсу

- метеоризм, үлкен дәреттің тұрақты болмауы

- жүдеу.

Диагностика жасау амалдары:

- анамнез

- пальпация

- фиброзофагогастродуоденоскопия – асқазанның сілекейлі қабығының жансыздануы, гипертрофиясы, сілекейлі қабығының тыртыстануы, қанталауы, өрозия.

Емдеу:

- емдәм

- метронидазол, оmez

- антицидтер (құрамында алюминий бар дәрмектер)

- жансызданған гастритте – асқазан шырыны, пепсицил және т.б.

ГЕМАТУРИЯ (кан сию)

Гематурия – микро / макрогематурия – ішінше шығару жүйесінің түрлі ауруларының белгісі (қабыну аурулары, зэр - тас ауруы, туберкулез, қан тамырларының патологиясы, онкологиялық аурулар, жарақаттар).

Гематурия тудыратын ауруды анықтау кажет.

ГЕМОРРОЙ (айлан)

Геморрой – тік ішектің және анальды жолдың дистальды бөлігінің куысты бөлігінің гиперплазиясы, куысты деңелерден веналық қандары ағуының бұзылуы салдарынан дамиды.

Жіті геморройдың негізгі белгілері:

- геморрой түйінінің ісінуі – әлсіз ауру, пальпация жасағанда да әлсіз ауырады
- геморрой түйінінің тромбозы – ауру күшейе түседі, көкшіл түсті түйін үлкейеді, пальпация жасағанда ауру күшейеді, түйін тығыз болады
- геморрой түйінінің гемнекрозы – батып ауырады, түйіннің түсі қоңыр-қара, пальпация жасағанда батып ауырады, түйіннің беті ірінді-некротикалық сілекеймен көмкерілген, түйін жыртылып, қан кетуі мүмкін, венадан шыққан қан көп кетуі мүмкін

Созылмалы геморройдың негізгі белгілері:

- әдетте, ауырмайды; күйдіруі мүмкін, айналышық маңының ылғалданып тұруы
- үлкен дәретке отырғанда аздап қан кетуі мүмкін.

Емдеу:

- емдәм (женілдетілген)
- бактерияға қарсы терапия

• антисептикалық ерітінділерден жергілікті ванналар

- геморройға қарсы стрептозорийлер
- созылмалы геморрой жиі асқынғанда, тромбоздарда, қан кеткенде, ішкі геморрой түйіндерінің айналып кетуінде хирургиялық ем жасалады.

Созылмалы геморроидада, жиі болатын жіті геморроидада басқа аурулардың алдын алу үшін ректороманоскопия, ирригография, колоноскопия жасау қажет.

ВИРУСТЫ СОЗЫЛМАЛЫ ГЕПАТИТ

(вирустармен қоздырылған созылмалы жұқпалы ауру).

Гепатотропты вирустармен қоздырылған созылмалы жұқпалы ауру, оның клиникалық - морфологиялық сипаты бауырдың 6 айга созылған диффузды зақымдауында пайда болады.

Негізгі белгілері:

- кекіру, локсу, құсу, диарея – белсенді процесінде дененің қызыу көтеріледі

- бауырдың үлкеюі, пальпация жасағанда батып ауырады, жіті процесінде бауыр тығыз болып тұрады; қабыну деңгейі төмендегендеге бауырдың көлемі кішірейеді, тығыздығы сакталады

- асқынған процесс кезінде бауырдың тұсы аурады, саябырлағанда ауру каркыны бәсендейді

- сарғыш тартуы тұрақты емес

- бауырдың циррозында спленомегалия талақтын үлкеюі болады.

Емдеу:

- иммуноферментты дәрмектер
- глюокортикоидтер
- уыттануға қарсы терапия
- емдәм
- симптоматикалық терапия

ГЕСТОЗ

(жүктілік кезіндегі кеш болатын токсикоз).

Гестоз – жүктілік кезіндегі кеш болатын токсикоз.

Гестоздың алды – салмақ қосу, артериалды қан қысымының тербелісі (таңтеренгі және кешкі қан қысымының айырмашылығы, қан қысымының асиметриясы, сол қырымен және он қырымен жатқандағы қан қысымының айырмашылығы).

Негізгі белгілері (20 - апталық жүктіліктен кейін):

- артериалды қан қысымының тұракты ғүрде көтерінкілігі

- протеинурия

- ісінулер (аяқ - қолдан бастап, тері астындағы шелдің жаппай ісінуі).

Ем жүктілікті сактап, аман - есен босандыру мақсатында жүргізіледі:

- амбулаторлық емді тек гестоз алдындағы жағдайда ғана жасауға болады; емдәм, фитотерапия, тамактануға қолайлы күн тәртібі

- гестозды ауруханада емдейді; төсек тәртібі; емдәм, дene салмағын, артериалды қан қысымын, зәр құрамындағы нәрүз мөлшерін бақылауды ұстau керек

- тамыр спазмолитиктері

- седативті дәрмектер

- жатыр - плацента қан жүруін жақсартатын дәрмектер, дезагреганттар

- қабыну аурулары болған жағдайда - бактерияға қарсы терапия

Ерте босануға рұқсат етілетін көрсеткіштер:

- артериалды қан қысымының өсе ғүсүі

- протеинурияның артуы

- үрықтың жағдайының бұзылуы

- Кесарев кесуімен аяқталуы мүмкін,

ГИДРОЦЕЛЕ (атабез қабығының шемені).

Гидроцеле – атабез қабығының шемені – атабездің париетальды және висцералық жапырақшалары арасында сірнелі сұйыктың бөлінін шығуы және жиналуды.

Негізгі белгілері:

- атабездің жіті шемені – енқалтаның өсуі, атабез бен қосалқысында қатты аурулар, терісі қызарған, пальпация ауыртады, дene қызыу көтерілген

- атабездің созылмалы шемені – енқалтаның өсуі, тыныш жатқанда ауруы басталып, жүргенде күшейді, пальпация кезінде ауыртады.

Емдеу:

- хирургиялық ем
- сұйықты соратын пункция жасау, 5-4 реттен көп жасауга болмайды.

ЕРКЕКБЕЗДІҢ ҚАТЕРСІЗ ІСІГІНІҢ ГИПЕРПЛАЗИЯСЫ

Ауру ерекбездің приуретральды бөлігінің өсуінің салдарынан болады асқынған кезде үрпінің ерекбез жағы жаншылады.

I саты – поллакиурия, никтурия, іор шығарғысы келе беруі; II саты – айтылғандарға қоса – қалдық зәрдің болуы, жұқпалы болуы мүмкін; III саты – қалдық зәр қуықты толтырып жібереді, іор тамшылап шығып тұрады.

Негізгі белгілері:

- жіті зәр шығарғысы келе беруі, зәрдің киналыш шығуы, зәрдің жай ағуы, қуық голық босамағандай сезіну, никтурия.

- зәр шығарғаннан кейін қалған қалдық зәрдің өсуі
- зәрдің жіті жүрмеуі – зәр шығару жолдарының жұқпалы ауруы.

Диагностика жасау амалдары:

- анамнез
- ерекбезді саусақпен ректальды зертгесу

- УДЗ, КТ ұсынылады
- Эндоскопиялық цистоскопия.

Емдеу:

- аурудың I сатысында адреноблокаторлар

- аурудың II-III сатысында хирургиялық ем; оперативті емнің түрі мен колемін хирург - уролог жасайды.

Жалпы тәжірибе дәрігері өзінің алдына, келген жасы 50 - дең асқан әр адамның ерекбезін тексеруі керек.

АРТЕРИАЛДЫ ГИПЕРТЕНЗИЯ (гипертензияның себебі анықталмаған жағдайда қан қысымының көтеріліп ауруы).

АГ – систоликалық қан қысымы 140 мм рт.ст немесе дистоликалық қан қысымы 90 мм рт.ст асады (науқас тыныш қалыпта отырғанда тәуліктің әр уақытында 3 рет өлшеу нәтижесінде көтерілген қан қысымының фиксациясы); АГ ауруының себебі анықталған жағдайда ол екінші қайталануы, ал анықталмаған жағдайда бірінші болып саналады.

Негізгі белгілері:

- церебральды белгілер: бастың ауруы, айналуы, ишемиялық / геморрагиялық инсульттар, көру жітілігінің төмендеуі, психикалық ауытқулар
- кардиалық белгілер: жүрек тұсының ауруы, жүректің ишемиялық ауруы, миокард инфаркттысы
- бүйректік белгілері: полиурия, олигурия, никтурия, микрогематурия
- перифериялық артериялардың зақымдалуы (көбіне, аяқ - қол)

- невриттер, полиневриттер.

Емдеу:

- емдәм (темекі, арақ - шарап, тұздықтар, аңы тағам түрлеріне шектеу койылады)

- ауыр жұмыс істемеуге, психологиялық күйзелістерді болдырмау

- β-адреноблокаторлар – пропранолол, шиндолол, бетаксолол және т.б.

- диуретикалық дәрмектер – гидрохлортиазид, индапамид, фуросимид және т.б. (қан құрамындағы калий міндепті түрде бақылауда болуы керек)

- ангиотензин тежеуіштері – каптоприл, эналаприл және т.б.

- кальций жолдарының блокаторлары нифедипин, верапамил және т.б.

- ангиотензин рецептерінің блокаторлары

- α-адреноблокаторлары.

Артериалды гипертензиясы анықталған науқас міндепті түрде ауруханаға жатқызылуы мүмкін. Диспансерлік есепке тұрғызылуы керек.

ГИПЕРТИРЕОЗ

(улы, түйінді зобта қан құрамында қалқанша без гормондарының шамадан тыс көп болуы).

Гипертиреоз – диффузды улы, түйінді зобта қан құрамында қалқанша без гормондарының шамадан тыс көп болуы.

Негізгі белгілері:

- қалқанша бездің үлкесі (толық немесе түйінді түрде)
- дене салмағының төмендеуі, терлеу, тері ыстық, ылғалды болуы;
- көңіл - күйдің ауытқулығы
- пульс жиі, пульс қысымы артады
- тәбет артады, кіші дәрет тұрақты емес, іш түйіліп ауырады
- бұлшық ет әлсіздігі, тез шаршау.

Емдеу:

- дәрі - дәрмек терапиясы – антиреодты дәрмектер
- хирургиялық ем – қалқанша без резекциясы.

ГЛАУКОМА (суқараңғылық)

Глаукома – коз іші қысымы көтерілетін ауру, көз торқабығының дегенерацияланып, толық соқырлыққа әкелуі мүмкін.

Жіті глаукома:

- бастың мәндай тұсының, көз шүңқырының, кеңсіріктің ауруы, көздің шиншып ауруы, ол көбіне түнде немесе гәртерден ерте кенеттен басталады
- локсу, құсу
- жарық қалың тұман арасынан коринеді
- коз қарашығы қатты қызарады, нальпация жасағанда тығыз, мөлдір-қибағы бұлышыпты, қарашығы кеңейгені байқалады.

Қарапайым созылмалы глаукома:

- аурудың алғашқы белгілері: көрудің шашарлауы, көру алаңының шектелуі
- офтальмоскопия жасағанда қарашықта аздаған ойық анықталады.

Емдеу:

- алғашқы көмек – көз іші қысымын үсіретін көз тамшылары: тимолол, лебобуналол, пилокарпин беріледі
- науқасты офтальмология бөлімшесінде тексерілін, емделуғе жіберілуі керек
- науқас офтальмологтың диспансерлік сессіндегі болуы қажет.

БАСТЫҢ АУРУЫ

Бастың ауруы көп кездеседі.

Бас түрлі себептермен ауырады – бұл бас миындағы ірі процестер, бас пен мойын қантамырларының паталогиясы, ми қабықтарының қабынуы, бассүйегі ішіндегі гипертензия, стрестер, невралгия және т.б.

ЖМК (жергілікті медициналық кешен) жағдайларында бастың ауыру себептерін толық және дәл анықтау мүмкін бола бермейді. Сондықтан да науқасты неврологиялық бөлімшеге арнайы тексеруге жіберу керек.

ІШ ЖАРЫҒЫ

Іш жарығының сыртқы және ішкі түрлері бар.

Сыртқы жарықтар – алдыңғы ішперде қабырғасының ақаулары арқылы іштің ішкі ағзаларының шығуы.

Ішкі жарықтар – диафрагманың табиғи/жарақаттан кейінгі тесіктері арқылы іштің ішкі ағзаларының кеуде қуысына шығуы.

Шап жарықтары – шаптың кисық жарығы, түзу жарығы.

Сан жарығы.

Кіндік жарығы.

Іштің ақ сзызының жарығы.

Операциядан кейінгі жарықтар.

Негізгі белгілері:

• кей жерлерде ішкі ағзалардың терінің

шығында шығынқыланып тұруы

• шығынқы түрған жердегі түрлі киркynды аурулар

• колмен басқанда шығынқылар көлемі, жарық тесігінің көлемі, жарық кұрамындағыны ішперде қуысына салу, олмау мүмкіндігі

• «жөтелдің итеруі» деп аталатын белгі жарықты пальпация жасап саусақпен

шана уақыт қысу

• аускультация жасағанда перистальтикалық шуыл естіледі (жарықтың шинде ішек болса)

• жарықтар жарық тесігінде қысылуы мүмкін, ал бұл жарықтың түрлі деңгейдегі ауруға әкеледі.

Іш жарығын хирургиялық жолмен смлейді.

ӨМЫРТҚА БӨЛІМІНІЦ БЕЛ ОМЫРТҚААРАЛЫҚ ДИСКІСІНІЦ ЖАРЫҒЫ

Омыртқааралық дискі бөлігінің омыртқа каналына шығыңқыланып жүйке құрылымдарын жаншуы; аурудың остеохондроз / омыртқа жарақаттары салдарынан дамиды. Оның протрузия (шығыңқылығы), пролпас, орталық, латеральды және парамедиальды түрлер бар.

Негізгі белгілері:

- бел тұсының ауруы, құйымшақ жүйкесі бойының қақсан ауруы
- вертебральды синдром, омыртқаның бел бөлігі қимылданың шектелуі
- паравертебральды бұлышқ еттердің жиырылуы, пальпация жасағанда ауырсынуы
- парамедиальды және орталық жарықта ауырған жаққа қарай қисаю, басылған түбіршектен қарама қарсы жаққа қарай қисаю
- түбіршек синдромы: белдегі ауру бөксеге, құйымшақ жүйкесінің бойына қарай тарапады
- «жөтелдің итеруі» синдромы – жөтелгенде, түшкіргенде, ауыр көтер-

Генде, омыртқа осінен бұрылғанда күш шығаратын жер қатты аурады.

Емдеу:

- омыртқаны тарту
- анестезия дәрмектерін салып, бөгет жасау
- анальгетиктер, НҚҚД, глюкокортикоидтар
- физиотерапия, акупунктура, ЕДШ
- оперативті ем (ортопедия бөлімшесінде).

ОМЫРТҚАНЫҢ МОЙЫН ЖӘНЕ ТӨС БӨЛІМІНІҢ ОМЫРТҚААРАЛЫҚ ДИСКІСІНІҢ ЖАРЫҒЫ

Мойын омыртқасы дискілерінің жарығы, әдетте, жарақаттан кейін немесе одан біраз уақыт өткеннен кейін пайда болады.

Негізгі белгілері:

- мойында түрлі сипаттағы аурулар
- паравертебральды бұлшық еттерінің жиырылуы
- жарық бір қырында болғанда ауру жоғары, қолға қарай ауысады, парестезия, бұлшық еттердің жансыздануы

•жұлынды ми басқанда миело-патикалық синдром дамиды.

Омыртқаның төс бөлігінің жарықтары көбіне төменгі төрт төс омыртқасында пайда болады, мұндайда жұлын - миы басылғандағыдай жағдай қайталанады.

Негізгі белгілері:

•омыртқаның төс және бел бөлігіндегі аурулар

•жарық бір қырында болғанда ауру қабырғааралық жүйкелер арқылы төс клеткасына, одан әрі төс сүйегіне дейін ауысып, ішперденің алдыңғы қабырғасының жоғары бөлігіне өтеді, парестезиялар.

Емдеу:

•консервативті терапия: физиотерапия, ЕДШ, сылау, омыртқаны тарту

•анестезия дәрмектерін салып, жергілікті бөгет жасау;

•анальгетиктер, НҚҚД, глюокортикоидтар

•акупунктура

•мойын корсеті (жұмсақ)

•оперативті ем (ортопедия бөлімшелерінде).

ДЕМПИНГ - СИНДРОМ (түрлі операциялардан кейін асқазаның ішіндегі массаның тік ішекке тез тұсуі).

Асқазан резекциясына жасалған операция, ваготомиялар, пилоро - пластиктерден кейін асқазанның ішіндегі массаның тік ішекке тез тұсуі.

Ерте демпинг - синдром – асқазандағы тамақ массалары тамақтан кейін 30 минут ішінде тік ішекке тұседі.

Кеш демпинг - синдром – асқазандағы тамақ массалары тамақтан кейін 1,5-2 сағат ішінде тік ішекке тұседі.

Ауырлық деңгейі: женіл деңгейі – сұт ошімдері мен тәтті тағамдардан кейін пайда болады; орташа – тамақтан кейін болады, науқас реакция берген деңгейде жатады; ауыр деңгейі – қандай да бір тамақ жегеннен кейін, науқас тамақты жатып жейді, тамақтан кейін 2-3 сағат жатуға мәжбүр.

Негізгі белгілері:

- ішперде қуысында жайсыздық сезінеді, сипаты белгісіз аурулар, перистальтиканың күшеюі, метеоризм

- жалпы әлсіреудің талманың женіл түріне дейін, бастың айналуы, аяқ-

қолдың әлсіздігі, жүректің қағуы, артериалық қан қысымының төмендеуі

- жұдеуі

- тәтті тағамнан кейін белгілері жылдам және айқын білінеді.

Емдеу:

- консервативті терапия: емдәм, тәтті тағамды барынша азайту

- жиі тамақ ішу (тәулігіне 5-6 рет)

- тамақтан кейін – 30-60 минут төсекте жату

- орнын басатын терапия: асқазан шырыны, панзинорм форте, панкреатин және т.б.

- оперативті ем демпинг-синдромының ауыр деңгейінде (операцияның түрін хирург - гастроэнтеролог анықтайды, операция өте күрделі).

АТОПИЯЛЫҚ ДЕРМАТИТ (терінің созылмалы қабынып ауруы).

Атопиялық дерматит – терінің созылмалы қабынып ауруы, қышыну, тершіл дистрофиялық өзгерістері.

Негізгі белгілері:

- әлсіз басталған қышудың біртіндеп

шүшсөі, терінің күрғақтығы, бет әрите-
масы, тері бөліктерінің бояусыздануы
(бет, иық)

- алақан сзықтарының айқындалуы
- томенгі қабақ терісінің қыртыстануы
- қызару, ісіну, инфильтрация, папула-
тар, терінің, көбіне маңдай, бет, мойын
терілерінің лихенизациясы
- осындай өзгерістер терінің табиғи
шартыстарында да болады.

Імдеу:

• анықталған немесе қалыпты
шергендерді (сүт, жұмыртқа, жаңғақ,
шгрұс жидектері және т.б). емдәмнен
біржола алыш тастау

• ванналар, аэрозольдер, сулы была-
мыхтар, себінді ұнтақтар

• септикке қарсы ерітінділер, бактерия-
лы қарсы дәрмектер қосылған глюокор-
тикоидтар, ультракүлгінді сәулелендіру

• антигистаминді дәрмектерді қабыл-
шу

• плазмаферез.

ДЕРМАТОМИКОЗДАР

(терінің жаражалары).

Терінің патогенді жаражалармен көмкерілуі.

Классификациясы: кератомикоздар (теміреткі түрлері), шап дерматофитиясы, микоздар, трихофития, микроспория, фавус, кандидоз, терең микоздар.

Негізгі белгілері:

- терінің бастың шаш бөлігі, сақал, мұрт, тырнақ өсетін жерлері зақымдалады

- диаметрі 5 см дөңгелек, алқызыл түйіндер, бір немесе топтап қайталанатын түрлері

- папулалар мен пустулдар, пиодермия, бәртпелер, тілінулер, эрозиялар, қабықтары сары - қоңыр

- тыртық алопециясы, қабыршақтар.

Емдеу:

- синтетикалық бәртпеге қарсы дәрмектер: ликоназол, клотrimазол, нафтизин, нетоконазол және т.б.; жұқпа асқынғанда бактерияға қарсы терапия.

ТАБАН ДЕРМАТОМИКОЗЫ **(табан терісі қабатының, башпай шраларының созылмалы ауруы).**

Табан терісі қабатының, башпай шраларының созылмалы микоздық ауруы; терінің алыс жатқан бөліктеріне де тирадуы мүмкін.

Негізгі белгілері:

•дисгидротикалық форма – эритематозды терідегі түйіндік, сақина және жартылай сақина түріндегі сулы бөртпелер, табанның басында және қыркүйектарында болады; бөртпені ашқанда эрозиялар

•гиперкератотикалық форма – эритематозды - кабыршықтанған ошактары табанның астыңғы және қапталғанда болады, әртүрлі, ірі зақым ошактарына ұласуы мүмкін

•базданған форма – эрозиялар, саусак шралары мен табан башпайларының тыртыстары эпителиясының мацерациясы

•бактерия жүқпасының қосылуы шурудың ағымын ауырлатады.

Емдеу:

•емдеу жолдарын «Дерматомикоздар» болімінен қараңыз.

КЕУДЕНИҚ ТУА БІТКЕН ДЕФОРМАЦИЯЛАРЫ

(құйғытәріздес кеуде – төссүйегі мен қабырғаның қеуденің ішіне қарай кірігүі).

Құйғытәріздес кеуде – төссүйегі мен қабырғаның алдыңғы бөлігінің жүректі, тыныс алу азсаларын итере отырып, қеуденің ішіне қарай кірігүі. Деформацияның симметриялық, ассиметриялық, жайпақ құйғы тәріздес түрлері, үш деңгейі бар.

I деңгей – деформация терендігі 2 см;

II деңгей – деформация терендігі 4 см дейін;

III деңгей – деформация терендігі 4 смден көп.

Емдеу:

• хирургиялық ем, операция жасалады.

Құстес кеуде – төссүйегі мен қабырғаны қеуде қабырғасынан алға қарай тарту.

Қосымша мойын қабырғалары – сырттай тексергеннен байқалады: мойынның толықтығы, мойынның қимылсының шектелуі мүмкін, белгілері мойын тамырлары мен жүйкелерінің басқанда білінеді. Бұл белгілер анықталған

жағдайда оперативті ем тағайындалады қосымша қабырғалар алынып тасталады.

ҚАНТ ДИАБЕТИ

(кан құрамында глюкозаның шама-
дан тыс көп болуы).

Қан құрамында глюкозаның шама-
дан тыс көп болуы (гипергликемия),
инсулиннің әрекетінің бұзылуынан
туындейды. Мынадай түрлері бар: I
типтегі қант диабеті (автоиммунды,
идиопатикалық), асқазанасты бездері-
ниң β-жасушаларының құрылымсыз-
дануынан туып, нағыз инсулин
жетіспеушілігіне әкеледі; II типтегі қант
диабеті – салыстырмалы түрдегі инсулин
жетіспеушілігі, инсулин секрециясының
кемістігі; гестационды қант диабеті
(жүктілік кезінде); генетикалық та-
бигаты бар қант диабеті, жұқпаның,
шәрі-дәрмектердің салдарынан болатын
түрлері бар.

Қант диабетінің ауырлық деңгейі:
женіл (белгілері жоқтың қасы және болар-
 болмас); орта және ауыр деңгейі (түрлі
әззалар тамырларының зақымдалуы).

Негізгі белгілері:

- полиурия
- полидипсия
- полифагия
- терінің зақымдалуы (жұқпа, атоим-мунды)

•көрү жітілігінің төмендеуі
•ЖИА, АГ, нефропатиялар
•некроздар.

Емдеу:

•науқасқа гликемияны бақылауды

Үйрету

- емдәм
- инсулинотерапия
- дәрі-дәрмек терапиясы.

Науқас эндокринологияның, бөлімше дәрігерінің бақылауында болады.

СОЗЫЛМАЛЫ ДИАРЕЯ (екі апта бойына үлкен дәреттің тоқтамауы).

Екі апта бойына үлкен дәреттің тоқтамауы.

Негізгі белгілері:

- үлкен дәреттің сүйылуы және жиелеуі
- штің сол жағының түйіліп ауруы
- тенезмдер
- метеоризм
- жүдеу (үлкен дәрет тоқтамағанда басталып, тез дамиды)

•дене қызыу көтеріледі

•каш аралас үлкен дәрет

•үлкен дәреттің құрамында тамактың кішіліктары болуы мүмкін

•жалны әлсіздік, көңіл - күй ауыт-кушыны.

Емдеу:

•дәрі - дәрмектер – бактерияға қарсы дәрмектер, ферменттер (хилак форте және т.б.), спазмолитиктер

•емдәм.

ҰЛТАБАР ДИВЕРТИКУЛЫ (бүйірқалта)

Ұлтабар бүйірқалтасының жалғыз жағе көптік түрлері бар, жиілігі жағынан – тоқ ішектің бүйірқалталарынан кейін екінші орында; бүйірқалталардың 2/3 үлкен дуоденальды емізіктің тұсына орналасады.

Негізгі белгілері:

•асқынбаған бүйірқалталарда белгілері білінбейді

•бүйірқалтаның асқынуы – ұлтабардың жоғары көлденең бөлігінде орналасқан жағдайдағы клиникалық белгілері ойықжара ауруына ұқсайды

•бүйірқалталардың төменгі жағы

асқынғанда холангит, механикалық сары ауру, панкреатит

•төменгі көлденең бөліктің бүйір-қалталары ұлтабардың механикалық өткізбеушілігін шақыруы мүмкін.

Емдеу:

•консервативті ем – емдәм, спазмолитиктер, микробқа қарсы терапия

•жіңі қайталана берген жағдайда хирургиялық ем жасалады.

МЕККЕЛЬ ДИВЕРТИКУЛЫ

Дивертикул мықын ішегінде илеоцекаль бұрышынан 50-100 см шамасында орналасқан.

Асқынғанда – жіті аппендицитке, ішектің өткізбеушілігіне, перфорация, қан құйылуына ұқсайды – оперативті емді талап етеді: дивертикулды алып тастау, ішекті кесіп алып тастау.

ӨҢЕШ ДИВЕРТИКУЛЫ

Дивертикулдар өңештің жоғары бөлігінде орналасқан, Ценкер дивертикулының бір түрі болып саналады. Бұл дивертикулда тамақ қалдықтарының көп жиналатындығы соншалық, олар өңешті механикалық басып тастайды. Мұндай

Дивертиларда жедел түрде оперативті ем дивертикул алынып тасталуы керек.

Дивертиулдар өңешті орта үштігінде ориаласуы мүмкін. Дивертиулдардың оперативті емі үлкен дивертиулдарда жоғе жи қайталанғанда жасалады.

Диагностика жасау жолдары:
• рентгендік зерттеу, фиброзофагоскопия.

ДИСМЕНОРЕЯ

(етеккір келерінің алдында және келген кезінде ішперде қуысының төменгі жағының түйіліп ауруы).

Дисменорея – етеккір келерінің алдында және келген кезінде ішперде қуысының төменгі жағының түйіліп ауруы.

Үрінші дисменорея – жыныс ағзашында патологиялық өзгерістер жок.

Екінші дисменорея – жыныс ағзашында түрлі патологиялық өзгерістердің болуы; қабыну аурулары, туабіткен аурулар, эндометриоз, ісіктер.

Емдеу:

- белгілерін емдеу
- қабыну ауруларындағы бактерияға кирыс терапия
- хирургиялық ем (эндометриозда, ісіктегірде).

УЛЫ ДИФФУЗДЫ ЗОБ (аутоиммунды ауру, қалқанша бездің тарала көбеюі).

Улы диффузды зоб – аутоиммунды ауру, қалқанша бездің тарала көбеюмен және гипертреозбен сипатталады.

Негізгі белгілері:

«Гипертреоз» бөлімін қараңыз.

Емдеу:

«Гипертреоз» бөлімін қараңыз.

УЛЫ ТҮЙІНДІ ЗОБ

Улы түйінді зоб – клиникалық белгілері қалқанша без аденоңасының шамадан тыс қызметінің салдарынан болатын гипертреозбен анықталады.

Емдеу:

• хирургиялық – оперативті түрін қалқанша без түйіндерін алып тастау.

ЭНДЕМИЯЛЫҚ ЗОБ

(суда, тамақ өнімдерінде иодтың жетіспеушілігінен кейбір географиялық аудандар тұрғындарын зақымдайтын ауру).

Эндемиялық зоб – суда, тамақ өнімдерінде иодтың жетіспеушілігінен кейбір географиялық аудандар тұрғын-

шыны зақымдайтын ауру. Эндемиялық зоб диффузды және түйінді түрлері.

Негізгі белгілері:

• гипотиреозбен / тиреотоксикозбен анықталады.

Емдеу:

• консервативті ем (йод дәрмектері және тиреоидты гормондар), йодпен баптылған емдәм

• үлкен диффузды немесе түйінді зоб-
хирургиялық ем жасалады.

АНУСТЫҚ ҚЫШЫНУ

(айналышқытың және оның терісінің үнемі қышынуы).

Анустық қышыну – перианальдың және оның терісінің үнемі қышынуы.

Бірінші (идиопатиялық, нейрогенді, криптогенді) және екінші қышыну (геморройда, айналышқысы заттанғанда, проктосигмоидиттерде, диареяда, ішек-күргін инвазиясында).

Негізгі белгілері:

• қышыну

• тері құрғак / ылғал

• терінің қышыну жолақтары

Емдеу:

• смдәм (ащы және тәтті тағамдарды алып тастау)

- айналышықты үқыптаң тазалау (әсіресе, үлкен дәреттен кейін)
 - жергілікті анестезия дәрмектері (кремдер, гель)
 - жергілікті бактерияға қарсы дәрмектер (майлар)
 - анықталған ауруларды емдеу.
- Ем амбулаториялық жағдайда жасалады.

ЖЫНЫСТЫҚ МУШЕЛЕРДІҢ ҚЫШЫНЫ

Жыныстық мүшелердің қышынуы – сыртқы жыныстық ағзалардың қышынуы, ол ағзалардың қабыну ауруларынан бөртпе зақымдалуынан, механикалық қоздырғыштардың (іш киімдердің сапасы, химиялық құрамы, дәрілер, дерматиттер және т.б.). салдарынан болады

Негізгі белгілері:

- қышыну
- тері қызарған, ісінген
- қышыну жолақтары
- бактериялық жүқпа және бөртпелі зақымдану.

Емдеу:

- емдәм (ацы және тұщы тағамдар алынып тасталады)

- ұқыпты тазалану
- жергілікті анестезия дәрмектері кремдер, гель)
- жергілікті бактерияға қарсы дәрмектер (майлар)
- анықталған ауруларды емдеу.

ОЙЫҚЖАРА КОЛИТІ

(тоқ ішектің созылмалы қабыну ауруы).

Тоқ ішектің созылмалы қабыну ауруы, сілекейлі қабықтың ойықжара-некротикалық зақымдалуы. Колиттің жіті, созылмалы, қайталана беретін және үзіліссіз түрлері бар. Ауырлық жағынан: женіл, орта, күрделі.

Женіл деңгейі – тәулігіне 4 - 5 рет, быламық тәрізді үлкен дәрет болу. Орташа деңгейі – үлкен дәрет бұрынғысынан жиілейді, быламық тәрізді, сұйық, аздаپ қан аралас. Ауыр деңгейі – дәрет тәулігіне 15 рет, сұйық, қан көбірек араласқан түрі болуы.

Негізгі белгілері:

- быламық тәрізді / сұйық, қан, ірің, сілекей аралас үлкен дәретін жиі болуы
- тенезмдер
- ішперде қуысындағы, әсіресе, оның

сол жағының түйіндеп ауры, дәретке отырғаннан кейін ауру сәл саябырлайды.

Диагностика жасау амалдары:

- рентгендік зерттеу

•ирригография (гаустралары дәл емес, білінбейі де мүмкін, ішектің тарылуы, қабырғаларының ойықжара сұлбаларының анық болмауы, сілекейлі тыртыстар өзгерген)

•колоноскопия (қабыну процесі асқынбай тұрғанда жасалады) – қызыару, сілекейлі қабықтың ісінуі, петехия, ойықжаралар, тиген жердің қанағыштығы.

Емдеуі:

- катаң емдәм (ашы және тәтті тағамдар, шикі көкөністер мен жемістер, арак - шарап, кофе, сүт пайдаланудан алғыншыл тасталады)

- салицилсульфамидты дәрмектер

- антибиотиктер

- спазмолитиктер

- глюкокортикоидтар

- хирургиялық ем асқынған кезде жасалынады (кан кету, перфорациялар, ауыр улы мегаколон, ауру 10 - 12 жылға созылады); оперативті емнің түрін, көлемін хирург - проктолог жүргізеді.

КРИПТОРХИЗМ

(енқалтада бір / екі аталық бездің болмыуы).

Крипторхизм – енқалтада бір / екі аталық бездің болмауы. Туа біткен ауру.

Негізгі белгілері:

- шаптың ауры

•жыныстық тольсыу кезеңінде іштің пұрыруы мүмкін

- тексергенде және пальпация жасалында – енқалтада аталық бездің болмауы

- тұрған кезде адамның алдыңғы ширмерде қабырғасы түйіліп ауырганда аталық без шап каналына дейнін түсүі мүмкін.

Емдеу:

- хирургиялық ем (аталық безді енқалтада кіргізу).

ЖАТАҮРДАН ДИСФУНКЦИОНАЛЬДЫ ҚАН КЕТУ

Жасөспірім кезде, климактерикалық кезеңде эндокринді регуляцияның үзүйлүү салдарынан қан кету.

Негізгі белгілері:

- жатырдан ретсіз қан кету, ауыртпай іздап немесе көп көлемде кетеді, анемия

- әдетте, етеккір кешігіп келгеннен сейін болады.

Емдеу:

- жатырдың бұлшық еттерін шынықтыратын дәрмектер (эргометрин, эрготамин, окситоцин, дипопрост және т.б.).
- эстрогенді дәрмектер
- хирургиялық ем – қанды дәрілер тоқтата алмаған жағдайда
- дәрімен тоқтамаған жағдайда жатыр күйесінде қануы қырып түсіру.

СОЗЫЛМАЛЫ ЛАРИНГИТ (көмейдің қабынуы).

Көмейдің сілекейлі қабығының сілекейасты қабатының және ішк бұлшық еттерінің созымалы қабынуы.

Талаураған, жансызданған, гиперпластикалық ларингит (өнімді қабыну процесі) түрлері бар.

Негізгі белгілері:

- созымалы талаураған ларингит;
- дауыстың шықпай қалуы, дауыстың қырылдауы, шаршап үзіліп шығуы,
- ларингоскопия жасағанда: қызару сілемейлі қабықтың ісінуі.

Емдеу:

- дауысқа салмақ түсірмеу, антибиотиктер мен гидрокортизон ерітіндісін күю; майлы ерітіндімен ингаляция жасау.

Жансызданған ларингиттің негізгі белгілері:

•сырылдау, тембрдің төмендеуі, шаршауы

•ларингоскопия жасағанда: сілекейлі кибық тегіс, жінішкерген, жылтыр, дауыс түйіндегі жінішке, бір - бірімен толық бірікпейді, сілекейлі қабықтың қабынуы мүмкін.

Емдеу:

•гемекіден бас тарту

•майлы ерітінділермен ингаляция жасау

•иод қосылған физиологилық ерітіндімен көмейді шаю (200 мл ерітіндіге 10% йодтан 5 тамшы)

•дауысқа жүк түсірмеу.

Иперпластикалық ларингиттің негізгі белгілері (ларингоскопия):

•сілекейлі қабықтың шектеліп тарашуы

•сілекейлі қабықтың түйінделу көңістігінің үлкеюі

•қарқынды дем шығарғанда, жәтелгенде, дауысты көтергенде морганиев карыншасының сілемейлі қабығы көмей қуысына түсіп кетеді, дауыс түйіндері толық бірікпейді

• жанасу ойықжарасы – дауыс түйіндерінің зақымдалуы, олардың толық бірікпеуі.

Емдеу:

• көмейге майлыш ерітінділер, коллар-гол, протаргол құяды, физиотерапия.

ЛАРИНГОТРАХЕИТ (көмей мен кенірдектің қабынуы)

Ауру жоғары тыныс алу жолдар вируспен зақымдалуы салдарынан туады.

Негізгі белгілері:

- дененің қызыу қалыпты / субфебрильді
- катты, ашы жөтел, аурудын алғашқы кезінде жөтел құрғақ, бактериялы жұқпа қосылғанда – ылғалды
- инспираторлы демікпе
- қанның жалпы анализі: лейкопения бактериялы жұқпа қосылғанда – лейкоцитоз.

Емдеу:

- сұйықты көп ішу
- ауыр жұмысты азайту, дауысқа түсетін салмақ азайтылуы керек
- жалпы күн тәртібін жеңілдету
- вирусқа қарсы дәрмектер
- бактериялы жұқпаға қарсы терапия
- көмей жиырылғанда – спазмолитиктер.

ФЕРМЕРДІҢ ӨКПЕСІ

Фермердің өкпесі – экзогенді аллергиялық альвеолит, ауыл шаруашылығы кызметкерлерінде болады (шөп, астық, жеммен қатынасқа байланысты).

Негізгі белгілері:

- жіңі қайталанатын жөтел
- демікпе (үнемі, жыл сайын артағүседі)
- қалтырау
- жалпы әлсіздік, тез шаршау
- қанның жалпы анализінде өзгеріс жоқ, бірақ эритроциттер мен ғемоглобиндер санының артуы мүмкін.

Емдеу:

- аллергендермен қатынасты тоқтату керек
- глюокортикоидтер.

ОПИСТОРХОЗ

(бауыр, өт құығы, асқазанасты бездерінің зақымдалуы).

Описторхоз – гельминтоз, бауыр, өт құығы, асқазанасты безі зақымдалады (мысық, тиін).

Негізгі белгілері:

- аурудың басында дененің қызуы жоғары болады
- есекжем, лимфоаденопатия

- бас, бұлшық ет, буындардың аурулары

- әрі қарай эпигастральды және он жақ қабырғаастының ауруы, холенистит, панкреатит, сары аурудың белгілері.

Диагностика жасау амалдары:

- дуоденальды, үлкен дәреттің құрамында паразиттердің жұмырткалары табылады

- қанның жалпы анализі: эозинофилия, лимфоцитоз.

Емдеу:

- этиотропты дәрі - дәрмектер – хлок-сил, празиквантель.

СҮЙЕКТЕРДІҢ ҚАТЕРСІЗ ICIKTEPI

- хондрома (шеміршек ісігі)

- хондробластома (ұзын түтікшесінде сүйектерінің эпифизінің қатерсіз ісігі)

- хондромиксоидты фиброма

- остеохондрома (сүйек пен шеміршек ісігі)

- остеобластокластома (сүйек ісігінің бір түрі)

- остеоид-остеома

- остеома (сүйек тінінің қатерсіз ісігі)

- гемангиома (қатерсіз ісік түрі).

Негізгі белгілері:

- науқасты дәрігерге каралуға міндеттейтін негізгі белгі – ісіну, түрлі сүйектердің ісіктәрізді құрылымы; патологиялық өзгерістер болған жердің пұзыруы (болмауы да мүмкін).

Диагностика жасау амалдары:

- рентгендік зерттеу, КТ, УДЗ.

Емдеу:

- хирургиялық – таза тіндердегі ісіктерді сылыш алыш тастау
- омыртқаның гемангиомдарына - сәуле-терапия жүргізу.

СҮЙЕКТИҢ ҚАТЕРЛІ ІСІКТЕРИ

- хондросаркома
- периостальды фибросаркома
- остеогенды саркома
- сүйектиң қатерлі лимфомасы
- Юинг саркомасы.

Негізгі белгілері:

- ісіну, түрлі сүйектердің ісік түріндегі құрылымдары; патологиялық сыйнықтар
- қанның жалпы анализі: ЭОЖ жедслетілуі.

Диагностика жасау амалдары:

- рентгендік зерттеу, КТ, УДЗ
- биопсия.

Емдеу:

- хирургиялық – сүйек резекциясы, аякты кесу, лимфоаденэктомия
- сәулелі терапия
- химиотерапия
- аралас терапия.

ҚАН ӨНДІРЕТИН ЖӘНЕ ЛИМФАЛЫҚ ТІНДЕРДІҢ ІСІКТЕРИ

Қан өндіретін және лимфалық тіндер ісіктерінің диагностикасын тек онкологиялық мекемелерде, ауруханада тексеру арқылы ғана жасауға болады.

Осы бөлімде қан өндіретін және лимфалық тіндер ісіктерінің белгілері байқалады, ЖМК жағдайларында науқастан төмендегідей белгілерді көруге болады:

- дене қызыу 40°C-ға дейін көтеріледі (кейбір жағдайларда дене қызыу көтерілмеуі де мүмкін)

- перифериялық лимфотүйіндердің, бүйрек, көкбауырдың ұлкеюі қызылиек гиперплазиясы

- дененің түрлі бөліктерінде терінің инфильтрациясы

- геморрой синдромы

- сүйектер мен буындардың ауруы

- қан анализінде: лейкопения ($1 \times 10^9 / \text{л}$) лейкоцитоз ($200-300 \times 10^9 / \text{л}$ дейін), тромбоцитопения

- кеуде ішінің лимфатуйіндерінің көзінде (ЖМК-де) қаралған барлық шуқастардың тыныс алу ағзаларына рентгендік зерттеу жасалынады).

Жоғарыда аталған белгілер анықталған жағдайда жеделдетіп онкологиялық мекемеге дәрігерлік кеңеске жіберілуі керек.

БАУЫРДЫҢ АЛҒАШҚЫ ҚАТЕРСІЗ ІСІКТЕРИ

- бауырдың гемангиомасы – жалғыз, конітеген, көлемдері әртүрлі қантамыр ісіктері; әдетте, белгілері байқалмайды; көлемі үлкен болған жағдайда көршилес шылдарды басып қалуы мүмкін

- гепатоцеллюлярлы аденоңа – көлемдері әртүрлі бауыр жасушаларының ісігі; әдетте, белгілері байқалмайды, өзінен озі жарылып, ішперде қуысына қан кетуі мүмкін

- бауырдың жергілікті түйінді гиперплазиясы – бауырдың барлық тіндерінің ісігі, көбіне белгілері байқалмайды

- балалардың бауырының гемангиоэн-

дотелиомасы – қантамыр тіндерінің ісігі, көбіне белгілері байқалмайды, малигни-
зация.

Диагностика жасау амалдары:

Емдеу:

•хирургиялық, ұзак уақыт бақылауда болуы керек – мерзім сайын УДЗ, ісік өскенде оперативті ем жасалады.

БАУЫРДЫҢ АЛҒАШҚЫ ҚАТЕРЛІ ІСІКТЕРІ

•гепатоцеллюлярлі карцинома – бауыр жасушаларынан түйін түріндегі инвазиялық өсетін обыр, көбіне өкпеге метастаза береді

•гепатобластома – бауыр жасушала-
рының, көбіне ұрық түріндегі гепа-
тоциттердің ісігі, бауырдың балаларда
кездесетін ісігі

•холангiocарцинома – өт жолдары
эпителиясының ісігі

•бауыр ангиосаркомасы – қантамыр
жасушаларының ісігі, көкбауыр мей-
өкпеге метастаза береді.

Негізгі белгілері:

•оң жақ қабырғаастының, ішперде-
куысының жоғары оң жақ бөлігінің
қақсан, сыйздал, толассыз ауыруы

- қанның жалпы анализі – ЭОЖ жеделдетілуі.

Диагностика жасау амалдары:

- УЗИ, КТ, МРТ, диагностикалық лапароскопия.

Емдеу:

- хирургиялық – резекция атипичная, доли, лимфоаденэктомия
- химиотерапия (жалпы, іріктемелі)
- аралас – хирургиялық және химиотерапия.

КӨКІРЕК ОРТАНЫҢ ҚАТЕРСІЗ ІСІКТЕРІ

- дермоидты кисталар
- тимомдар
- фибромалар, липомалар, хондромипар, миксомдар
- нейрогенді ісіктер
- қантамыр ісіктері
- бронхогенді, энтерогенді ісіктер
- жүрекқаптық кисталар.

Негізгі белгілері:

- белгілері болмайды (ісіктер профилактикалық рентгендік зерттеуде байқалады)
 - төссүйегі сыртындағы сипаты беймәлім ауру

•трахея, бронхтарды басқанда құрғақ ылғал жөтел

•өңеш басылғанда жұтынудын киындауы

•жұлын миы немесе жұлын миы түбіршектерін басатын нейрогенді ісіктер, соған сай неврологиялық белгілері бар, жұлдызшалы түйіндері басылғанда – Горнер синдромы (птоз, энофтальм, аизокория)

•жүрек ауырғанда жүрек ырғағы бұзылуы мүмкін

•жоғары толық қан тамыр басылғанда оның синдромы болуы мүмкін.

Диагностика жасау амалдары:

•рентгендік зерттеу – көкірекорта пішінінің өзгеруі

•КТ, МРТ.

Емдеу:

•хирургиялық – торакотомия, ісікті алып тастайтын торакоскопия.

КӨКІРЕКОРТАНЫҢ ҚАТЕРЛІ ІСІКТЕРІ

Лимфомалар – лимфалық тіндердің ісіктері, лимфатүйіндерге метастаза ерте білінеді, инвазивті өсімдінің зақымдалуы.

Негізгі белгілері:

- тәссүйегі сыртының толассыз ауруы
- құрғақ / ылғал жөтел
- дененің қызыы жоғары
- тез жұдеу, жұтынудың бұзылуы.

Диагностика жасау амалдары:

- рентгендік зерттеу

•КТ, МРТ

•жаңакұрылым биопсиясы (медиастиноскопия, торакоскопия, екінші қабырға прасының алдыңғы торакотомиясы).

Емдеу:

- аралас – химиотерапия және сәулелі терапия
- хирургиялық ем жасалмайды.

Герминомалар – ұрық тіндерінен шығатын ісіктер: семинома, ұрықтыжасушалы саркома, тератокарцинома, хорионкарцинома.

Негізгі белгілері:

- тәссүйегі сыртының толассыз ауруы

•құрғақ / ылғал жөтел

•жұтыну бұзылуы мүмкін.

Диагностика жасау амалдары:

- рентгендік зерттеу

•КТ, МРТ

•жаңакұрылым биопсиясы.

Емдеу:

- хирургиялық
- химиотерапия
- сәулелі терапия
- аралас терапия.

ҚАЛҚАНША БЕЗ ІСІКТЕРІ

Қалқанша без обыры барлық без ісіктерінің 90% құрайды.

Негізгі белгілері:

- безде түйінді құрылымның болуы, тығыз түйін, трахеяда, айналасындағы бұлшық еттерге өсуі мүмкін, мойын, жақасты лимфатүйіндерінің үлкеюі
- жөтел, трахея жарып шыққанда болатын демікпе
- өңеш жарып шыққанда жұтынудың қиындауы.

Диагностика жасау амалдары :

- пальпация
- УДЗ, КТ, МРТ
- ларингоскопия, фиброеэндоэзофагоскопия
- биопсия.

Емдеу:

- хирургиялық (қалқанша безді кесу), гормонотерапия қоса жүргізіледі
- радиоактивті түрде йодпен емдеу.

АНАБЕЗДІҢ ІСІКТЕРІ ЖӘНЕ ІСІКТӘРІЗДІ ЖАҢАӨСПЕРЛЕРІ

Ісіктәрізді жаңаөсперлер:

- фолликулярлы кисталар, сары дене кисталары, параовариальды кисталар, оидометриомдар.

Негізгі белгілері:

- ауру белгісіз өтуі мүмкін
- шперде құсының төменгі жағының, қапандың беймәлім ауры
- стеккір оралымының бұзылуы
- несеп шығудың бұзылуы.

Диагностика жасау амалдары:

- анамнез
- қынапты зерттеу
- УДЗ, КТ
- лапароскопия, биопсия.

Емдеу:

- консервативті терапия, гормонотера-

ПАРАМЕДИК

- хирургиялық ем консервативті терапия тиімді болмаған жағдайда, жаңақұрылымның бұратылып, қан опкеткенде жасалады.

Қатерлі жаңаөсперлер:

- эпителиялы ісіктер
- аралас ісіктер

- фибрин жіпшесі арқауының ісіктері
- герминогенді ісіктер.

Негізгі белгілері:

•ішперде қуысының төменгі жағының, белдің беймәлім ауруы, аурудың етеккір оралымына қатысы жоқ

- етеккір оралымының бұзылуы
- несеп шығудың бұзылуы мүмкін, үлкен дәретке отыру актісінің бұзылуы

•жалпы әлсіздік, тез шаршау.

Диагностика жасау амалдары :

- анамнез
- қынапты зерттеу
- УДЗ, КТ
- лапароскопия, биопсия.

Емдеу:

- хирургиялық.

ЖАТАЙР МЕН ҚЫНАПТЫҢ ТҮСІП КЕТУІ ЖӘНЕ АЙНАЛЫП КЕТУІ

Төмендегідей деңгейлерге бөлинеді:

I деңгейі – жыныс саңылауының ашылуы, қынап қабырғасының аздап түсүі.

II деңгейі – қынап қабырғасының, қуықтың және тік ішектің алдыңғы қабырғасының түсүі.

III деңгейі – жатырдың мойны кираптың аузына дейін түскен.

IV деңгейі – жатырдың мойны кираптың аузынан томен түскен.

V деңгейі – жатырдың мойны кираптың қабырғасын айналдыра толық түскен.

•консервативті емді тек түсудің I деңгейінде ғана жасауға болады

•хирургиялық емнің қайта құрастыру шарты бар; V деңгейде жатырды кирапбымен кесіп тастайды.

ОСТЕОАРТРОЗ

(буынның барлық элементтерінің кибыну - дегенеративті зақымдалуы).

Буынның барлық элементтерінің кибыну - дегенеративті зақымдалуы. Бұл шуру, ең алдымен, буынның өзіне түскен механикалық салмақ пен оған қарсылық корсету мүмкіндігі арасындағы айкесіздіктің салдарынан туады.

Негізгі белгілері:

•сәл ғана салмақ түскеннің өзінде, жүргендеге буынның ішінің қақсан, сыйын ауруы; тыныш жатқанда ауырмайды

•тыныш жатқанда ауру буынның және

буын маңы тіндерінің қабыну процесін анықтайды

- буындар қымылышының шектелуі
- буынды жайлап барынша бүгіп, жазғанда, олардың «сықырлауы»

Көбіне, тізе, білек, омыртқаның бел және мойын бөлімдерінің, жамбассан және балтыр - табан буындары, яғни үлкен механикалық күш түсетін буындар зақымдалады.

Диагностика жасау амалдары:

- рентгендік зерттеу диагностика жасаудың негізгі амалы болып табылады.

Емдеу:

- буындарга түсетін механикалық, физикалық салмақты азайту, корсеттер, шиналар, тізекаптар
- НҚҚД
- глюокортикоидтар
- ара, жылан улары қосылған дәрмектер
- биогенді дәрмектер (румалон)
- буындардың жіті қабынуында микробқа қарсы терапия
- физиотерапия
- хирургиялық ем – буындарды эндо-протездеу жасалуы мүмкін.

ОСТЕОМИЕЛИТ

(сүйек пен сүйектің үстіне таралған сүйек кемігінің жіті / созылмалы кибыныы).

Сүйек пен сүйектің үстіне таралған сүйек кемігінің жіті / созылмалы кибыныы.

Классификациясы:

- гематогенді жіті / созылмалы
- жарақаттан кейін (жарақат, оқ жаралыны)
- одонтогенді (тістің, парадонтың кибыну ошағынан).

Негізгі белгілері:

- балалардың гематогенді остеомолитідене қызуы жоғары ($39-40^{\circ}\text{C}$), шакымдалған буындардың қимылшының шектелуі. Ісінген, қызарған, шакымдалған жердің қатты ауруы
- үлкен науқастардың гематогенді жұқпасы – жарақат, сүйектің сынуы, анамнезде бактериялық жұқпа, жері ілікті қызару, ісіну, дененің қызуы, шакымдалған ошақтың үстінің ауырсынуы; зақымдалудың сипаты көбіне жіті болып келеді

•созылмалы остеомиелит – зақымдалған ошактың үстіндегі жаракат, жара, ойықжара, тесік жазылмайды, аздал іріндеғен / ірінді - қанды бөлінулер.

Емдеу:

•жіті остеомиелитте аурұханаға жатқызылады

•аяқ - қолды мықтап бекіту

•бактерияға қарсы ірі терапия

•иммунитетті бір қалыпта ұстайтын дәрмектер

•хирургиялық ем – остеотрепанация, ми каналдарын шаятын секвестрэктомия

•зақымдалу ошағының маңындағы флегмонаны ашу

•созылмалы остеомиелитте ірінді сұйықтың ағып кетуін қамтамасыз ету

•физиотерапия.

Диагностика жасау амалдары:

•негізгі әдісі – рентгендік зерттеу

•міндетті түрде микрофлора мен оның бактерияға қарсы дәрмектерге сезімталдығын тексеру үшін зақымдалған жерге егу.

ОСТЕОПОРОЗ

(сүйек тіні көлемінің жайылып жоғалу, сүйектің тығыздылығын жою синдромы).

Сүйек тіні көлемінің жайылып жоғалу, сүйектің тығыздылығын жою синдромы.

Остеопороздың тәмендегідей түрлері бар:

I түрі – етеккір үзілісінен кейін – айслдерде болады, эстроген сөлдерінің тоқтауына байланысты

II түрі – инволюциялық – 75 жастан асқан ерлер мен әйелдерде болады

I және II түрлерінің араласуы

• идиопатиялық – 75 жасқа дейінгі ерлер мен әйелдерде

• кәмелетке жетпеген – балаларда

• екінші қайтара – глюокортикоидты әрмектерді көп қабылдағаннан болады.

Негізгі белгілері:

• сүйектің сипаттары беймәлім, өтпелі, ұрақты ауру болады, ұйықтағанда ауырмайды

• зақымдалған сүйек, әсіресе, омыртқа-ның зақымдалған бұлышық еттерінің гипертонусы

• рентгендік көрсеткіштер – сүйектің тығыздығының кемуі, трабекулярлықты, смықтарды анықтау.

Емдеу:

• эстрогендер, кальций дәрмектері.

ОМЫРТҚАНЫҚ ОСТЕОХОН-ДРОЗЫ

(омыртқааралық диск шеміршегінің, аралық денелер мен омыртқа буындарының және қоршаған тіндердің дегенеративті зақымдалуы).

Көбіне омыртқаның төменгі белдік және төменгі мойын бөлімдері зақымдалады.

Бел зақымдалуының негізгі белгілері:

- бел маңының қатты ауруы
- омыртқа қозғалғанда ауру одан сайын күшейеді
- паравертебральды бұлышық еттер жиырылып, бел маңына пальпация жасағанда ауыртады
- ауру бөксе жаққа қарай, сосын аяқтарға қарай ауысуы мүмкін, құйымшақ жүйкесінің бойына, сан мен балтыр жүйкелерінің бойына пальпация жасағанда ауыртады
- бел түбіршіктегі басылады
- неврологиялық белгілері бар омыртқааралық дискілердің жарығы немесе протрузия.

Мойынның зақымдалуының белгілері:

- мойын маңының қатты ауруы
- омыртқа қозғалғанда ауру одан сайын күшейеді
- мойын бұлышық еттері жиырылған
- ауру басқа, иықустіне, қолдарға қарай іуысуы мүмкін, қолдарда парестезиялар болады
- неврологиялық белгілері бар омыртқааралық дискілердің (жұлын санауының сырты немесе іші) жарығы немесе протрузия.

Диагностика жасау амалдары:

- рентгендік зерттеу
- КТ – патологиялық процестің нақты орналасқан жері анықталады.

Емдеу:

- мойын тракциясы
- энциуральды бөгеулер
- НҚҚД
- массаж, мануальды терапия, акупунктура
- оперативті ем – жұлынды, жұлынның күлкі құйрығының жіті белгілері.

СЫРТҚЫ ОТИТ (ортанғы құлактың қабынуы).

Сыртқы отит – сыртқы есту жолының қабынуы.

Жіті шектеулі сыртқы отит – есту жолының сыздауығы.

Созылмалы сыртқы отит – есту жолының 6 аптаға созылатын ауруы.

Қатерлі сыртқы отит – ірінді-некротикалық қабынудың тіндердің тереңіне дейін таралуы, шеміршек және сүйек тіндерінің секвестрлендірілуі.

Негізгі белгілері:

- құлактың ауруының көзге, тіске, мойынға өтуі және оның шайнағанда, қатты сөйлегенде, құлақ бұртігіне басқанда күшнейеді, есту қабілеті төмендейді

- аймақтық лимфаденит

- есту жолынан шығатын жағымсыз іісті ірінді шығындылары

- отоскопияда – сыздауық, терінің қызаруы, инфильтрациясы және ісінуі, дыбысжарғағы қызаруы

- созылмалы отит отоскопиясында – терісі қатайған, дыбысжарғағы бұлыштырып, калындаған

- қатерлі отит отоскописында – тері өліеттенген, өліеттенген масса.

Емдеу:

- бактерияға қарсы терапия
- жергілікті емдеу – сыртқы жолдарын септикке қарсы дәрмектермен жуу
 - сыртқы естү жолдарына қашыртқы салу
 - УЖЖ, УКС
 - отитті саңырауқұлақша этиологиясымен емдеу – саңырауқұлақшаға қарсы түрлі дәрмектер пайдаланылады
 - өліеттенген отитте – жатып емделу.

ІРІНДІ СОЗЫЛМАЛЫ ОРТА ОТИТ (орта құлақ қуысының мерзімді асқынып тұратын созымалы ірінді қабынуы).

Орта құлақ қуысының мерзімді асқынып тұратын созымалы ірінді қабынуы.

Негізгі белгілері:

- құлақтың ауруы
- құлақ өту жолынан ірін ағу
- дыбысжарғактың тесілуі
- естудің төмендеуі, күшесін мүмкін
- тек сілекейлі қабықтың зақымдалуы
- сілекейлі қабықтың және сүйек күрылымының зақымдалуы.

Емдеу:

- емделуі қыын

- жатып емделу керек
- бактерияға қарсы терапия
- орта құлақ пен сыртқы есту жолын септикке қарсы түрлі дәрмектерді пайдалана отырып, ұқыпты тазалау
- құрғату
- физиотерапия
- хирургиялық ем – операцияның түрі мен көлемін лор - хирург анықтайды.

СОЗЫЛМАЛЫ ПАНКРЕАТИТ (ұйқыбездің қабынуы).

Созылмалы панкреатит – сақина тәрізді ұйқыбезінің сыртқы және ішкі секрециясының бұзылып, қабыну- склеротикалық зақымдалуы.

Түрлері: созылмалы фиброзды панкреатит, созылмалы обструктивті панкреатит, созылмалы кальций тұздары шоғырланған панкреатит, сақина тәрізді ұйқыбездің кисталары мен жалған кисталары.

Негізгі белгілері:

• эпигастральды жердегі, он жак қабырға, іштің бүкіл өне бойындағы, белді айналдыра ауру; аурулар, әдетте, созылмалы панкреатит асқынған кезінде пайдала болады

• тоқсу, құсу, үлкен дәреттін тұрақсыздығы

• жүдеу

• қант диабетінің белгілері

• түрленгіш сары аурұ

• жалпы қан анализі – лейкоцитранзы формуланың сол жақта жылжып, пейкоцитоздың асқынға кезеңінде, ЭОЖ жеделдетілуі

• қан амилазының белсенділігі артады.

Диагностика жасау амалдары:

• анамнез және шағымдар

• пальпация жасағанда сақинатәріздің үшінші без басының тығыздалып, үлкейген анықталады

• УДЗ, КТ

• қанның биохимиялық анализдері.

Емдеу:

• асқынғанда – тамак ішпеу, газдалмаған минералды су, спазмолитиктер, гистаминге қарсы дәрмектер, протеаз тәжеуіштері

• панкреатиттік ферменттер

• санаторийлық - курорттық ем

• хирургиялық ем – операцияның түрі мен көлемін хирург анықтайды.

СОЗЫЛМАЛЫ ПАРАПРОКТИТ
(тік ішек қабырғасының және
қалыптасқан жыланкөз жолы бар
майлы жасушаның қабынуы).

Тік ішек қабырғасының және
қалыптасқан жыланкөз жолы бар па-
ректальды майлы жасушаның қабынуы,
жыланкөз жолы тік ішекке немесе артқы
өтетін жердің маңындағы теріге апара-
ды.

Негізгі белгілері:

• құрамы үнемі сілекейлі - ірінді, жы-
ланкөз жолынан немесе артқы өтетін
жердің терісінен бөлініп шығады

• терінің баздануы, артқы өтетін жер
терісінің қышынуы

• тік ішек қабырғасының тыртықты
өзгерістері, артқы өтетін жердің
қысқыштық қызметінің бұзылуы.

Емдеу:

• хирургиялық ем – оперативті емнің
негізгі принцини: жыланкөз жолын кесіп
алып тастау (операцияның түрі мен
көлемін хирург - проктолог анықтайды).

ИЫҚ - ЖАУЫРЫНДЫҚ ПЕРИАРТРОЗ

(буынның ауруы және қимылдының шектеуі).

Буынның және парабуынды тіннің дегенеративті - қабынуы және зақымдалуы, буынның ауруы және қимылдының шектеуі.

Негізгі белгілері:

- буынның ауруы, оның түнге қарай күшесі
- буынның қимылды шектелген
- пальпация жасағанда ауыртады
- аурудың ұзақ уақыт бойы анамнезінде буын маңындағы тіндер жансызданды мүмкін.

Емдеу:

- НҚҚД, глюокортикоидтар
- ЕДШ, физиотерапия
- емдеу кезінде буындар қимылды шектетіледі.

ПИЕЛОНЕФРИТ

(бүйректің ерекше жұқпалы ауруы).

Бүйрек тостақшалы жүйесі мен интерстициальды тіннің патологиялық зақымдалуына әкелетін бүйректің ерекше жұқпалы ауруы. Түрлері: жіті, созылмалы (асқынып тұратын) ауру.

Негізгі белгілері:

- жіті пиелонефрит: дененің қызы – 38-40°C, қалтырау, тершендік
- белдің тұсының, ішперде қуысының қақсап, сыздап ауруы, Пастернацкий симптомы позитивті
- дизурия, полиурия, олигурия
- артериалды гипертензия болуы мүмкін
- созылмалы пиелонефрит: протеинурия, лейкоцитурия, микрогематурия, белдің тұсының аздал өтпелі ауруы, Пастернацкий симптомы сәл позитивті
- зәрді зертханалық зерттеудің нәтижелері: зәр таза емес, лейкоцитурия, протеинурия, микрогематурия
- қанның жалпы анализі: лейкоцитラлы формауланың сол жақта жылжып, лейкоцитоздың асқынған кезеңінде, ЭОЖ жеделдетілуі.

Диагностика жасау амалдары:

- анамнез
- дәретті, қанды зерттеу
- УДЗ.

Емдеу:

- бактерияға қарсы терапия
- несеп шығуы азайғанда – диуретиктер

- шыжың болған жағдайда ерітінділер құю
- гипертензияга қарсы дәрмектер
- иммунитетті бірқалыпта ұстайтын терапия
- емдәм
- хирургиялық ем: операцияның түрі мен көлемін хирург - уролог анықтайды.

ПЛЕВРИТТЕР

(өкпекап қуысының сұйықты \ сұйықсız қабынып ауруы).

Бұл қабыну ауруы бактериялы жұқпаның салдарынан пайда болады.

Реактивті плевриттер басқа аурулардың (туберкулез, ісіктер, жарақаттар) асқынуы түрінде дамиды.

Құрғақ және экссудативті: сірнелі, геморрой түріндегі, іріңді, сасық плеврит түрлері бар.

Негізгі белгілері:

- құрғақ плевритте тыныс алғанда кеуденің ауруы, экссудативті плевритте ауырғаны азаяды.
- құрғақ жөтел, әсіресе, құрғақ плевритте
 - демікпе
 - плевралық жалқық түскенде дауыс дірілінің әлсіреуі

- плевралық жалқық түскенде перкуторлы дыбыстың қысқаруы
- күрғақ плевритте қырған сияқты ішү
- тыныс алу әлсіздігі, плевралық жалқық түскенде тіпті жоғалып та кетуі мүмкін
- қабырғааралығына пальпация ауыртады
- науқас плевра зақымдалған қырымен жатады.

Диагностика жасау амалдары:

- рентгендік зерттеу
- УДЗ, КТ
- бактерияға қарсы дәрмектерге микрофлора мен оның сезімталдығын тексеру үшін плевра қуысына егу
- плевра кұрамына цитологиялық зерттеу жасау.

Емдеу:

- негізгі ауруды анықтау
- бактерияға қарсы терапия
- симптоматикалық терапия
- кұрамындағы сұйықтықты сорып алу үшін плевра қуысына пункция жасау
- плевра қуысына Бюлау әдісі бойынша қашыртқы салу
- торакоскопия (диагностикалық, емдік).

МАЙТАБАН

Табан пишінің бұзылуы – ұзындық басы мен көлденең басының биектігінің аласаруы: туда біткен, жүре пайда болған түрлері бар.

Негізгі белгілері:

- табан және балтырдың сүйектері мен бұлшық еттерінің жүргендеге ауруы; ауру көбіне сан мен жамбас-сан буындарында пайда болады.

Емдеу:

- майтабанның жеңіл түрінде – ЕДШ, аяқ-киімге арнайы супинаторлар салу, арнайы ортопедиялық аяқ - киім

- күрделі түрінде – қайта құрайтын күрделі пластикалық операция.

ПНЕВМОТОРАКС

(плевра қуысына ауа жиналуды).

Түрлері: жаракаттық, өздігінен пайда болған, жасанды.

Жабық, ашық, жиырылмалы пневмоторакс.

Негізгі белгілері:

- тыныс алғанда кеуденің ауыруы
- жөтел
- теріасты эмфиземасы
- перкуссия жасағанда тимпанитті (дабылға ұқсас) дыбыс

- аускультацияда тыныс алу әлсіздігі немесе болмауы
- ентігу, тері қабаттарының солғындығы, көкшіл тартуы
- гемодинамиканың бұзылуы: пульстің жиілеуі, артериалды қан қысымының төмендеуі
- көкірекорта ағзаларының орнынан ауысуы (әсіресе, онжакты пневмотораксте солға қарай).

Емдеу:

- жатып емделу (хирургиялық белімшеде)
- құрамындағы сүйықтықты сорып алу үшін плевра қуысына пункция жасау
- плевра қуысына Бюлау әдісі бойынша қашыртқы салу
- хирургиялық ем: операцияның түрі мен колемін хирург анықтайды.

АНАБЕЗ ПОЛИКИСТОЗЫ (анабездердің кішкентай кисталармен зақымдалуы).

Анабездердің кішкентай кисталармен зақымдалуы. Созылмалы олигоовуляция / ановуляция, көбіне, бедеулік, түсік тастаулар.

Негізгі белгілері:

- етеккір оралымының бұзылуы
- сирек жүктілік, түсік тастаулар
- анабездердің үлкеюі
- жұндену
- май басу.

Диагностика жасау амалдары:

- УДЗ.

Емдеу:

- формональды терапия
- гинекологтың бақылауында болуы қажет.

ЖАТЫР МОЙНЫНЫҢ ПОЛИПІ (түймешігі).

Жатыр мойнынан айналып тускен ірі өспесі.

Негізгі белгілері:

• қынаптан етеккірлер аралығында аздап қан кету.

Емдеу:

• полипті жою (амбулаториялық жағдайда)
• полиптің өспесі - міндепті түрде зерттелуі керек.

ПОЛЛИНОЗ

(тыныс алу жолдарын, тері, сілекейлі қабықтарды зақымдайтын мерзімдік сипаты бар атопиялық ауру).

Этиологиялық факторлары: өсімдік шаңдары, ауаның ластануы, тағам түрлері.

Негізгі белгілері:

•көбіне көз бен жоғарғы тыныс жолдарының (жас ағу, мұрын бітелуі, түшкіру, мұрын - жұтқыншақтың қышынуы, жөтел) сілемейлі қабықтары зақымдалады

•дерматиттер

•бронхоспазм

•жүйке жүйесінің зақымдалуы (бастың ауруы, Меньер синдромы, тез шаршau)

•дене қызыуның көтерілуі.

Емдеу:

•аллергиялық факторға жоламау

•гистаминге қарсы дәрі - дәрмектер

•арнайы иммунотерапия (міндепті түрде аллерген анықталуы керек, аурудың қозынуынан тыс жасала береді)

•глюококортикоидты дәрмектер.

ПЛАЦЕНТАНЫҢ (ұрық) АЛДА ЖАТУЫ

Плацентаның алда жатуы
плацентаның жатырдың төменгі
полюсінде бекітілуі немесе ішкі аңқаны
жартылай, толық жабуы.

Түрлері:

- плацентаның толық алда жатуы –
ішкі аңқаны толық жабу
- плацентаның қырынан алда жатуы –
плацента ішкі аңқаның 2/3 бөлігін жаба-
ды
- плацентаның шетінен алда жатуы –
плацента ішкі аңқаның 1/3 бөлігін жаба-
ды
- плацентаның төмен алда жатуы –
плацента жатырдың төменгі сегментінде
жатады, оның төменгі шеті ішкі аңқаға
2-3 см. жетпейді.

Негізгі белгілері:

- кенеттен қынаптан қан кету, көбіне
жүктіліктің 3 триместрінде болады, бұл
жатыр қабырғаларының тартылуы сал-
дарынан плацентаның жарылудына бай-
ланысты
- жатырға жасалған УДЗ 95% дәлдік-
пен плацентаның алда жатқандығын
көрсетеді

• қынап зерттеуінен бас тартқан жөн, себебі ол да қан кетуді күшейтуі мүмкін. Жедел тұрде гинекология бөлімшесіне жатқызу қажет. Операцияның түрі мен көлемін хирург - гинеколог анықтайды.

ПРОСТАТИТ (еркекбездің қабынуы).

Простатит – еркекбездің қабынуы.

Негізгі белгілері:

• жіті простатит: дене қызыры 38 - 40°C-ға дейін көтеріледі, қалтырау

• бұтараның қатты ауруы

• зәрдің жіңінен ауырып шығуы

• зәрдің қиналып шығу, шықпай қалуы

• еркекбез үлкейген

• созылмалы простатит: білінбей өтуі мүмкін

• бұтарасының, енқалтаның, жыныс мүшесінің аздап ауыруы

• жиңі зәр шығару, никтурия.

Диагностика жасау жолдары:

• саусақпен зерттеу (жіті простатитте без үлкейген, қатты ауырады; созылмалы түрінде – консистенциясын тексеру, ауыртады)

• УДЗ, КТ – без үлкейген, құрылымы анықталады.

Емдеу:

•жіті простатитте ауруханаға жатқызу керек: бактерияға қарсы терапия, абсцесте – хирургиялық ем.

•созылмалы простатитте – бактерияға қарсы терапия (әр 3 ай сайын), физиотерапия.

ПСОРИАЗ (созылмалы, қайталанып тұратын тері ауры)

Псориаз – созылмалы, қайталанып тұратын дерматоз. Теріні мономорфты бөртпе қаптайды – диаметрі 8-12 мм - 30 мм болатын, қызғыш - қызыл түсті, беті күлгін - акшыл түсті кішкентай қабыршақтармен көмкерілген папулалар; папулалардың бірігу тенденциясы бар; папулалардың түсі кейде солғынданып, кейде күшейеді. Псориаз, көбіне білек және тізе сияқты бүгілмелі қабаттарды зақымдайды, терінің үлкен бөліктерін жайлауы мүмкін.

Негізгі белгілері:

- түрлері: қарапайым, экссудативті, артропатиялық, пустулезді, эритродермия
- псориаздың негізгі элементі – қызғыш

- қызыл түсті, беттері қабықталған, бір-біріне женіл бірігетін бөртпелер, қабыршақты қырганда, кей жерлері қанайды.

•бөртпелер экссудатпен, сұр түсті іріңді қабықтармен жабылуы мүмкін.

•қол мен табанның майда буындарымен қатар ірі буындар да зақымдалуы мүмкін

•улану белгілері болуы мүмкін.

Емдеу:

•глюококортикоидты дәрмектер

•фотосезімталдықты басатын дәрмектер: бероксан, аммифурин, псорален, псоберан, фогем

•кальций дәрмектері

•цитостатиктер: метотрексат, циклоспорин.

ҚЫНАП ОБЫРЫ

Қынап обыры – қынаптың сілекейлі қабығының эпителиялық жасушаларының қатерлі ісігі.

Негізгі белгілері:

•қан аралас шығындылар

•жайсыздық сезіну

•үнемі ауырады

•кейінірек көршілес тіндердің

патологиялық процеске араласуымен белгілері анықталады

•тексергенде – сілекейлі қабықта жайылып келе жатқан тіннің болуы, түрлі көлемдегі ісіктәрізді жаңа өспе

- КТ процестің таралуын анықтайды
- биопсия жасау қажет.

Емдеу:

•онкологиялық зақымға күмән болғанда, ісіктәрізді жаңа өспенің бар екендігін анықтау үшін жедел онкологиялық мекемеге тексерілуге және емделуге жіберу қажет.

САРПАЙ ОБЫРЫ

Сарпай обыры – әйелдердің сыртқы жыныс ағзаларының эпителиялық қатерлі ісігі.

Негізгі белгілері:

- раке in situ қышыну, сипаты беймәлім ауру
- сыртқы тексергенде көлемі әртүрлі ісіктәрізді жаңа өспелер.

Емдеу:

•ісіктәрізді жаңа өспе анықталған жағдайда жедел түрде онкологиялық мекемеге жіберілуі керек.

КӨМЕЙ ОБЫРЫ

Көмей обыры – көмейдің сілекейлі қабығының эпителиялық жасушаларының қатерлі ісігі.

Негізгі белгілері:

- дауыстың сырыйлдауы
- жөтел, қан түкіру
- көмейде бөтен денені сезіну
- ентігу
- жұтынудың бұзылуы, мойын пішінінің өзгеруі, пальпация ауыртады, аурудың соңғы сатысында – жақасты және мойын лимфатүйіндерінің үлкеюі :
- ларингоскопия және биопсия жасау қажет.

Емдеу

• ісіктәрізді жаңа өспе анықталған жағдайда науқасты жедел онкологиялық мекемеге жіберу қажет.

АСҚАЗАН ОБЫРЫ

Асқазан обыры – асқазанның сілекейлі қабығының эпителиялық жасушаларының қатерлі ісігі.

Негізгі белгілері:

- жалпы әлсіздік, тез шаршау
- тәбеттің жоқтығы, етті тағамға тәбеті тартпау

- жүдеу
 - лоқсу
 - эпигастральды жердің үнемі қақсап, сыздап ауруы
 - құсу, қан араласуы мүмкін
 - анамнезінде атрофиялық гастриттің, асқазан ойықжарасының бар / жоқтығына айрықша көңіл аудару қажет.
- ФГДС, биопсия, метастазаны анықтау үшін КТ ұсынылады.
- Емдеу:
- ісіктәрізді жаңа өспе анықталған жағжайда жедел түрде онкологиялық мемекеге жіберілуі керек

ТЕРІНІҢ ОБЫРЫ

Терінің обыры – тері қабатының сілекейлі қабығының эпителиялық жасушаларының қатерлі ісігі.

Негізгі белгілері:

- теріде шектелген кішігірім, беті тегіс, қызыш, қызыл, қарақоңыр түйіннің пайда болуы, пальпация жасағанда тығыз екендігі анықталады
- жаңа өспе өсу барысында ойықжарага айналып, қабыршақталады
- ісіктің жан-жағы ақшыл түсті болады
- метастаза сирек береді

Емдеу:

•ісіктәрізді жана құрылым анықталған жағдайда науқасты жедел онкологиялық мекемеге жіберу қажет.

ӨКПЕНИҢ ОБЫРЫ

Өкпениң обыры – трахео - бронхтық бұтақтарының сілекейлі қабығының эпителиялық жасушаларының қатерлі ісігі.

Түрлері:

жайпақжасушалы формалар, адено-карциномдар, обырдың аз жіктелген түрлері.

Негізгі белгілері:

- тұракты жөтел
- дene қызының көтерілуі
- демікпе
- кеудеденің сипаты беймәлім ауруы
- қан түкіру
- плевралық жалқық
- ауру білінбей өтеді және өкпе ісігі профилактикалық рентгендік зерттеуде анықталады
- көбіне, метастаза бауырға, сүйекке берілуі мүмкін.

Диагноз қою үшін рентгендік зерттеу, КТ, фибробронхоэндоскопия, ісіктің биопсиясы.

Емдеу:

• ісіктәрізді жаңа оспе анықталған жағдайда наукасты жедел онкологиялық мекемеге жіберу кажет.

СҮТ БЕЗІ ОБЫРЫ

Обырдың клиникалық формасы.

Түйінді форма – пальпация жасағанда тығыз, дөңгелек, бұдірлі, аз қимылдайтын жаңа өспе білінеді, тері ісікпен жабысып қалады, түйін емізіктің тұсына орналасуы оның деформациясына, ауысуына әкеледі.

Ісінген - инфильтраттанған формада – ісік тез өседі, бездің барлық тіндеріне, қоршаған майлы тінге, кеуденің бұлшық еттеріне тарайды, тері ісікпен ерте жабысады, емізік пен оның айналасының формасы бұзылады және ісікпен жабысады. Ісікке пальпация жасағанда шекаралары нақты емес, қамыртәріздес консистенция, одан тығызырақ бөліктер анықталады, перифериялық лимфатүйіндерге ерте берген метастаза анықталады.

Маститтәрізді форма – ісіктің зақымдалуы маститке ұксайды.

Толғактәрізді форма – ісік өзгерістері голғақ қысқан кездегі кеуде безінің терісіндегі өгерістерге ұксайды.

Оккультті форма – қолтықасты түйіндерінің лимфадениті ісіктің негізгі белгісі болып табылады. Лимфадениттің 2-3 аптаға созылуы кеуде безін қатерлі ісікті анықтау үшін арнайы зерттеуді (УЗИ, маммография, КТ, МРТ) талап етеді.

Педжет ауруы – сұт безінің емізігі мен ареолы жабысқан түтіктің ісігі: терісі қызарған, түлейді, емізіктен шығынды ағады; пальпация жасағанда жаңа өспе кеш байқалады.

Емдеу:

•ісіктәрізді жаңа өспе анықталған жағдайда науқасты жедел онкологиялық мекемеге жіберу қажет.

ҚУЫҚТЫҢ ОБЫРЫ

Куық обыры – куыктың сілекейлі қабығының эпителиялық жасушаларының қатерлі ісігі.

Негізгі белгілері:

- қан аралас зәр – обырдың алғашқы белгісі
- зәр шығарудың бұзылуы
- ірің аралас зәр (жұқпа қосылғанда)
- еш жері ауырмайды
- кеш сатысында – сүйекке, өкпеге метастаза беруі.

Диагностика жасау амалдары:

- ісіктәрізді өспеге биопсиямен бірге уретроцистоскопия жасау ен ақпаратты әдіс болып табылады.

- зәрді ңитологиялық зерттеу

- УДЗ, КТ, МРТ

- экскреторлы урография.

Емдеу:

- ісіктәрізді жаңа өспе анықталған жағдайда науқасты жедел онкологиялық мекемеге жіберу қажет.

ТӨМЕНГІ ЕРІН ОБЫРЫ

Төменгі ерін обыры – еріннің қызыл жиегі эпителиясының және қызыл жиектің бет терісіне шығатын қатерлі ісік.

Негізгі белгілері:

- төменгі ерінде көлемі 8-10 мм, еріннің үстінде шығып тұратын тығыз түйін болады

- түйіннің үсті қызыл - сүр түсті

- түйіннің үсті жарапанып, беті қатты қабыршақталған

- жақасты лимфатүйіндер үлкеюі мүмкін.

Диагностика жасау амалдары:

- биопсия

- пальпацияда жақасты лимфатүйіндер үлкейгендігі білінеді.

Емдеу:

- ісіктәрізді жана өспе анықталған жағдайда науқасты жедел онкологиялық мекемеге жіберу қажет.

ТОҚ ІШЕК ПЕН ТІК ІШЕКТІҢ ӨБЫРЫ

Тоқ ішектің обыры – тоқ ішектің сілекейлі қабығының эпителиялық жасушаларының қатерлі ісігі.

Негізгі белгілері:

- тоқ ішектің оң жақ бөлігінің обыры: сипаты беймәлім тұрақты/тұрақсыз аурулар
 - аздал қан жоғалтудың салдарынан жайлап дамып отырған анемия
 - пальпация жасағанда ісіктәрізді күрылым байқалады
 - тоқ ішек пен тік ішектің сол жақ бөліктерінің обыры – түрлі деңгейдегі іш қатулар болуы мүмкін
 - ішперде қуысының сол жақ бөлігінің ауруы
 - ішектің өткізбеушілігін дамыту
 - қан аралас үлкен дәрет
 - бауыр, сүйек, өкпеге метастаза береді.

Диагностика жасау амалдары:

- ирригоскопия
- ісік биопсиясымен бірге ректороманоскопия жасау
- ісік биопсиясымен бірге фиброзендо-колоноскопия жасау.

Емдеу:

- ісіктәрізді жаңа оспе анықталған жағдайда науқасты жедел онкологиялық мекемеге жіберу қажет.

ӨҢЕШ ОБЫРЫ

Өңеш обыры – өңештің сілекейлі кабығының эпителиялық жасушаларының қатерлі ісігі.

Негізгі белгілері:

- жұтынудың бұзылуы – қатты, сосын жартылай қатты тағамды жұтуудың киындауы: оларды жұту кенеттен жеңілдеп кетуі мүмкін, бұл ісіктің ыдырағанын көрсетеді
- жұтынғанда тәссүйек артының ауруы
- тәссүйек артының ауруы өңеш тіндерінің ісікпен закымдалғандығын көрсетеді

• тез жұдеу

• жалпы әлсіздік.

- Диагностика жасау амалдары:**
- өңешті контрастпен (сұйық, жартылай сұйық) рентгендік зерттеу
 - биопсиямен бірге фиброзэндофагскопия
 - кеудеге КТ жасау.
- Емдеу:**
- ісіктәрізді жаңа өспе анықталған жағдайда науқасты жедел онкологиялық мекемеге жіберу кажет.

ЕРКЕКБЕЗ ОБЫРЫ

- Негізгі белгілері:**
- дизурия (зәр шығарудың бұзылуы)
 - зәрдің шықпай қалуы және токтамай қалуы
 - гематурия (қан аралас зәр)
 - поллакиурия (жіңі шығу)
 - никтурия (түнде көп шығу)
 - кіші жамбас маңының аздап ауыруы
 - сүйекке метастаза бергенде зақымдалған жердің ауруы мүмкін.

- Диагностика жасау амалдары:**
- безді тік ішек арқылы саусақпен зерттеу керек
 - УДЗ
 - УДЗ, КТ бақылауымен биопсия жасау

- қан тексеру - ерекше антиген
- кіші жамбас, ішперде құсының ағзаларын УДЗ, КТ, МРТ.

Емдеу:

- ісіктәрізді жаңа өспе анықталған жағдайда науқасты жедел онкологиялық мекемеге жіберу қажет.

ЖАТЫР МОЙНЫНЫҢ ОБЫРЫ

Жатыр мойнының обыры – жатыр мойнының сілекейлі қабығының эпителиялық жасушаларының қатерлі ісігі.

Негізгі белгілері:

- қынаптан өзінен өзі қан кету
- жыныстық қатынастан кейін қынаптан қан кету
- инвазивті өсуінде жатырдың көлемі өседі.

Диагностика жасау амалдары:

- колъпоскопия, биопсия; УДЗ, рентгендік зерттеу, метастазаны анықтау үшін КТ, МРТ жасалады.

Емдеу:

- ісіктәрізді жаңа өспе анықталған жағдайда науқасты жедел онкологиялық мекемеге жіберу қажет.

ВЕНАЛАРДЫҢ ВАРИКОЗДЫ КЕҢЕЮІ

Веналардың варикозды кеңеюі – веналар қабырғаларының патологиялық өзгерістері мен олардың жиырылуының жетіспеуінен кеңейіп, ұзаруы. Көбіне үлкен теріасты веналары жүйесінің үстіңгі веналары зақымдалады.

Негізгі белгілері:

•компенсация сатысы – балтыр веналары аздап жарапанған, варикоздың кеңеюі де шамалы

•субкомпенсация сатысы – веналардың варикозды кеңеюі, қанның домбығуы, табан мен балтырдың аздап ісінуі, терінің дактануы, балтырдың бұлшық еттері ауырады, балтырдың бұлшық еттерінің өтпелі дірілдеп жиырылуы, теріасты майлы өзегінің катаюы, тобықтың маңының жарапануы

•декомпенсация сатысы – табан, балтырдың үнемі аздап ісініп жүруі, веналардың күрт кеңеюі, көлемдері үлкенірек варикозды түйіндердің кұрылуы, экзема, тілме, жазылмайтын ойық - жарапар, тромбофлебит, жарапардың қанауы, аяқтардың қатты ауруы.

Диагностика жасау амалдары:

- тексеру
- УДЗ – диагностика жасаудың ең тиімді әдісі – үстіңгі және терең веналардағы қанагымы, вена қақпақшасының күйі анықталады.

Емдеу:

- хирургиялық
- консервативті терапия хирургиялық ем жасауға болмайтын немесе науқас операцияға келіспеген жағдайда жасалады
- склерозирлі терапия веналардың шектеулі варикозды кеңеюінде ғана мүмкін
- хирургиялық ем толық зерттеу мүмкін болатын және операцияның түрі квалификациялық деңгейде анықталатын ангиохирургиялық бөлімшеде жасалуы қажет.

РАХИТ (менел)

Баланың өсіп келе жатқан ағзасының кальций жетіспеушілігінен және/немесе оны сіңіре алмауынан туатын балалар ауруы.

Негізгі белгілері:

- аурудың бастапқы кезеңі: аурұ

баланың 2-3 айлығында басталып, 3 айға дейін созылады; желке сүйегінің шеттерінің жұмсаруы, желкенің жалпайуы, ұлken еңбектің шеттерінің жұмсаруы, қабырғаға шеміршектің өтетін жеріндегі қабырғалар жалпаяды, білеziк сүйектерінің кішігірім остеопорозы

•аурудың асқынған кезеңі: бастапкы кезеңнің белгілері, желке сүйектің шеттерінің жұмсаруы, «етікшінің қеудесі» - тәссүйегі мен қабырғаның төменгі үштен бөлігінде пайда болған өспе, «тауық қеудесі» – тәссүйегінің қабырғалары дәңестеніп, балтыр сүйектерінің варусты және вальгусты деформациясы, жамbastың тарылуды, маңдай және еңбек сүйектерінің өсуі, қабырғаның шеміршектің оған өтетін жерінде өсуі, білеziк пен саусақ сүйектерінің жалпаюы, тістің дұрыс шықпауы

•аурудың реконвалесценция кезеңі – сүйек жүйесі толық қалпына келмейді, өзгерістер байқалып тұрады.

Емдеу:

- табиғи тамактандыруды тоқтатпайды
- қосымша тамактандыруды ерте

бастайды (балық майы, уылдырық, жұмыртқаның сарысы, бауыр, ет, сары май)

•эргокальциферол, кальций, калий, магний дәрмектері

•витаминдер, микроэлементтер

•УКС

•таза ауада, қала сыртында ұзак се-
руендету.

ЖҮКТІЛЕРДІҢ ҚҰСУЫ

Жүктілердің тамаққа қарай алмай, құсуы, негізінен, жүктіліктің бірінші жартысында байқалады

Негізгі белгілері (аурудың ауырлығы):

•женіл деңгейі – құсу күніне 3-4 рет болады, жалпы жағдайы қанағаттанарлық

•орташа деңгейі – құсу күніне 8-10 рет, кеберсү, аздап жүдейді, тері құрғайды, диурез (зәрдің шығуы) төмен, пульс минутына 100 - 120 сокқы, дене қызуы субфебрильді

•ауыр деңгейі – құсу өте жиілейді, тіпті тоқтамауы да мүмкін, тері құрғак, тонусы түскен, тез жүдейді, тері мен сілекейлі қабық сарғыштанады, диурез (зәрдің шығуы) жоқтың қасы, тыныс алғанда ацетонның иісі келеді, есінен танып комаға тұсу, өлімге әкелуі мүмкін.

Емдеу:

- емдәм (аңы, тәтті, майлы тағамдар алынып тасталады)
- кеберсуді, қышқылдықты түзету, электролиттердің жойылуы
- гистаминге қарсы дәрмектер
- фенотиазин туындылары (жұбатқы дәрмектер)
- хирургиялық ем – жүктілікті үзу (көрсеткіштеріне қарай).

СОЗЫЛМАЛЫ ТОНЗИЛЛИТ (бадамшабез бен оны қоршаған тіндердің жергілікті жүқпалы аллергиялық ауруы).

Созылмалы тонзиллит – бадамшабез бен оны қоршаған тіндердің жергілікті жүқпалы - аллергиялық ауруы.

Клиникалық тексерілген (тек бадамшабездің зақымдануы) және қайта тексерілген (жергілікті және шалғай жатқан тіндердің) түрлері бар.

Негізгі белгілері:

- таңдай доғашықтарының қызаруы, валиктәрізді болып толығуы
- іркілдек немесе тыртықты өзгерген бадамшабездер мен доғашықтардың түйілуі

- бадамшабез қуысында ірінді гығындар пайда болады
- аймақтық лимфаденит.

Емдеу:

- консервативті: бактерияға қарсы терапия – антибиотиктер, сульфаниламидтер

•жергілікті емдеу – лакун септикке қарсы ерітінділермен шаю, жуу

•аса сезімталдыққа қарсы дәрідәрмектер

•иммунокорекция

•консервативті терапия тиімді болмаған жағдайда хирургиялық емтағайындалады.

ТРИХОМОНИАЗ

(зэр шығару - жыныс жүйесін зақымдайтын жүқпалы ауруы).

Ол жыныстық қатынас арқылы беріледі.

Классификациясы: жіті / жітіге жақын (2 айға дейін созылады), созылмалы (2 айдан аса); трихомон таситын (қабыну себептері жок).

Негізгі белгілері:

•әйелдер: жіті /. жітіге жақын вагинит, уретрит, цистит, жыныс жолдарынан

сары - жасыл шығындылар, көпіршікті, жағымсыз иіс, қышыну, күйдіру, дизурия; қынапқа зерттеу қызару, қан кету, эрозиялар

•ер адамдар: уретрит, простатиттің белгілері.

Емдеу:

- жыныс ағзаларын тазалау
- метронидазол, орнидазол, тинидазол
- клотримазол
- қынапты физиологиялық ерітіндімен шаю.

АЯҚТЫҢ ТЕРЕҢ ВЕНАЛАРЫНЫҢ ТРОМБОЗЫ (терең веналардың қабынып ауыруы).

Терең веналардың қабынып ауыруы, тромбтың пайда болуы. Көбіне, аяқтардың веналары зақымдалуынан.

Негізгі белгілері:

- аяқты қақсатқан ауырлықты сезіну, табан, балтыр, санның ісінуі
- дене қызуының көтерілуі
- тері жылтыр
- аяқтары салқын
- аяқ - қолға пальпация жасағанда, ауырады

- пальпация жасағанда табан, балтыр, санның үстіңгі қабаттары ауырады
- УДЗ орналаскан жерін, тромбың көлемін анықтайды.
- Емдеу:
- жатып емделу
- аяқ-қолға эластикалық бинтпен компрессия жасау
- бактерияға қарсы терапия
- қанның ұюына қарсы терапия (қанның ұйыту жүйесіне бақылау жасау)
- антиагрегантті дәрмектер.

ҮСТІҢГІ ТРОМБОФЛЕБИТ (веналардың үстіңгі қабатының қабынуы).

Веналардың үстіңгі қабатының қабынуы, тромб құралып, вена қабырғасының қабынуы. Көбіне аяқтың веналары зақымдалады.

Негізгі белгілері:

- зақымдалған жерлердің ауруы
- дene қызуы көтеріледі
- зақымдалған венаның бойына пальпация жасағанда, инфильтрат, ауру байқалады.
- зақымдалған жердің терісі қызарады.

Емдеу:

- жергілікті: гепаринді мазь, гинкоргель, троксевазин
- НККД
- веналардың варикозды кеңеюінде оперативті ем тағайындалады.

ТУБЕРКУЛЕЗ

Туберкулез – туберкулездің микобактерияларын туындататын жұқпалы ауру.

Түрлері:

балалар мен жасөспірімдердің туберкулездің жүқтіруы.

Өкпе туберкулезі:

- бастапқы туберкулез кешені
- қеудеішінің лимфатүйіндік туберкулезі

- диссеминацияланған туберкулез

- милиарлы туберкулез

- ошақты туберкулез

- инфильтративті туберкулез

- казеозды пневмония

- туберкулома

- құысты туберкулез

- фиброзды - кавернозды туберкулез

- цирротикалық туберкулез

- туберкулезді плеврит (оның ішінде эмпиема)

- бронх, трахея, жоғарғы тыныс жолдарының туберкулезі

- тыныс ағзаларының туберкулезі, өкпенің шаң - тозаңға байланысты кәсіби ауруы (кониотуберкулез)

Басқа ағзалардың туберкулезі:

- ми қабықтарының және ОЖЖ туберкулезі

- асқазан, ішперде және шажырқай лимфатүйіндерінің туберкулезі

- сүйек пен бұын туберкулезі

- зәр шығару, жыныс ағзаларының туберкулезі

- тері ағзалары мен теріасты талшықтарының туберкулезі

- перифериялық лимфатүйіндердің туберкулезі

- көз туберкулезі

- басқа ағзаларының туберкулезі

Классификациясына ескерту. Классификация диагнозда көрсетілген процестің ұзактығы (өкпеде бөліктепі мен сегменттер бойынша, басқа ағзаларда – зақымның орналасуы бойынша), процестің фазалары (инфилтрациялар, ыдырауы, таралуы немесе сорылуы, тығыздалуы, тыртықталуы, избестену), сонымен қатар *M.tuberculosis* – БК(+) или БК(-) болуы және болмауы бойынша жасалады.

Туберкулездің диагностикасы уыт-

тану синдромында болатын жалпы белгілерден, нақты ағзаның закымдалу белгісінен; туберкулез диагностикасының нәтижелерінен, бактериоскопия және физиологиялық сұйыктар мен тіндердің бактериологиялық зерттеу нәтижелерінен; рентгендік зерттеу нәтижелерінен құралады.

ЖМК жағдайында туберкулез ауруына күдік туған немесе диагнозы анықталған жағдайда науқасты міндепті түрде туберкулезге қарсы мекемеге тексерілуі және емделуі үшін жедел түрде жатқызылды керек.

БЕЗЕУЛЕР

Безеулер – майлы бездер мен жұнді қалтаның ірінді - қабынған созылмалы тері ауруы. Ауру жасөспірімдер мен жастардың жыныстық толысу кезеңінде басталып 20-25 жасында аяқталады. Морфологиялық субстратпен қатар жүйке - психикалық жағдайы да ауыр болады.

Негізгі белгілері :

•безеулер теріден шығынқырап тұратын дөңгелек, қызыл түсті, тығыз, үнемі қабынып тұратын бөртпелер

түрінде болады, кейде оларға ірінді сұйық жиналуы мүмкін

•кей безеулер бір - біріне бірігіп, тері мен теріасты талшығының біршама бөлігінің қабынуына әкеледі.

Емдеу:

•емдеу ұзакқа созылады (айлар мен жылдар); табысты емнен кейін қайталаулар жиі болады

•дәрі - дәрмек терапиясы: бактерияға қарсы дәрмектер: гидрохлорид, тетрациклин және эритромицин (мазьдар), азитромицин, котrimоксазол және оның аналогтары, клиндамицин (крем, гель), фузидиев қышқылы (жергілікті), пероксид бензоилы, метронидазол (жергілікті), сульфадекортэм, левамизол, диане-35, димексид, безеулерді емдейтін басқа да косметикалық мазьдар, кремдер мен гельдер.

СОЗЫЛМАЛЫ ФАРИНГИТ (жұтқыншақтың сілекейлі қабығының қабынуы).

Созылмалы фарингит – жұтқыншақтың сілекейлі қабығының қабынуы .

Түрлері: катаральды, . гипертрофикалық, атрофиялық фарингит.

Негізгі белгілері:

- жұтқыншақтың құрғауы, жыбырлауы, «тырнауы», жөтел
- қою тұтқыр сөл, оның жөтелгенде түкірік ретінде түсүі
- тамақ жегенде жұтқыншақтағы жайсыздық
- фарингоскопия сілекейлі қабықтың қызыарғандығын, аздал ісінгендігін (катарапальды фарингит) көрсетеді; сілекейлі қабық тығыз, іркілдеген, жұтқыншақтың артқы қабырғасы сілекейленген (гипертрофикалтік фарингит); жұқарған, құрғақ, жылтыраған сілекейлі қабықтың бетінде сілекей, қабыршық (атрофиялық фарингит).

Емдеу:

- сілтілі, майлы ерітінділермен ингаляция жасау
- шаю
- физиотерапия.

ЖАТЫРДЫҢ ФИБРОМИОМАСЫ
(тегісбұлшықетті талшықтар мен біріктіруші тіндердің қатерсіз ісігі).

Жатырдың фибромиомасы – тегісбұлшықетті талшықтар мен біріктіруші тіндердің қатерсіз ісігі, шекаралары

накты, жалғыз, көп, көлемдері әртүрлі, гормонға тәуелді.

Тұрлар: интромуральды фиброма – бұлшық ет ішіне орналасқан; субмукозды фиброма – бұл да бұлшық ет ішіне, бірақ эндометриға жақын орналасқан; субсерозды фиброма – бұл да бұлшық ет ішіне, бірақ жатырдың күкіртті қабығына жақын орналасқан.

Негізгі белгілері:

•патологиялық етеккірлік қан кету (гиперменорея)

•жамбастың ауруы фибриома тармактары ширатылып, өліттегендеге болуы мүмкін

•үлкен фибромиомаларда асқазан, зәр қуығы, зәрағар басылуы мүмкін, соған сай ауру белгілері анықталады (іш қату, зәр шығарудың бұзылуы, зәр шығарудың тоқтап қалуы және т.б.).

Диагностика жасау амалдары:

•алдыңғы ішперде қабыргасына пальпация

•УДЗ

•КТ, МРТ.

Емдеу:

•консервативтіем: гонадотропиндердің сөлденеуін басатын дәрі - дәрмектер

тағайындалады (қарсы көрсеткіштер: анамнездегі остеопороз)

•хирургиялық ем: науқастың денсаулығы мен өміріне қауінті мөлшерде қан кеткенде; үлкен, асқынған фибриомаларда жасалады, операцияның түрі мен көлемін хирург - гинеколог анықтайды.

СОЗЫЛМАЛЫ ХОЛЕЦИСТИТ **(өт қуығында тастардың салдарынан болатын созымалы, жиі қайталанатын, қабыну).**

Созымалы холецистит – өт қуығының оның қуысында пайда болған тастардың салдарынан болатын созымалы, жиі қайталанатын, қабыну ауруы.

Негізгі белгілері:

•аурудың анамнезі, дұрыс тамақтанбау (арак-шарап, ашы тағамдарды, шамадан тыс көп қолдану)

•Эпигстральды жердің және оң қабырғаастының аздап қақсан, батып ауруы, үнемі емес.

Емдеу:

•емдәм

•байқалмай асқынғанда: бактерияға қарсы терапия, жалпы миотропты әсер ететін спазмолитиктер

•хирургиялық ем – өт жолы асқын-

бай түрғанда алып тастау керек (лапароскопиялық холецистэктомия, лапаротомия және холецистэктомия).

БАУЫРДЫҢ ЦИРРОЗЫ

Бауырдың циррозы – бауырдың диффузды фиброзы.

Негізгі белгілері:

- он қабырғастының ұнемі, қақсан, әлсіз қарқынмен ауруы

- анемия

- пальпация жасағанда бауырдың аздап үлкейгендігі, бауырдың тіні тығыз, ұшталған

- тері сарғыштанған, аса сарғыш тартқан, аққабықтанған

- терінің үстіңгі қантамырлары кеңейеді (беті, қабырғаасты)

- портальды гипертензия: қөкбауырдың үлкеюі, өңештің қантамырларының варикозды кеңеюі, өңештен қан кету (өлімге әкелуі мүмкін)

- асцит.

Зертханалық зерттеулер:

- анемия, тромбоцитопения, лейкопения (гиперспленизмде)

- билирубиннің, γ-глобулинның көтерілуі концентрациясы, гипоальбуминемия.

Емдеу:

- симптоматикалық
- емдәм (міндетті түрде арақ - шарап, аңыз тағам алынып тасталуы керек)
- консервативті емнің еш тиімділігі жок
- хирургиялық ем – бауыр белгілері тенгерілгенге дейін трансплантиациялады.

ЦИСТИТ

(қыықтың сілекейлі қабығының қабынуы).

Цистит – қыықтың сілекейлі қабығының қабынуы.

Негізгі белгілері:

- дизурия (жіі, қатты түрде зәр шығарғысы келу, зәр шығарғанда ашытып ауруы)

•никтурия

- зәрдің жалпы анализі: бактериuria, лейкоцитурия, эритроцитурия (міндетті емес), нәруыз, эпителиальды жасушалар.

Емдеу:

- бактерияға қарсы терапия: антибиотиктер, фторхинолондар, нитрофуран туындылары

- түйіліп ауырғанда миотропты әсер ететін спазмолитиктер

•емдәм.

ӨКПЕНИҢ ЭХИНОКОККОЗЫ (өкпенің эхинокок кисталарын дамытатын ішекқұрт инвазиясы).

Өкпенің эхинококкозы – өкпенің эхинокок кисталарын дамытатын ішекқұрт инвазиясы.

Негізгі белгілері:

- кішкентай кисталардың (диаметрі 5-6 см). белгілері болмайды
- көлемдері үлкен және көптеген кисталарда кеуденің қақсап ауруы, демікпе болуы мүмкін
- фиброзды капсуладан хитин қабығы бөлініп шыққан кезде қан түкіру (өкпенің өзгерген тіндері) болады
- эхинокок кисталарының іріңдеуі өкпе абсцесінің белгілерін береді
- эхинокок кисталары бронх тамырына шыққанда ашы дәмі бар, сұйық бөлінген қатты жөтел пайда болады, ауыр аллергиялық реакция болуы мүмкін.

Диагностика жасау амалдары:

- өкпені рентгендік зерттеу.

Емдеу:

- хирургиялық: торакотомия, кистаның құрамын, хитин қабығын жою, өкпе тініне капитонаж жасау.

БАУЫРДЫҢ ЭХИНОКОККОЗЫ (бауырдың эхинокок кисталарының дамуының ішеккүрт инвазиясы).

Бауырдың эхинаккозы – бауырдың эхинокок кисталарының дамуының ішеккүрт инвазиясы.

•көбіне білінбей өтеді (кисталар кішкентай, өт шығаратын жолдар басылмайды)

•оң жақ қабырғаасты қақсап ауырады

•ұлken кисталарда бауыр үлкейеді, ауырсынады

•тері сарғыштанып, аққабықтануы мүмкін

•киста ішперде қуысына шыққанда іш қатты ауырады, аллергиялық реакция болуы мүмкін

•киста тоқ ішекке, өт жолдарына шығады.

Диагностика жасау амалдары :

•бауырға, ішперде қуысына УДЗ, КТ, МРТ жасау.

Емдеу:

•хирургиялық – лапаротомия, кистаны алып тастау, ішперде қабыргасы арқылы фиброз капсуласына қашыртқы салу.

ТЕРІСКЕН

Теріскен – кірпіктің жұнді фолликуласының (сыртқы теріскен), мейбоми безінің (ішкі теріскен) жіті / созылмалы қабынұры.

Негізгі белгілері:

- қабақ шеттерінің қызаруы
- қабақ шеттерінің қышынұры
- қабақ шеттерінің іріндеуі

• аққабақ, сілекейлі қабықтың тітіркенеуі

- ауруы.

Емдеу:

• көз тамшылары (сульфацетамид, гентамицин, ципрофлоксацин және т.б.).

• көз мазьдары (эритромицин, тетрациклин)

• хирургиялық ем – бір безде орналасуы және фиброз ошағының құралуы.

ТӨТЕНШЕ ЖАҒДАЙЛАР КЕЗІНДЕ ДЕГІ ЖҰМЫС МАТЕРИАЛДАРЫ (табиғи, техногенді, эпидемиологиялық апаттар).

Төтенше жағдайлар кезінде жылжымалы медициналық кешенде төмендегідей емдік-профилактикалық шаралар жасалады:

- сырттан ұзак уақыт қан кеткен-

де қантамырды жұмсак тіндерімен бірге тігу және қантоқтатқымен бұрау, тацғышпен, тығыз тампондармен тацу; қан-тоқтатқымен бұрауды бақылау қажет

•трахеостомия, тілді тігу, жақсынықтарының иммобилизациясы арқылы тұншығудың бетін алу, жоғарғы тыныс жолдарының толық өткізгіштігін қамтамасыз ету

•ашық пневмотороксте окклюзивті таңғыштар таңу (эвакуация кезінде пневмоторокстің дамуына бақылау қажет), плевра қуысына немесе пневмоторокс торакоцентозда пунция жасау

•жүрек және тыныс алу әрекеттері тоқтап қалған кезде «ауыздан ауызға» әдісімен жүрекке жабық массаж және өкпеге жасанды желдету жасау

•аяқ сүйектерінің жарақаттары мен сынықтарында және оған соққы қосылған жағдайда, новокаинмен бөгеу кою және транспортпен көшіру, ауыруды басатын және соққыға қарсы дәрмектер мен ерітінділер салу

•ауыр соққы алған, көп қан кеткен жағдайда қан және қаналмастырыш заттар құю

•зәр шықпай қалған жағдайда қуыққа катетер кою немесе капиллярга пункция жасау

- кесіндіде ілініп тұрған аяқ-қолды тілу («транспортты ампутация»)
- жаралылар мен күйгендерге антибиотиктер мен сіреспе анатоксinder салу
- бастапқы медициналық және дәрігерге дейінгі көмек кемістіктерін жою (таңғыштарды жөндеу, аяктары жарапанғандардың транспортпен дұрыстап көшірілуін қадағалау)
- ауруды басатын дәрмектер, соққыға қарсы ерітінділер салу және зақымдары орташа жаралыларға новокаиннан бөгуеу қою
- ашық жарақаттар мен күйіктерде антибиотиктер мен сіреспе анатоксinderін құю
- жаралар радиоактивті заттармен ластағанда таңғыштарды ауыстыру, күйіктерге контурлы таңғыштар қою
- ауру белгілеріне қарай түрлі дәрмектер тағайындау.

Бірінші дәрігерлік көмек сатысында соққыға қарсы іс - шаралар жүргізудегі мақсат – жаралыларды емдік профилактикалық ұйымдарға көшіру мүмкіндігін қамтамасыз ету. Науқасты соққыдан толық шығару алгаşқы дәрігерлік көмектің міндетіне жатпайды. Шиналарды алып, орнына жаңасын

таңғышты басқаша жөндеу мүмкін болмағанда және транспортты қөшірудің кемшіліктері соққыны дамыту қаупін тудырған жағдайда ғана салынады.

Жүрек - өкпе жан сақтауының алгоритмі:

А. Тыныс жолдарының өткізгіштігін қамтамасыз ету

• ауыз қуысын бөтен денелерден тазалау

• басты шалқайту

• ауызды ашу

• төменгі жақты алға шығару

Тыныс жолдарын ауа тұтіктері арқылы қалпына келтіру (ТД - 1.02 тұтіктері немесе S - түріндегі тұтіктер).

Есте сақтаңыз! Тыныс жолдарының толық өткізгіштігін қамтамассыз етпейінше, жансақтаудың келесі сатысына өтуге болмайды.

В. Жасанды тыныс алу:

• «ауыздан ауызға» – минутына 15 рет

• «ауыздан мұрынға» – минутына 15 рет

• өкпені аппаратпен жасанды желдету.

Есте сақтаңыз! Науқастың аузына ауа үрлеп қана қоймай, оның өкпеге жетуін қадағалау қажет.

С. Қанайналымды жасанды түрде ұстап тұру:

• жүрекке жабық массаж жасау техникасы – минутына 60 рет қағу.

Есте сақтаңыз! Жүрекке массаж ырғақты, жұмсақ әдіспен жасалуы керек.

Жансақтауды мынадай ізділікпен жасайды:

-науқастың тыныс жолдарын босату

-өкпеге 2 рет үрлеу жасау

- жүрекке массаж, сосын жасанды тыныс беру керек.

Жансақтауды екінші мынадай ізділікпен жасайды:

-науқастың тыныс жолдарын босату

-өкпеге 2 рет үрлеу жасау

-жүрекке массаж бен жасанды тыныс беруді қатар жасау керек

«Бір қырынан бекітіп жатқызу» техникасы:

1– оң аяғын бұғу

2– оң қолын дененің астына жіберу

3– науқасты оң қырына қарату

4– сол қолын бетінің астына жіберу.

5- Ұзақ уақыт басылу синдромында:

• зақымдалушының басылып қалған жерінің жоғары жағына бұрау қойып, басылған жерін босату керек, зақымдалушыны түгел шығарып алсымен бірден қантамырдан 5% глюкоза

ерітіндісін немесе 0,9% хлорид натрий құю керек, ауыруды басатын дәрмек салып, транспортпен көшіру керек.

Жылжымалы медициналық кешенге түскеннен кейін науқастың қуығына каттер салынып, зәрдің түсі мен мөлшерін анықтайды, зәр шығаруы бақылауға алынады. Қантамырдан 1000-1500 мл қанауыстырғыштар, мүмкіндік болса – 400 мл 4% г натрий гидрокарбонаты, 10 мл 10% кальций хлоридін құяды.

Зақымдалушиның аяғы ұзак уақыт басылып қалған жағдайда, бұрау қойып, аяқтың мүмкіншілігін тексереді.

Гангренаның нақты белгілері, сонымен қатар сезімталдығы толығымен жоқ ишемиялық қатпабуын болған жағдайда бұраудың салынғанына 2,5-3 сағат өтседе, оны алмайды.

Басқа жаралыларда инфузионды терапияда жүрек - қан және антигистаминді дәрі - дәрмектер салады, бұрауды алады, новокаинмен бөгеу қояды, транспортпен көшіреді, зақымдалған жерлер салқындастылады. Егер жаралының жағдайы көтерсе, сілтілі - тұзды сұйық беріледі (шай қасық ас содасы мен шай қасық ас тұзын бір литр суға араластырады). Бірінші кезекпен көшіріледі.

ГЕМОТОРАКС **(түрлі жаракаттардың салдарынан** **плевра қуысында қан жиналу).**

Гемоторакс – түрлі жаракаттардың салдарынан плевра қуысында қан (сұйық, ұйыған) жиналуы.

Негізгі белгілері:

•кіші гемоторакс – плевра қуысының синусында қан жиналуы, закымдалу белгілері білінбейді

•орта гемоторакс – жауырынының орта деңгейіне дейін қан жиналады, жалпы әлсіздік, демікпе, цианоз, кеуденің ауруы, АҚ 90-100 мм рт.ст. дейін түседі, пульс – минутына 110-120 қағу

•үлкен гемоторакс – жауырының ортасынан жоғары деңгейіндегі плевра қуысында қан жиналуы

•қанның жалпы анализінде эритроциттер мен гемоглобиннің саны түрлі деңгейде төмендегендігі байкалады.

Диагностика жасау амалдары:

•кеуде ағзаларына кеңейтілген рентгендік зерттеу жасалады: өкпе кол-лапсы, сұйықтың көлденең деңгейі, көкірекортаның сау жаққа қарай жылжуы (флотация); плевра қуысына пункция жасалады: қанға жасалады; қан тоқтамаған

жағдайда, пункциямен алынған кашытылады.

Емдеу:

- плевра қуысына пункция
- плевра қуысына қашыртқы салу
- қан тоқтамағанда торакотомия жасау; жедел торакотомия жасау: жиналға қанды жойғаннан кейін де қанның шығуы
- веналарға катетер қою және қанды қалпына келтіру
- қан тоқтататын терапия
- плевра қуысына кеткен қанның реинфузиясы.

КҮЙІКТЕР

Күйік – ыстықтың, химиялық электрлік немесе сәулелі энергиясынан болған терінің зақымдалуы.

Классификация:

Күйік классификациясы XXVI Бүкілодактық хирургтер съезіндегі қабылданған төрт деңгей бойынша:

I деңгей – ұстіңгі эпидермальды күйі (терінің қызаруы және ісінуі, артериалды гиперемия және қабыну экссудациясы)

II деңгей – терінің жоғары қабатының

күйігі (іші мөлдір сарғыш сұйықпен толған бөртпе, эпидермистің түскен қабатының астында базальды қабаты қалады)

III А деңгейі – терілік күйік – терінің зақымдалуы, бірақ түгел тереңдігіне дейін емес; көбіне зақымдалу емізік ұшындағы эпидермис қабатымен шектелмейді және терінің терец қабаттары сақталады

III Б деңгейі – күйіктің терінің бүкіл қалыңдығына таралуы, өліеттенуі, ал кейде теріасты талшығына дейін таралуы

IV деңгейі – тек терінің ғана емес, бұлшық ет, сүйек, сінір, буындардың өлуі.

Емдеу ерекшеліктеріне байланысты күйіктер екі топқа бөлінеді. Бірінші тобына жеңіл күйіктер (I, II и III А деңгейлері), екінші топқа III Б және IV деңгейлер жатады

КҮЙІК АУРУЫ

Күйіктер барлық тіршілік жүйелерін қамтитын патологиялық өзгерістер кешенінен тұрады.

Күйік жарасы және соған байланысты

висцеральды өзгерістер бір бірімен тығыз байланыста және өзара әрекетте болатын зақымдалулар күйік ауруы болып саналады. Ол жеңіл күйіктерде дененің 25-30% көлемінде немесе 10%. тереңдігінде дамиды. Сәбилер мен қартан адамдарда күйік ауруы одан да аз көлемде дамиды. Оның ауырлығы, асқыну жайлігі және қорытындысы негізінен күйіктің терең зақымдалу көлеміне байланысты. Жараның өту сипаты маңызды роль атқарады. Күйік жарасының ылғалды некрозында, өлі және тірі тіндердің аржігі бөлінбegen және олардың біршама бөлігі некробиозда болған жағдайда улы заттардың резорбция беру қаупі өте жоғары. Құрғақ некрозда аурудың ауыр өтуі тері қабатының 15% жері терең күйік алған зақымдаушыларға тән.

I деңгей күйігі және дененің 30% қабатын алатын II немесе IIIA деңгейлері күйіктің тотальды жағдайы болып саналады. III Б және IV деңгей бет, жыныстық мүшелер мен бұтарасының күйіктері, егер күйік 10% артса және аяқ-қолдардың 15% қамтыса, өмірге қауіпті болып саналады.

КҮЙІК СОҚҚЫСЫ

Күйік соққысы жарақаттан кейін 1- 3 тәуліктен 10-15 күнге дейін созылады. Одан әрі септикотоксемия кезеңі басталады, оның басталуы жансызданған тіндердің ажыратылу уақытымен сәйкес келеді және онымен патогениялық байланыста. Бұл кезеңің ұзақтығы әрқалай және күйік жараларының созылу уақытымен анықталады. Олар жазылғаннан немесе операциядан кейін күйік ауруының төртінші кезеңі –тері қабаты қалпына келтірілетін ре-конвалесценция кезеңі басталады, бұл кезенде күйік ауруларының дамуына тән бұзылулар қайталанады.

Соққының үш деңгейі бар: женіл, ауыр және аса ауыр.

Төмендегі кестеде берілген мәліметтер күйік соққысының деңгейін шамамен анықтауға мүмкіндік береді.

Күйік соққысын емдеу көп жағынан жарақат соққысына ұқсас, аздаған ғана айырмашылықтары бар. Күйік кезінде қан плазмасының тіндерге қарқынды транссудациясы жүреді, ол ісінуге

әкеледі. Үлкен күйіктің алғашқы бірер сағатында-ақ қан плазмасының мөлшері 25-33% азайып, қан ұйыйды. ОЦК пен гемолиздің азаюынан тін гипоксиясы өседі. Сондықтан да қарқынды оксигенотерапия жасау және көп қан мен қанауыстырғыштар құю керек. Алғашқы 2-3 сағатта 0,8-1,2 л қан немесе плазма, 1,5-2 л хлорид натрийінің изотонии калық ерітіндісін және 5% глюкоза еріндісінін 1 л, 1 л реополиглюкин құю керек. Ауруды басудың маңызы зор (наркотикалық, антигистаминдік дәрмектер салу, новокаинмен бөгеу). Соққыға қарсы терапияда науқас толық тыныштықта болуы қажет, кейбір жағдайларда мазасын алмау үшін күйік жарагаларын өндеуді деңесіра тұрған дұрыс.

Күйік соққысына қарсы терапия тиімді жүргізілген жағдайда күйік ауруы біртіндеп токсемин сатысына ауысады.

КҮЙІК СОҚҚЫСЫНЫҢ НЕГІЗГІ БЕЛГІЛЕРІ

Тері қабаттары- ның жағдайы	Түсі қалыпты не- месе солғын	Солғын, күрғак	Солғын, кейде сұр түсті, күрғак, салқын
Пульс, мин/ қағу	100	100-120	120 аса
Систолика- лық АҚ, мм рт.ст.	Қалыпты тұракты	95-90 төмендей береді	Ұзак уақыт бойы төмен 90-85
ЦВД, мм. ст.	Қалыпты немесе 50- 40 түседі	40-20 дейін түскен	20 төмен
Зәр шығару-дың бұзылуды	Мерзімдік олигурия, тәуліктік көлемі қалыпты	Олигурия, тәуліктік көлемі 600 мл азайған	Анурия (только немесе аралас), тәуліктік диурез 300-400 мл немесе аз
Қалдық азот, ммоль/л	кейде 30-35 көтеріледі	Алғашқы тәуліктері 40-45 көтеріледі	45 асады

Гемоглобинурия	жок	Кейде кыска уақытқа, алғашқы тәуліктері	Алғашқы сағаттардан ұзак; зәрдәл түсі кара және күйіктің иісі бар
Локсу	сирек	Жиі, жасырын қанға реакциясы он	кайталау, кейде көнбейді, «кофеин» қоюы» түсті
Асказан шала салда-нады	жок	жок	Күйіктің бірінші сағаттарында
Ацидоз	жок немесе тенгерілген	Декомпенсацияланған метаболикалық (рН 7,35-7,25)	Декомпенсацияланған метаболикалық (рН 7,25)
Дене қызыу	Субфебрильді	Қалыпты немесе субфебрильді	қалыпты, көбіне төмен

КҮЙІКТЕ АЛҒАШҚЫ КӨМЕК

Күйгендерге ауруханаға дейінгі көмек көрсету жауапты да ауыр тапсырма болып табылады. Қындықтар бір мезгілде әзіздіктердің санының көптігіне байланысты туындайды. Өртеніп жатқан шеттерден, көліктен шығару, электр энергиясын өшіру әрбір жәрдем көрсетушіден білім және тәжірибелік дағдылармен қатар батылдық пен шешімділікті талап етеді. Жаппай зақымдануда жәрдем үйымдастырудың маңызы зор. Жедел көмек көрсетілмей, көншіріп алып кетуге зақымданушы шыдай алмауы мүмкін. Ең алдымен, көмек кімдерге көрсетілуі керек, кімді күттіре тұруға болатындығын анықтау және көмек сипаты, оның көлемі, көшіру кезегі, көшіруді медициналық қамтамасыз ету, зақымданушыны қандай ауруханаға жіберу керектігін анықтау қажет. Күйік алушының өміріне қауін төндіретін патологиялық жағдайына қарай, көмек жедел де өнімді, бірізділікпен жасалуы керек. Біріншіден, зақымданушының мінез - құлығымен жатқан жағдайы

ескеріледі. Үстіңгі күйіктерде ауруы зақымданушының жанына батады, олар ыңыранып, қиналышп жатады. Iрі күйіктерде, шөлдеп, қалтырайды. Егер ақыл - есі кіресілі - шығасылы болса, газбен улануы, арак-шараптан және басқа да аралас заттардан улануы мүмкін. Қажетті жансақтау жәрдемін көрсету үшін естің бұзылу себебін жылдам анықтау керек.

Тыныс ағзаларының жағдайын да бағалаған маңызды. Жалынның шарпуынан күйгенде жоғарғы тыныс жолдарының сілекейлі қабықтары да күйеді. Ауыр зақымданғанда тыныс ырғағы бұзылады, кейде көмей стенозының белгілері бар жіті тыныс жетіспеушілігі дамиды. Жарақат алынған жерде соққыға қарсы терапияны жасау үшін күйік жарасының көлемі мен ауырлығын анықтау қажет.

Терминалық күйіктерде ең алдымен жоғары температуралы зақымдайтын агенттің әрекетін тоқтатып, зақымданушыны қауіпті аймақтан тез алып шығу керек. Киімді шешу мүмкін болмаған жағдайда жалынды көрпемен

тығыздап басып өшіру керек немесе зақымданушины күйген жағын жерге басып жатқызу керек. Жалынды су шашып сөндіру қажет, немесе жақын жerde су қоймасы болса, зақымданушины түгелдей немесе жартылай соған тұсіру керек. Жалындаған киіммен, қолдарымен жалыннан қорғана қашуға мұлде болмайды. Көмек көрсетушінің де, зақымданушиның да барынша сабырлылығы, шешіммен және ұтымды әрекет етуі зардаптың алдын алуға және оның ауырлығын азайтуға ықпал етеді.

Жалынды басып, зақымданушины қауіпті аумактан шығарғаннан кейін жедел жәрдем көрсетуге кірісу керек. Тіндердің гипертермия кезеңін қысқарту үшін күйген жерді суық су, салқын затты басу арқылы салқындастып алу қажет. Киімін шешіп, басына мұз немесе салқын компресс қою керек. Күйік жарасына заарсызданған құрғақ таңғыш қояды. Заарсызданған таңғыш болмаған жағдайда басқа таза матаны қолдануға болады. Тіпті болмаған жағдайда күйген жерді бірнеше сағат таңғышсыз

қалдыруға болады. Қол күйгенде ең алдымен саусактағы сақинаны алу керек, алынбай қалса, кейін ісіну нәтижесінде саусактар ишемиясына әкелуі мүмкін. Күйген жердегі киімді шешпейді, тігіс бойымен жайлап кесін алып тастайды. Күн сұықта киімді толық шешіп тастауға болмайды, себебі зақымданушы тонып қалады. Барлық басқа жағдайларда ауыруды басатын дәрмектер салынады.

Күйген улы заттармен уланған және тыныс ағзалары зақымдалған жағдайда ең алдымен, науқасқа таза ауа жеткізу жағын ойластыру қажет. Тыныс жолдарының өткізгіштігін қалпына келтіру керек, ол үшін ауыз бен жұтқыншағындағы сілекей мен лоқсу массасын шығарып, тілдің тартылуына жол бермей, ауызды ашып, ауа тұтігін енгізу керек.

Клиникалық бақылаулардың көрсетуінше, жарақаттан кейінгі алғашқы сафатта жұтқыншақ қатты ісінеді, мұндайда трахеостомия жасалуы қажет. Сондықтан да трахеостомияны күйік болған жерде және көшіру уақытында жасамаған жөн.

КҮЙІК ЖАРАЛАРЫН ЕМДЕУ

Күйік жараларын емдеуді хирургиялық өндеден бастайды, ірі күйікте оны наркоз беріп жасайды. Өндедеу мен әрі қарай емдеу күйік жараларының терендігі мен таралуымен тығыз байланысты. Олар аса ірі болатындықтан жұқпаның қайталануына сақ болу қажет. I деңгейдегі күйікте күйіктің үстіңгі қабатындағы күйік бетіне 70% этиль спиртімен дезинфекция жасайды, сонымен қатар дәкеден жасалып, спиртке малынған шариктермен өндейді. Көбіне балық майы немесе синтомицин эмульсиясы пайдаланылады. Беттің күйігін ашық әдіспен емдейді, оларға әдетте заарсыздандынған май жағады. I деңгей күйігі бір апта ішінде жазылып, тыртық қалдырмайды.

II және III А деңгейіндегі күйіктерді бастапқы хирургиялық өндеде олардың айналасы мен күйік жаралары спиртпен дезинфекцияланады, күйік беттерін фурациллин мен басқа антисептикten 1:5000 ерітіндісімен шайылады.

Терен күйікте (III Б деңгей) алғашқы жәрдем көрсетіліп, эвакуацияланады.

ХИМИЯЛЫҚ КҮЙІКТЕР

Химиялық күйіктер зақымдалу тереңдігіне қарай төрт деңгейге бөлінеді.

I деңгей қалыпты қабыну процесімен сипатталады, тері қызарып, ісінеді

II деңгейде эпидермис өледі, ал кейде терінің жоғарғы қабаттары да өледі

III деңгей – терінің барлық қабаттары, көбіне теріасты майлы қабат да өледі

IV деңгейде тері мен тереңде жаткан тіндердің өлімімен сипатталады.

Химиялық күйіктерде зақымдалған агенттің табиғаты ескеріліп, мынадай түрлерге бөлінеді:

- коагуляцияланған некрозды тудыратын заттармен қую

- колликвацияланған некроз тудыратын заттармен қую

- термохимиялық күйіктер, мұндайда зақымдалуды агрессивті заттар тудырады.

Әдетте, химиялық күйікпен тері зақымданады. Сілекейлі қабықтың күйігі (ішперде, асқазан) тұрмыстық жағдайларда байқамай немесе әдейілеп уксус қышқылын, сілтісін ішуден болады. Химиялық күйік кезінде алғашқы

көмек қаншалықты ертерек көрсетілсе, ол соншалықты тиімді болады. Оның мақсаты – теріге тиген агрессивті заттың зерекетін тоқтату. Бұл үшін алғашқы 10-15 секундте зақымдалған жерді ағып тұрған сумен әбден шаю керек.

Мұндай өндеу 10-15 минут жасалады. Көмек кешіктіріліп көрсетілген жағдайда шаю уақыты 30-40 минутқа созылады. Осылайша әбден жуғаннан кейін зақымдалған жерді нейтрализациялытын ерітіндімен өндейді:

- қышқылдармен күйгенде: гидрокарбонат натрийдің 2% ерітіндісімен, тиосульфат натрийдің 5% ерітіндісімен;

- сілтілермен күйгенде: уксус, бор немесе лимон қышқылының 1-2% ерітіндісімен;

- фосформен күйгенде (жуып жатып, қалдықтарын пинцетпен алып тастайды): мыс купоросының, перманганат калийінің 5% ерітіндісімен, соданың 2% ерітіндісімен;

Иприттің тамшысын мақтамен сұртін алады; хлорамин спиртімен (10% хлорамин ерітіндісін 70% этанол ерітіндісімен), 0,1-0,2% перманганат калий ерітіндісімен.

ҰСІК ШАЛУ

Ұсік шалу – тіндердің сұық агентпен зақымдалуы (атмосфералық аяа, мұз, қар).

Классификация:

I деңгей – тері қабаты солғын

II деңгей – теріде күкіртті экссудаты бар бөртпе байқалады

III деңгей – теріде геморрогиялық экссудаты бар бөртпе, тері мен теріасты талшықтарының өліеттенуі, кара қабыршақтар байқалады

IV деңгей – тері, бұлшық ет, сүйек, ылғалды гангрена, флегмонаның өліеттенуі, остеомиелиттер байқалады.

Емдеу:

•закымдалушыны жылы жерге орналастырады ($16-18^{\circ}\text{C}$)

•терінің закымдалған жерлерін киімнен босатады

•І деңгейде ұсік шалғанда теріні қолмен ыскылайды, теріге заарсызданды дәрілік май жағылған таңғыш байланады

•3-4 деңгейдегі ұсікте – таңғыштар, новокайнмен бөгеледі (аяқтар закымдалғанда)

•Дәрі - дәрмек терапиясы: бактерияға

карсы дәрмектер, жалпы миотропқа әсер
стегін спазмолитиктерді артерияға құю
• хирургиялық ем – бөртпелерді ашу,
искрэктомия, ірінді жараларды емдеу,
импутация.

УЛАНУ

Улану – ағзаның өмірлік маңызды
қызметтерін бұзатын химиялық зат-
тарды қабылдау нәтижесінде болатын
патологиялық жағдай.

Түрлі химиялық кәсіпорындардың
авариясы, химиялық заттар таситын
көлік авариялары, уланған тағамдар,
кәсіпорындарда қауіпсіздік шарала-
ры сакталмағанда, террористік, әскери
әрекеттері нәтижесінде төтенше
жағдайлар туып адамдардың бұқаралық
улануына әкеледі.

Улы заттардың әсеріне байланысты
төмендегідей бұқаралық улану түрлері
бар:

- тері қабаттарының зақымдалуы
- тыныс ағзаларының зақымдалуы
- ас қорыту ағзаларының зақымдалуы
- жүйке жүйесінің зақымдалуы.

Зақымдалу ошағында уланудың
зақымданудың қай түріне жататындығын
анықтаудан бастау қажет.

Тері қабатының зақымдалуының негізгі белгілері: терінің қызаруы, гипертермиясы, цианозы, экссудатпен толған бөртпелер, эпидермистің түсүі.

Тыныс ағзаларының зақымдалуының негізгі белгілері: тыныс алу жетіспеу-шілігі, терінің цианозы, жиһисирек тыныс алу, жөтел, тыныс жолдарының аспирациялық обтурациясы, өкпенің ісінуі.

Асқазан ағзаларының зақымдалуының негізгі белгілері: локсу, құсу (бұл белгі басқа да улану түрлеріне тән), ішек коликтері, іш кету, қан аралас үлкен дәрет.

Жүйке жүйесі қызметінің ағзаларының зақымдалуының негізгі белгілері: қимылдың бұзылуы, түрлі құрысулар, парестезиялар, салданулар, гипертремиялар, бас ауырулары, кома.

Бұқаралық улануда ЖМК алғашқы дәрігерлік көмек көрсету әрекеттері.

Тері қабаттары зақымдалғанда: науқасты киімінен босату, терінің зақымданған жерін әбден жуу, зақымданған жерге заарсыздандыру таңғыш қою, ауруды бәсендөтетін дәрі - дәрмектер салу,

науқасты тез арада токсикологиялық болімшеге жеткізу.

Тыныс ағзалары зақымдалғанда: ауыз күйесі мен мұрын - жұтқыншақты оларда жиналған құсықтан босату, ауа іттіктерін енгізу, оттегіні жұтқызу, тыныс аналептиктері (сульфокамфокаин, кордиамин, bemegrid); жатқызып емдеу.

Асқазан ағзалары зақымдалғанда: асқазанды зондпен шаю; жатқызып емдеу.

Жүйке жүйесі ағзалары зақымдалғанда: құрыскакқа қарсы, жұбатқы дәрмектер, антидепрессанттар, диурегиктер, преднизолон, жатқызып емдеу.

Уланудың барлық түрлерінде емдеу ағзадан улы заттарды тездетіп шығаруға, белгілеріне қарай арнайы терапия көрсетуге бағытталады.

Бұкаралық улануды тудыратын улы заттар тізімі: улы газ, фосфорлы заттар, виикс, бизет, зарин, фосген, дифосген, хлорциан, иприт, люизит, сиэс, азот оксидтері, дихлорэтан, альдегидтер, анилин, хлорпикрин, аммиак, формальдегид.

АЯҚ-ҚОЛДЫҢ ОТАЛУЫ

Толық және толық емес оталу түрлері бар; толық емес оталуда аяқ-қол денемен бұлшық ет, сіңір арқылы ғана ілініп тұрады. Оталу кезінде көп қан кетеді және қатты ауырады.

Жедел жәрдем ең алдымен қан кетуді тоқтатады – бұрау қою қажет.

Екіншіден, зақымдалушыны соққы жағдайдан шығару керек – соққыға қарсы іс-шаралар жүргізіледі (соққыға қарсы сұйықтар, қанауыстырығыш заттар ерітінділері, қан, плазма құю керек, ауруды басатын дәрмектер, преднизолон).

Антибиотиктер, құрысқаққа қарсы дәрмектер, шіруге қарсы сарысулардың үлкен көлемін бір мезгілде енгізу.

Травматологиялық бөлімшеге жеткізу, алдын ала асептикалық таңғыш қойылады.

СҮЙЕКТЕРДІҢ СЫНУЫ

Түрлері:

- жабық сынықтар
- ашық сынықтар
- оқ тиую сынықтары
- жұмсақ тіндері жаншылған сынықтар
қантамыр - жүйке будасы зақымдалған

сынықтар (аяқ - қолды қоректендіретін артерия тамырының толық үзілүі).

Сынықтардың диагностикасын жасау үшін зақымдалған сүйек екі жақты рентгенге түсіріледі және мұнда проксимальды және дистальды буындарды қамтиды.

Негізгі белгілері:

- сынық болған жердің домбыгуы, деформациясы

- сынық болуы мүмкін жердің ауруы

- қатты ауруы

- сынған жердің қимыл патологиясы.

Емдеу:

- ауруды басу (жергілікті)

- сынықтарды қолмен қондыру (перифериялық сынықты орта сыныққа қатысты бекітеді, түрлі гипс, пластмасса таңғыштарын тағу)

- сынықтарды хирургиялық жолмен қондыру

- ашық сынықтарда – жарақатқа зарасызданған таңғыш қою, бір рет барынша көп мөлшерде антибиотиктер салу, сіреспеге қарсы сарысу, аяқ-қолды шинамен бекіту, зақымдалушыны травматологиялық бөлімшеге жеткізу

- ОҚ тиую сынықтарында артериялық қантамыр зақымдалғанда, жұмсақ

тіндер ұзак басылғанда – алғашқы дәрігерлік көмек және зақымдалушины травматологиялық бөлімшеге жеткізу.

ЖАЛПЫ МҰЗДАУ

Жалпы мұздау төмен температура салдарынан дамиды (атмосфералық ауа, су), орталық жүйке жүйесі, жүрек - қантамыр, тыныс алу жүйелерінің қызметі қындаиды, метаболизм.

Негізгі белгілері:

- 1 деңгей (адинамикалық): мәңгіру, қалтырау, терінің түсі солғын, аздаған брадикардия. Емдеу: жалпы жылыну, ыстық ішу, ауруханаға жатқызу
- 2 деңгей (мелшиген): есінен тану, адинамия, терінің түсі солғын, акроцианоз, пульс минутына 30 рет, АҚ томен, тыныс алу сирек. Емдеу: жалпы жылыну, венаға жылы ерітінділер құю, кардиотоникалық дәрмектер, антиоксиданттар, қарқынды терапия бөлімшесіне жатқызу.

- 3 деңгей (құрысу): ұзак уақыт есінен тану, локсу, құрысқақ, бұлышық ет сіреспелігі, көз қараышқтарының тарылуы, АҚ 30 мм сынап бағанасы. төмен немесе анықталмайды, пульс минуты-

на 30 рет қағу, тыныс сирек (6-8 в мин. дейін), сіңір рефлекстері анықталмайды.

Емдеу:

қыздырылған оттегімен ӨЖЖ, сірес-пеге қарсы дәрмектер (диазепам), тамырды кеңейтетін дәрмектер (папаверин, эуфиллин, но-шпа) беріліп, трентал, венаға қыздырылған ерітінді құю қажет. Ацидез, гипокалиемияның алдын алу үшін қан биохимиясы үнемі бақылауда болуы қажет.

Жалпы мұздау үсікке әкелуі мүмкін.

ОҚ ТИЮ ЖАРАҚАТТАРЫ

Жарақаттар мынадай түрлермен ажыратылады.

Олар: оқ тиген жарақат, жарқыншақ жарақаты, жарылғыш заттар әсерінен туындаған жарақат, бөлек жарақат, көп жарақат, құрамдас жарақат; ауырлығына карай-женіл, орта, ауыр, аса ауыр және жарымжандықпен сәйкес жаралар болып бөлінеді.

Негізгі белгілері:

- Жарақаттың белгілері зақымданған ағзалар қызметінің өзгеруімен, ауырлығымен, асқынуымен анықталады. (науқас сандырағы, қансырау көлемі, жұқпалы аурулардың асқынуы)

Хирургиялық көмектің көрсетілуі зақымданған мүшеге байланысты белгіленеді. Олар: іш перде қуысы, кеуде, зәр шығару және т.б. ағзаларына операция жасау.

Жарақатты өндеу әскери - дала хирургиясының жағдайына байланысты анықталады.

Жарақатты өндеудің бастапқы хирургиясы (БХӨ): кесу, жарамсыз тіндерді тілу, жарадағы анатомиялық байланысты қалпына келтіру; ерте БХӨ-жараны бірінші күннен бастап өндеу. Мерзімді БХӨ-жараны екінші күннен бастап өндеу және кеш БХӨ-үшінші күннен кейінгі өндеу.

Қайталанған жарақаттарды хирургиялық өндеу КХӨ: тіндердің өліеттенуіне, жұқпаның асқынуына әкелетін жарақаттарға операция жасау.

Ұсақ сыртқы, тесілген, көптеген сыйдырылған, терең емес жарақаттар хирургиялық өндеуге жатпайды.

Бастапқы тігісті тек бет, бас, енқалта жыныс мүшесі, ашық пневмоторакс жарақаттарында жасайды; лапартомиядан соң тігістер құрсақ қабырғасынан бастап теріге дейін, ал буын жарақаттында

тиіс тек буын капсуласына жасалады;
жараны ірің, сарысу, сұйықтықтан
күргату кажет.

Кол - аяқ ампутациясы БХӨ кезінде
тігісі мүшениң қалдығының жүргізіледі.

Жаракқаттанудың барлық жағдайында
антибиотиктердің барынша көп дозасы
бір рет пайдаланылатын сіреспеге қарсы
дәрі егіледі.

КЕУДЕ ҚУЫСЫНЫҢ ЖАРАҚАТТАРЫ

Кеуде қуысының жарақаттары ашық,
жабық жарақат болып бөлінеді.

Жабық жарақаттарға: жұмсақ
тіндердің зақымдануы, қабырға кеу-
де қуысының сиңуы, ішкі ағзалардың
зақымдануы (жүрек, өкпе, өнеш, көк ет)
жатады.

Ашық жарақаттарға: көкірек қуысына
еніп, ішкі ағзаларды зақымдайтын
жарақаттар жатады.

Жарақаттардың екі түрі де адам
өміріне қауіпті. Себебі олар: қансырауға,
ССС терең бұзылуына, сандырақтауға,
аяу жетіспеушілікке әкеп соғады.

Кеңірдек және ірі бронхтардың (негізгі
және бөліктік) (қуыстар, көкірек қуысы)

ажырауы ауаның өкпе қуысына өтіп плевра қуысына ауа жиналуына әкеледі.

Диагностика тез арада жүргізілуі қажет. Олар перкуссия, аускультация рентгенологиялық зерттеулер.

Емдеу :

ЖМК жағдайлары: плевра қуысында ауаны шығарып барып тексеру, плевра қуысына қашыртқы салу (Бюлау әдісі бойынша, мүмкін болса, ауаны сорып тастау)

- Соққыға қарсы іс - шаралар
- ЗАҚЫМДАЛУШЫНЫ ХИРУРГИЯЛЫҚ БӨЛІМШЕГЕ ЖЕТКІЗУ.
 - Қолқа және өкпе қантамырларының жарылуы.
 - Жарапат өлімге әкелуі мүмкін.
 - Басқа жағдайларда тез арада кеүде қуысын ашу, қан ақкан тамырды анықтап оны тану, зақымданған адамды хиругиялық бөлімшеге жеткізу.
 - Жүрек жарапаты
 - Жүрек жарапаты өз кезегінде өлімге әкелуі мүмкін
 - Кейбір жағдайларда жүрек қызметі сақталуы мүмкін (мысалы, жүрек тығындау кезінде)

•Мұндай жағдайда закымдалушыларға тез арада көмек көрсету қажет. ЖМК жағдайларында жедел торактомия жасап, жарақатты тігу закымдалушыны хирургиялық бөлімшеге жеткізу.

•Өңеш жарақаты

•Өңеш жарақаты пневмомедиастинум, тері асты әмфизема көкірек күйсіныңасқынуымен жалғасады. Өңеш диагностикасының рентгенологиялық зерттеуін суда еритін контраста өткізеді.

ЖМК жағдайы кезінде мынадай іс-әрекеттер жасалады: соққыға қарсы іс-шаралар жүргізу, антибиотиктердің бірішерлік барынша көп мөлшерін енгізу және сіреспе ауруына қарсы сарысу егу, науқасты тез арада хирургиялық бөлімшеге жеткізу

•Өкпе жарақаты

•Өкпе жарақаты кезінде тін мен ұсак альвеолдық бронхтардың гемморагиялық жиналуды.

Алғашқы дәрігерлік көмекті соққыға қарсы іс - шаралар арқылы жүргізу керек, жөтелге қарсы дәрілер тағайындалмайды. Хирургиялық бөлімшеге жатқызу.

ЖҮРЕК ЖАРАҚАТЫ

Жүрек жарақаты төс сүйегінің астыңғы бөлігіне қатты соққы тиуі арқылы болады.

Жүрек жарақаты кезінен жүрек маңайы сыйдалып, тыныс тарылуы, терінің боз түсті болуы, сұық тер, артерия қысымының төмендеуі, тамыр соғысының 140-150 көрсетуі, жүрек соғу ырғақтығының бұзылуы байқалады.

ЖМК жағдайындағы емдеу шаралары, соққыға қарсы шаралар, антиаритмикалық дәрілер егіледі. Науқасты қарқынды терапия бөліміне жеткізу.

КӨКІРЕКОРТА ЭМФИЗЕМАСЫ

Басқа жағдайларда мойын, бет, кеуде қуысы, алдыңғы ішперде қабырғасына қарай тез әрі ауқымды дамитын, тыныс алу және жүрек жетіспеушілігін тудыратын көкірекорта эфиземасының себебін анықтау мүмкін емес.

Эфиземамен күресудің ең тиімді жолы супрастернальды медиастинотомия. Медиастинотомияны емдеу: төссүйегінің үстіне ауруын басатын дәрмек салу, төссүйектің артқы қабырғасынан 8-10

см терендікке дейін аnestезия салу, іеріні 4-5 см ұзындықта гілу, саусақпен тексеру арқылы төссүйектің артқы қабырғасында канал қалыптасады, дренаж орнатылады,(резенке түтікше), дренаждың жан - жағына тігістер қойылады.

Кеуде қуысының қысылуы (ішкі ағзалардың зақымдануының).
Негізгі белгілері:

- Кеуде қуысындағы ауырсыну, төсүйегі артының ауруы
- Қатты жөтел, қан түкіруі мүмкін
- Демікпе, жиі тыныс алу
- АҚ төмендеуі, тамыр соғысының жоғары жиілігі
 - тері солғын, қызарған, көгерген
 - ақыл - естің кейде шатасуы
 - рентгенограммада көрсетілген өкпе тініндегі инфильтраттар

Емдеу:
•Соққыға қарсы іс - шаралар
•ӨЖЖ
•Интенсивті терапия бөлімшесіне жатқызу

Ішперде қуысының жарақаттары ашық және жабық болып бөлінеді.

Ішкі ағзалардың зақымдануының негізгі белгілері:

- Куықасты ағзалардың жыртылуы кезінде ішперде қуысындағы ауырсыну-лар

- Пальпация кезінде алдыңғы іш перде қуысының жиырылуы

- Щеткин - Блюмберг белгісі он

- Рентгенсуреттерде – ішперде қуыс-ында – ғаз жиналады

- Паренхималы ағзалардың зақым-дануы кезінде (бауыр, көкбауыр) әр түрлі деңгейдегі қансырау белгілері байқалады.

Емдеу:

- шұғыл лапаротомия

- оперативті араласуды ішперде қуысының зақымдалуына қарап белгі-лейді

- науқасты хирургия бөлімшесіне жеткізу

Ішперде қуысының ашық жаракаттарында шұғыл лапартомия қажет. Оперативті араласуды зақымдалған ағзаларға қарап анықтайды.

БЕТ ЖАРАҚАТАЫ

Бет жаракаты кезінде бірінші рет ауыз мұрын қуысын тексеру қажет. Бет жаракаты кезінде айтарлықтай

жараққаттар, көп қан кетуі, ауыз мұрын қысының маңайында қанның ұйыуы асфиксияға алыш келеді.

Ұйыған қаннан тазартқан соң бет жарақатының түрі анықталады.

Жыртылған - соғылған жарақаттарда (бет жарақатында қан кету өте көп болады) қан кетуді тоқтату қысу арқылы (саусақпен, тампон тығы), ешуақытта қысқыш арқылы тоқтатуға болмайды, жүйке жүйесі зақымдануы мүмкін.

Қан кетуді операция жағдайында тоқтатып, өндеп, таңу қажет.

Бет сүйегінің сынуы. Бет сүйегінің сынуы бет доғасының жақ сүйегімен байланысқан жерінде жиі болады.

Белгілері: сынған жердің ауруы, ауызды ашқанда, шайнағанда, төменгі жақ сүйегінің қозғалмауы.

Төменгі жақ сүйегінің сынуы, мойын аумағының орта сзығында жиі кездеседі.

Белгілері: ауыз ашылмайды, сынған жердің ауруы, шайнау мүмкін емес, пальпация жасағанда сынған жердің катты ауруы.

Жоғары жақ сүйегінің сынуы, сину сзықтары әртүрлі, жарақаттарға мұрын сүйектері, көз, синустар қосылады.

Сыну өте ауыр, түрлі жарақаттармен қосылып, есінен тану, ми қозғалысы сиякты түрлі ауру белгілерімен қоса жүреді.

Бет жарақатын алғандар бет - жақ сүйегін емдейтін хирургке каралуы қажет.

БҮЙРЕК ЖАРАҚАТЫ

Бүйрек жарақаты үш түрге жіктеледі:

I деңгей – бүйректің соғылуы (капсула ішінде қанның ұюы, паренхимадан қан кету)

II деңгей – бүйрек түбегіне жетпеген жыртылу, бүйрек тіндерінің гематомасы

III деңгей – бүйрек парехимасының жыртылуы кезінде бүйректің үлкен қан тамырларының закымдалуы.

IV деңгей – жаншылуы және бүйректің түбінен жұлынып кетуімен сипаттады (қантамыр, несеп жолдараның закымдалуы)

Негізгі белгілері

• Айрықша белгілері гематурия (бүйректің жұлынып кетуінен басқа)

• Бел аймағындағы ауру, іш құысындағы аурулар

• Өте ауыр жарақатта – травмалық шок, көп қан жогалтуы мүмкін.

Диагностика жасау амалдары:

•ЖМК жағдайындағы диагностика жасаудың ең тиімді жолы УДЗ жасау

Емдеу :

•Ауыр жарақатта – ауруды шоктан шығарудың іс - шаралары, қан құю, қаналмастырғылар пайдалану

•Науқасты тез арада хирургия/урология бөліміне жеткізу

•I-II деңгейде науқасты урология бөліміне жатқызып, бақылауда ұстау.

•Бүйректің ашық жарақаттарына (оқ жарақаты, жарылған - кесілген жарақаттар) жатады.

Негізгі белгілері:

•жарақаттан кейінгі сокқы, қанның көп кетуімен анықталады. Алғашқы жәрдемнен соң тез арада науқасты аурухананың урология / хирургия бөліміне жатқызу.

ҚУЫҚ ЖАРАҚАТЫ

Куық жарақаты ашық және жабық болып бөлінеді.

Ашық жарақаттар оқ жарақаты, жарылған - кесілген жарақат

Жабық жарақаттар - тола күйктың жарылып кетуінен болатын іш - қуыс

жарақаты, оның жыртылуы, зәрдің іш -
куысына таралуы, жамбас сүйегінің си-
нуында болатын ішперде жарақаты.

Негізгі белгілері:

- анурия, олигурия, гематурия
- касаға үстінің ауыруы
- касаға үстіне пальпация жасағанда
ішперденің белгілері күштейеді
- жарақаттан кейінгі соққы.

Емдеу:

- куық жыртылмаған жарақатта 3-5
күн бойы бақылауда болуы керек
- іш - куысы жарақатында лапартомия,
ажырауларды тігу, эпицистома, тұрақты
катетер қойылады. Науқасты хирургия
немесе урология бөліміне жатқызу.

ОМЫРТҚА - ЖҰЛЫН ЖАРАҚАТАСЫ

Омыртқа - жұлышының зақымдалуы –
жұлышының зақымдалуының омыртқа-
ның зақымдалуы, жұлыш жарақатындағы
омыртқаның зақымдалуы, омыртқаның
орнынан жылжуы және жылжымауы;
омыртқа өсіндісі мен доғашықтарының
сынуы;

Түрлері: ауыр емес жарақаттар (жұлыш
омыртқасының және оның түбіршектер

жүйесінің зақымдалуынсыз) және асқынған жаракаттар, жабық жаракаттар (жұмсақ омыртқа тіндері мен терінің зақымдалуынсыз); ашық (жұлын омыртқасына енген және енбекен жаракаттар).

Көбінесе бұл жаракат түріне төменгі мойын және жоғары – кеуде омыртқа, гөменгі кеуде және жоғары - омыртқа жаракаты ұшырайды.

•ЖМК жағдайында мыналарды бекіту қажет: қанша және қандай омыртқаның зақымдалғанын, жұлын-омыртқасының қаншалықты зақымдалған (сезімталдығы және қимыл қозғалысы қандай дәрежеде, жүрек жұмысы мен тыныс алу жолдарының бұзылуы, жамбас ағзалары қызметінің бұзылуы) жаракаттан кейінгі соққының белгілерін анықтау.

Емдеу:

•Жаракаттан кейінгі соққыға қарсы іс-шаралар

•Омыртқаны иммобилизациялау - қатты зембіл, мойын корсеті

•Науқасты нейрохирургия бөлімшесіне жедел түрде жеткізу

БАССҮЙЕК МИ ЖАРАҚАТЫ

Бассүйек ми жарақаты – ашық, жабық, бассүйек куысына енетін және енбейтін болып бөлінеді.

ЖМК жағдайында ми шайқалуы кезінде бақылау мен сипатын анықтап жүргізу қажет (неврапатолог пен хирургтың кеңесінен соң).

•Әрі қарай науқас неврапатологтың бақылауында болуы тиіс.

•Ми шайқалғанда, мидың кіріккен жарақатында науқасты нейрохирургия бөліміне жіберу: зембілмен, мойын корсетімен.

•Алғашқы дәрігерлік көмек корсету: ауырғанды басатын дәрмектер салу, антибиотиктердің бірқолданбалы көп мөлшерін егу, сіреспе ауруына қарсы егу, заарсызданған таңғышпен орап тастау.

•Алғашқы хирургиялық өндөу неврологияның ошакты белгілері болмағанда, кірікпейтін жарақаттарда, бассүйегі жарақаты болмаған жағдайда ЖМК-де жүргізілуі мүмкін

ГЕММОРОГИЯЛЫҚ КОНГО - ҚЫРЫМ ҚЫЗБАСЫ

Гемморогиялық Конго - Қырым қызбасы - табиғи ошағы бар, жоғары температурамен өтетін жіті инфекция, қоздырғышы – нейровирустардың түрі арбовирус; қоймасы – ұсак сүтқоректілер; таратушылар – ixodidae тобының кенелері, ауру адамнан жұғуы мүмкін; көктем - жаз айларына тән;

Негізгі белгілері:

• Инкубациялық мерзімнің ұзақтығы 14 күн. Продромальды кезең аралығы 9 күн. Ауру дene қызуының тез арада көтерілуінен, қалтыраудан басталады. Дене қызуы ($38\text{-}40^{\circ}\text{C}$) дейін

• Бас ауруы, іш қуысындағы ауырсыну сезімі, бел аймағындағы, бұлшық сттердің ауруы, құсу сондай - ақ іш өтуі мүмкін.

• Бет, кеуде қуысының жоғары жағының қызаруы, жұтқыншақ гипермиясы, конъюнктивит, тіл құрғақ ақ - сұр түсті, Пастернацкий белгісі, елеусіз брадикардия, АҚ төмендеуі.

• Геморрогиялық мерзім 6 - 7 күннен соң басталады: іш терісі, кеуде қуысының сыртында, иық белдеуінде, білек, жамбас слекейлі қабықта - бөртпе, ал асқазан

